

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты**

**Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы**

**Бекітемін**  
**Академия бастығының**  
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**  
**з.ғ.д., профессор**  
**полиция полковнигі**  
\_\_\_\_\_ **З.С. Тоқыбаев**  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2018 жыл**

**Криминология пәні бойынша оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)**

**\_\_\_ Кр 2238 Криминология \_\_\_**  
**5В030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы**  
**бойынша құқық бакалавры**

**оқыту нысаны:** күндізгі  
**курс:** 2 курс  
**семестр:** 4 семестр  
**кредит саны:** 2  
**дәріс:** 15  
**семинар:** 15  
**тәжірибелік сабақтар:**  
**КООЖ:** 15  
**КӨЖ:** 45  
**Емтихан (сынақ):** емтихан

Қарағанды, 2018

«Криминология» пәні бойынша 5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған:

**К.Е.Дюсенов** қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

Кафедра мәжілісінде қарастырылды  
«\_\_» мамыр 2018 ж., № \_\_\_\_ хаттама

**Кафедра бастығы**  
**полиция полковнигі**

**С.Қ. Алтайбаев**

ОӘК мәжілісінде бекітілді  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 ж., №\_\_ \_\_ хаттама

## 2.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	«5В030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы
2. Курс, семестр	2 курс 4 семестр
3. Пән циклі	Криминология
4. Кредит саны	2 кредит
5. Сабақ өткізу орны	№1 дәріс залы, топтардың дәрісханалары
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі <b>Алтайбаев С.Қ.</b>
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі <b>Алтайбаев С.Қ.</b> Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушылары полиция майоры К.Е.Дюсенов, полиция капитаны А.Б.Курумбаева

**2.2 Пререквизиттер:** «Криминология» пәнін оқып білу үшін курсанттардың «Әлеуметтану», «Психология», «Педагогика», «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы», «Қазақстан Республикасы Азаматтық құқығы (Жалпы және ерекше бөлімдері)», «Азаматтық іс жүргізу құқығы», «Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару құқығы», «Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығы (Жалпы және ерекше бөлімдері)», сияқты пәндер бойынша теориялық білімдері болуы қажет және олардың қылмыс пен жаза, қылмыстық жауапкершілік негізі және қылмыстық жауапкершіліктен босату негіздері туралы түсініктері болуы керек.

**2.3 Постреквизиттер:** «Криминология» пәнін оқып білуді аяқтаған соң курсанттар криминологиялық терминологияларды жақсы меңгеріп, криминологиялық ұғымдар мен қылмыстық құқық ұғымын және категорияларын дұрыс ажыратуды үйреніп, әлеуметтік құбылыс ретіндегі қылмыстылық туралы негізгі криминологиялық теориялар мен концепцияларды, қылмыскер тұлғасын, нақты қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалу механизмін, қылмыстылық детерминанттарын жақсы біледі. «Криминология» курсының ерекше бөлімі шеңберінде курсанттар жалпы қылмыстылықты құраушы қылмыстылықтың түрлі секторларының ерекше белгілерін біліп, қылмыстылықтың сәйкес түрлеріне профилактикалық әсер ету ерекшеліктерін меңгерулері керек.

«Криминология» пәнін оқу барысында курсанттар статистикалық мәліметтермен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырып, қылмыстылықтың

сандық және сапалық сипатын, оның динамикасын есептеуді үйренулері қажет.

«Криминология» пәні бойынша теориялық материалдарды сапалы меңгеру қылмыстық-атқару құқығы мен гуманитарлық циклдағы басқа да ғылымдар бойынша негізгі курс пен арнайы курстарды білуге мүмкіндік туғызады.

**2.4 Пәнді қысқаша сипаттау:** Криминология курсы оқу пәні ретінде осы бағдарламада көрсетілген криминология ғылымының ережелеріне сәйкес жасалған және жалпы қоғам, сондай-ақ, әсіресе қылмыстылықтың алдын алу жағынан құқық қорғау органдарының алдында тұрған өзекті мәселелермен тығыз байланысты.

Қазақстанның және басқа елдердің жоғары оқу орындарында "Криминология" курсының оқыту тәжірибесінен аталған пән екі негізгі логикалық жағынан өзара байланысқан курсты енгізеді: Жалпы және Ерекше.

Жалпы бөлімге осы әлеуметтік-құқықтық ғылымның пәндік базасын құрайтын және оны зерттеудің теориялық шекарасын белгілейтін криминологияның теориялық-методологиялық, тарихи және әдістемелік аспектілерінің жиынтығы кіреді. Жалпы бөлімді меңгеруде курсанттар криминологияның негіздерін білу маңызды (негізгі түсініктері, криминология ғылымының жүйесі, оның тарихы, қылмыстардың алдын алудың жаңа теориялық жолдары, әдісі, заты), криминология затының ерекшеліктері (қылмыстылық, оның себептері мен жағдайлары, қылмыскер тұлғасы, қылмыстылықтың алдын алу, нақты қылмыстық тәртіптің механизмі), криминология пәнін құрайтын тану тәсілдері (криминологиялық зерттеулердің әдістемесі, қылмыстылықпен күресуді жоспарлау).

Ерекше бөлім Жалпы бөлімнің теориялық ережелеріне негізделген. Онда қылмыстылық пен қылмыстың (жастар, әйелдер, қайталанған, кәсіптік, топтық, ұйымдасқан, терроризм мен діни экстремизм, зорлық, пайдакүнемдік, абайсызда жасалған) жеке түрлерінің криминологиялық сипаттамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ шет елдердегі қазіргі қылмыстылық ерекшелігінде көрсетілген кейбір жаңа сапалы криминалдық процестер мен заңдылықтармен байланысты (экологиялық, жемқорлық, әскери).

Әр бөлімде оның мазмұнының ашатын, көлемін белгілейтін және криминологиядағы институттың алатын орны туралы білім алады.

Криминологияның Жалпы және Ерекше бөлімін ішкі мазмұны жағынан байланысты және қылмыстылық, оның себептері мен алдын алу туралы теориялық-методологиялық, тарихи және методологиялық білімдердің жиынтығы ретінде көруге болады.

#### **Пәннің мақсаты мен міндеттері:**

Пәннің мақсаты криминологияның негіздерімен таныстыру және қылмыстың алдын алуын үйрету.

Пәннің қылмыстың мәселесін ғылыми дәлелденген тұрғыда қарау, осыған қажетті әсер ететін, тұлғаларға қатысты қылмыстық құқықтық

жүгіну жолымен, қылмыс жасағандарға; қылмыстың жағдайын және пайда болу себептерін жоюға бағытталған қызметі.

Криминология курсының зерделеудің жоғарыда көрсетілген мақсаттары төмендегідей міндеттерді шешуге көмектеседі:

- қылмыстың әлеуметтік табиғатын түсіну,
- әр түрлі қылмыстың жасалуын себептері мен жағдайын пайымдау;
- қылмыс жасаған тұлғалардың ерекшелігін ашу;
- жеке қылмыстылық механизмін белгілеу
- қылмыспен байланысты жағымсыз әлеуметтік құбылыстарды , қылмыс туралы мәліметтерді талдау,
- белгілі бір аумақта немесе объектіге криминологиялық жағдайға баға беру,
- криминологиялық зерттеулер жүргізу
- осы жұмысты жоспарлау, нәтижені есептеу және баға беру.

## 2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Дәріс терге қатысу	Дәріс сабақтарының жоспарына сәйкес	Дәріс тақырыбына сай	Ағымдық бақылау	Дәрістерге қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға дейін	Кестеге сай	Әр сабақта
2.	Семинарлық сабақта ауызша жауап беру	Семинарлық сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинарлық сабақтың тақырыбына сай	ауызша сұрау, тестілер, жағдаяттық тапсырмаларды орындау	Семинарларға қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға дейін	Кестеге сай	Әр сабаққа
3.	КОӨЖ тапсырмаларды орындау	КОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	КОӨЖ сабақтың тақырыбына сай	Тапсырмалардың орындалуын тексеру	КОӨЖ-ге қатысу пайыздық мазмұны 100 баллға	Кестеге сай	КОӨЖ және семинарлық сабақта

	ау				дейін		
4.	Емтихан	Білімді жалпы лау тексеру	Пән тақырыбы на сай	Тестілеу	Емтиханд ағы жауабы пайыздық мазмұны 100 баллға дейін	Кестеге сай	Пән аяқталғ анынан кейін

**2.6. Курс саясаты** Әрбір курсант барлық оқу сабақтарына қатысуы тиіс, топта тақырыптарды талқылау барысында және топтық жұмыс кезінде белсенділік танытуы тиіс, үлгерім нашар басқа курсанттарға көмек көрсетіп, өзара әрекеттестік қарым-қатынасты жетілдіру керек.

Курсанттарға қойылатын талаптар сабақтарға қатысу, семинар сабақтарына жүйелі түрде дайындалу, КООЖ және КӨЖ бойынша тапсырмаларды тапсыру, рейтингті тапсыру, сабақ барысында белсенділікті көрсету, тапсырмаларды дер кезінде тапсыру, курстың жекелеген тақырыптарын, пәнді оқып білуде ынта-жігер көрсету негізінде жүзеге асырылады.

Курсанттардың дәлелсіз себептермен сабақтарды босатуына, сабаққа кешігіп келуіне, сабақ барысында ұялы телефонды қолдануға, оқытушыны және басқа да курсанттарды сабақтан алаңдататын қылықтар көрсетуіне, оқытушы және басқа да курсанттарға қатысты бейбастық пен дөрекілік көрсетуіне, тапсырмаларды орындамау немесе дер кезінде орындамауына, пәнді оқып білудің рұқсат етілмеген әдістемелерін қолдануға жол берілмейді.

Семестрде екі межелік бақылау өткізу қарастырылған. Межелік бақылау тест немесе бақылау жұмысы түрінде және өтілген тақырыптар көлемінде өткізіледі.

Емтихан тестілік нысанда немесе ауызша нысанда өткізіледі.

### **2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі**

№№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
<b>1. Нормативтік құқықтық актілер</b>		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (07.10.1998ж., 21.05.2007ж., 02.02.2011ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен).
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	2014 жылғы 03 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы.
3	Қазақстан Республикасының „Халық денсаулығы және	18.09.2009 ж. Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО»

	денсаулық сақтау жүйесі туралы“ Кодексі	РМК «Заң» МБ.
4	Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы Заңы	23 сәуір 2014 жыл. Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
5	Қазақстан Республикасының дағы «ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы» № 527-ІҮ ҚРЗ Заңы.	2012 жылғы 6 қаңтар (соңғы өзг. және толықтыр.). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
6	Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» № 267 – 1 ҚРЗ Заңы	1998 жылғы 2 шілде (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
7	Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңы.	1999 жылғы 15 наурыз, (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
8	Қазақстан Республикасының «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы,	1998 жылғы 30 желтоқсан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
9	Қазақстан Республикасының «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар және оларды заңсыз айналдыруға қарсы шаралар туралы» Заңы,	10.07.1998ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
10	Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы,	15.07.1996ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
11	Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы,	22.07.2011 ж. (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
12	Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-ІҮ Заңы	2010 жылғы 29 сәуір (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.

13	Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» № 416-І ҚРЗ Заңы.	1999 жылғы 13 шілде (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
14	Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 ҚРЗ Заңы.	2005 жылғы 18 ақпан (соңғы өзгертулерімен және толықтыруларымен). Қазақстан Республикасының ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
15	Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол»//	Егемен Қазақстан. Астана, 2014 жыл, 11 қараша.
16	Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14.12.2012 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 15.12.2012 ж.
17	Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. //	Егемен Қазақстан, Астана, 2014 жыл, 17 қаңтар.
18	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы.	Егемен Қазақстан, Астана, 2009 жылғы 28 тамыз.
19	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстар жөніндегі қылмыстық істерді практикасы туралы» нормативтік қаулысы, 13 желтоқсан 2001.	Қазақстан Республикасының ЖС Бюллетені, 2001 ж. № 12.
20	Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасының ЖС



	Жоғарғы Сотының Пленумының "Парақорлық үшін жауапкершілік жөніндегі заңды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" қауылысы, 22.12.1995ж.	Бюллетені, 1995 ж.
<b>2. Негізгі әдебиеттер</b>		
1	Р.Б.Құлжақаева, М.А.Қызылов, С.Қ.Алтайбаев. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы және оның алдын алу: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 87 бет.
2	С.Қ.Алтайбаев. Виктимология негіздері: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 77 бет.
3	С.Қ.Алтайбаев. Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған дін ағымдарының қысқаша түсіндірмесі: Ақпараттық-танымдық басылым.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 13 бет.
4	Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., «Ішкі істер органдарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу» Дәрістер жинағы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 78 бет.
5	Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология. Ерекше бөлім. Оқу құралы	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 256 бет.
6	Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н., Криминология» пәні бойынша практикум	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 50 бет.
7	Құлжақаева Р.Б., Жанхан Н. Қажетті қорғану: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2014 – 127 бет.
8	Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А. Ұйымдасқан қылмыстардың жауапкершіліктері: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015 – 74 бет.
9	Құлжақаева Р.Б., Мергембаев Д.А. ҚР Қылмыстық кодексінің жалпы	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы,

	бөлімі бойынша сызбалар альбомы	2014 – 104 бет.
10	Мухамадиева Г.Ж. Криминологическая характеристика фальшивомонетничества: Учебное пособие.	Караганда: Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им.Б.Бейсенова, 2013, - 70
11	Мухамадиева Г.Ж. Уголовно-правовая характеристика фальшивомонетничества: Учебное пособие.	Караганда: Карагандинский юридический институт МВД Республики Казахстан им.Б.Бейсенова, 2009, - 115
12	Криминология және қылмыстың алдын алу: Сызбалар альбомы Құрастырған: М.Қ.Ынтықбаев, С.Қ.	Алтайбаев. — Қарағанды: Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты, 2010. — 136 б.
13	Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. Криминология пәні бойынша практикум.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015.
14	Криминология: Дәрістер курсы (жауапты ред. И.Ш. Борчашвили).	Астана: Дәнекер, 2005.
15	Алауханов Е.О. Криминология: Оқулық. -	Алматы: Жеті жарғы, 2005.
16	Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану) Оқу құралы (Конспекті үшін). -	Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 120 бет.
17	Комментарий к Закону Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» /Под общ. Ред. И.И. Рогова, С.С. Молдабаева. –	Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2011. – 100 б.
18	Алауханов Е.О., Зарипов З.С. Профилактика преступлений. Учебник. –	Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 376 б.
19	Криминология. (ответ. ред. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж.) –	Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2004. – 336 б.
20	Криминология: Курс лекций / Под. ред. И.Ш. Борчашвили. -	Караганда: КарЮИ МВД Республики Казахстан им. Б.Бейсенова, 2002.
21	Криминология: Учебник.	ТОО «Қазығұрт» баспасы. – 2006. – 584с.
22	Каиржанов Е.И. Криминология (общая часть).	Алматы, 1995.

23	Жадбаев С.Х. Криминология. Краткий курс лекций. –	Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 144 с.
24	Абдрахманов С.З. Коррупционные преступления: Монография. -	Караганда: Изд-во КЮИ МВД Республики Казахстан, 2006.
25	Алауов Е.О. Проблемы правовой борьбы с вымогательством. –	Алматы, 1997.
26	Борчашвили И.Ш. Квалификация отдельных видов должностных преступлений.	Караганда. 1991.
27	Борчашвили И.Ш. Коррупционные преступления: закон, теория и практика.	Алматы: ЖЕТИ ЖАРҒЫ, 2009
<b>3. Қосымша әдебиеттер</b>		
1	Алтайбаев С.Қ. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жаза өтеу және жазадан босату кезінде түзелу дәрежесін бағалау мәселелері.З.ғ.к. дәрежесін алу үшін авторефераты.	Қарағанды, 2009 ж.
2	Ибраева А.Н. Уголовно-правовые и криминологические проблемы борьбы с насилием должностных лиц (статья 347-1 УК РК). 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Астана, 2008.
3	Кенбаев Ж.А. Психические аномалии и преступность: проблемы и предупреждение. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Қарағанды, 2008.
4	Ажиметова З.А. Кәмелетке толмағандардың зорлықпен жасалған қылмыстылығы (қылмыстық-құқықтық тәсілдері мен оның алдын алу аспектілері) 12.00.08 – Қылмыстық құқық	Алматы, 2008.

	және криминология; қылмыстық-атқару құқығы. Заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының авторефераты.	
5	Артықов Б.С. Предупреждение проявлений этнической преступности в РК. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Қарағанды, 2007.
6	Акылбай С.Б. Роль органов прокуратуры в профилактике корыстно-насильственной преступности. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Қарағанды, 2007.
7	Кайрулла Е.К. Проблемы виктимологии ненасильственных хищений чужого имущества. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Астана, 2005.
8	Жумабаев Е.Ж. Уголовно-правовая политика РК в сфере защиты прав человека. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно-исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Қарағанды, 2006.
9	Құлжақаева Р.Б. Проблемы уголовно-правовых мер в борьбе с преступностью, роль правового воспитания и правовой культуры в предупреждении общественного поведения (правовое воспитание на этике развитого социализма): Дисс.на	Қарағанды, 1982 г.

	соиск. учен.степ.канд.юрид.наук/ -	
10	Мұхамадиева Г.Ж. Фальшивомонетничество: уголовно-правовые и криминологические аспекты. 12.00.08 – уголовное права и криминология; уголовно- исполнительное право. Автореферат диссертации на соискание ученой степени к.ю.н.,	Қарағанды, 2007
11	Заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті проблемалары: Халықаралық ғылыми- теоретикалық конференцияның материалдары. / Жауапты редактор: з.ғ.к. Д.Т.Кенжетаев. -	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. – 410 бет
12	Жұмағали А. Криминология [Электронный ресурс]:Жалпы бөлім : дәрістер/ А. Жұмағали . - Электрон. текстовые дан.(27.3Мб) и Электрон. текстовые дан.(123Мб).	- Алматы: Нұр - пресс, 2004. - 1 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Электронная книга)
13	Криминология:[электронный ресурс] [Электронный ресурс]: учебник. - Электрон. текстовые дан.(4.28Мб). - Б.м.: [Без изд-ва], [Без года]. - 1 эл. опт. диск (CD- ROM)	
14	Ибраев А.З. Понятие, предмет и система криминологии. Лекция.	Костанай КВШ МВД Республики Казахстан 1999.
15	Фокс В.М. Введение в криминологию.	Москва,1980.
16	Герцензон А.В. Введение в советскую криминологию.	Москва,1965.
17	Жасубиев С.Т. История криминологии.	Костанай.2002.
18	Шнайдер Г.И. Криминология Учебник	М.,1994.
19	Антонян Ю.М., Блувштейн Ю.Д. Методы моделирования и изучения преступника и преступного поведения.	М., 1974.
20	Панкратов В.В. Методология и	М.,1972.

	методика криминологических исследований.	
21	Долгова А.И. Преступность и общество.	М.,1992.
22	Джекебаев У.С. Преступность как криминологическая проблема.	Алма-Ата.1971.
23	Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в Республике Казахстан.	Алматы 1999.
24	Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность	М., 1969.
25	Лунеев В.В. Преступность 20 века. Мировой криминологический анализ.	М., 1997.
26	Антонян Ю.М. Изучение личности преступника.	М.,1982.
27	Антонян Ю.М. Психологическое отчуждение личности.	Ереван.1987.
28	Кудрявцев В.Н. Личность преступника.	М., 1975.
29	Урмонас А.И., Босхолов С.С. Формирование личности преступника.	Минск 1987.
30	Антонян Ю.М. Роль конкретной жизненной ситуации в совершении преступления.	М.,1973.
31	Антонян Ю.М. Социальная среда и формирование личности.	М., 1975.
32	Номоконов В.А. Преступное поведение: детерминизм и ответственность.	Владивосток,1989.
33	Ривман Д. Я. Криминологическая виктимология.	С-Пб.,2002.
34	Чукмаитов Д.С. Криминологическое прогнозирование и планирование борьбы с преступностью.	Алматы. 1998.
35	Аванесов Г.А. Планирование и организация борьбы с преступностью.	М.,1992.
36	Всеобщая декларация Прав Человека от 10.12.1948.	
37	Декларация о правах ребенка от	

	20.11.1959.	
38	Каиржанов Е.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних.	Караганда 1989.
39	Ветров Н.И. Профилактика правонарушений среди несовершеннолетних.	М.,1990.
40	Каиржанов Е.И.,Накипов Б. Рецидивная преступность: состояние и профилактика.	Алматы 1996г.
41	Мауленов Г.С. Криминологическая характеристика организованной преступности.	Алматы 1997г.
42	Чукмаитов Д.С. Организованная преступность и коррупция. Их предупреждение.	Алматы 1998г.
43	Гуров А.И. Профессиональная преступность: прошлое и современность.	М.,1990г.
44	Чукмаитов Д.С. Применение уголовного наказания в целях предупреждения рецидивной преступности.	Алматы 1997г
45	Қызылов М.А. Қызметтік жалғандық жасау. З.ғ.к. дәрежесін алу үшін авторефераты. -	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң институты, 2004.
46	Барсукова Р.А. Уголовно-правовая борьба со служебным подлогом: Автореферат. дис. к.ю.н. – Караганда.	Изд. КЮИ МВД Республики Казахстан, 2002.
47	Тургумбаев Е.З. Уголовная ответственность за превышение власти или должностных полномочий. Учебное пособие.	Алматы. 2004.
48	Сейтхожин Б.У. – Квалификация коррупционных преступлений: Теория и практика применения.	Караганда, 2014.
<b>4. Ғаламтор көзі</b>		
1	<a href="http://adilet.zan.kz/rus">http://adilet.zan.kz/rus</a> Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Web-сайты	
2	<a href="http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii">http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii</a> Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты	

3	<a href="http://www.mvd.kz">www.mvd.kz</a> – Қазақстан Республикасының ІІМ ресми Web-сайты
4	<a href="http://prokuror.kz">http://prokuror.kz</a> - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты
5	<a href="http://pravstat.prokuror.kz/">http://pravstat.prokuror.kz/</a> - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты
6	<a href="http://www.zakon.kz">www.zakon.kz</a> - Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты
7	<a href="http://stat.kz">http://stat.kz</a> - Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің ресми Web-сайты
8	<a href="http://prg.kz/">http://prg.kz/</a> - «Параграф» ақпараттық жүйесі

## 2.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

Тақырып саны	Тақырыптың аталуы	Кредит саны (сағат)	Аудиторлық сағат				ҚОӨЖ ауд.	ҚОӨЖ ауд. емес	ҚӨЖ
			Дәріс	Семинарлық сабақ	Тәжірибелік сабақ				
1	Криминология заты, әдістері және жүйесі	6	1	1		1		3	
2	Қылмыстылық және оның негізгі сипаттамасы	6	1	1		1		3	
3	Қылмыстылықтың себептері	6	1	1		1		3	
4	Қылмыскердің жеке тұлғасы	6	1	1		1		3	
5	Жәбірленушінің жеке тұлғасы. Виктимологияның криминологиялық аспектілері	6	1	1		1		3	
6	Қылмыстарды ескерту бойынша криминологиялық теорияның жалпы сипаттамасы	6	1	1		1		3	
7	Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістері	6	1	1		1		3	
8	Кәсіби қылмыстылық және оны ескерту	6	1	1			1	3	
9	Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оны ескерту	6	1	1			1	3	



10	Әйел адамдардың қылмыстылығы және оны ескерту	6	1	1			1	3
11	Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылық және оны ескерту	6	1	1			1	3
12	Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылық, оларды ескерту	6	1	1			1	3
13	Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстылық және оны ескерту	6	1	1			1	3
14	Терроризммен және экстремизммен байланысты қылмыстар және оны ескерту	6	1	1			1	3
15	Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық және оны ескерту	6	1	1			1	3
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>90</b>	<b>15</b>	<b>15</b>			<b>7</b>	<b>8</b>
								<b>45</b>

## 2.9. Сабақ жоспары.

### Дәріс сабақтары

#### 1-тақырып

#### Криминология заты, әдістері және жүйесі

Дәріс – 1 сағат

#### Сұрақтары:

1. Криминология түсінігі, заты және әдісі.
2. Криминология жүйесі, оның басқа ғылымдармен арақатынасы.
3. Криминология әдістемелігі мен міндеттері.

#### ДӘРІС ТЕЗИСІ

Криминология қылмыстылықтың мәнін және қалпын, оның өзгеру заңдылығы мен себептерін, қылмыскердің жеке тұлғасын, қоғамға қарсы көзқарастар мен бағыттарды қалыптастыратын факторларды және қылмыстылықтың алдын алу жолдары мен тәсілдерін зерттейтін ғылым болып табылады.

Криминология пәні қылмыстылық, қылмыстылықтың себептері мен шарттары, қылмыстылықтың алдын алу секілді үлкен элементтер кешенінен тұрады. Біздің елімізде криминология құқықтану шеңберінде пайда болып, қылмыстық құқықтық саладағы жалпы теориялық ғылым ретінде дамыған. Криминологияның орны қылмыстық құқық емес саладағы құқықтық

ғылымдар жүйесінде, сол сияқты криминология социология, психология, статистика, демография және басқа да қоғамдық, нақты жаратылыстану ғылымдарымен арақатынаста игерілуі керек. Криминология жүйесін оның пәнін құрайтын өзара байланысқан белгілі бір тәртіптегі элементтер жиынтығы ретінде қарастыру керек.

Қолданыстағы заңнамада қылмыстылықтың шектері көрсетілген, бірақ криминологиялық зерттеу шектері одан ауқымды болып келеді. Қоғам мен заңнама өзгергенде қылмыс және қылмыс емес әрекеттер мазмұны мен шектері де өзгереді. Криминологтар да басқа ғалымдар секілді қоғамдық қауіпті әрекетті қылмыстандыру (криминализациялау) және бұрын қылмысты әрекет саналған іс-әрекеттерді ондайлардың қатарынан алып тастауға (декриминализациялауға) себін тигізеді.

Криминологияның Жалпы бөліміне ғылым және тәжірибе үшін қажетті алғашқы ережелер енгізілген, Ерекше бөлімін қылмыстылықтың нақты көріністеріне қатысты қолданылатын криминология пәнінің негізгі элементтерін зерттеуші жеке криминологиялық теориялар құрайды.

«Криминология» термині латынның «сгімен» - қылмыс және гректің «logos» - ілім сөздерінен құралып, тура аудармасында қылмыс туралы ілімді білдіреді. Дегенмен, мұндағы қылмыс деп отырғаны нақты жасалған қылмыс емес, ол осы секілді құбылыстарды жинақтайтын ұғым. Сондықтан оны «қылмыстылық» сөзінің мағынасында түсіну керек. Криминология – бұл әлеуметтанымдық құқықтық, пән аралық ғылым, сонымен бірге заңнаманың кешенді саласы.

Криминологияның шығу тегі мен түсінігінің не қоғамдық, не құқықтық, не жаратылыстанымдық екендігі жайлы даулар әлі күнге дейін жалғасып келеді. Криминологияның англосаксондық жүйесінде оны социологияның бір бөлігі деп қарастырады, сондықтан ол әлеуметтанымдық колледждерде оқытылады. Континентальдық доктринада криминология қоғамдық және жаратылыстанымдық ғылымдар арасындағы пән аралық ғылым ретінде қарастырылады. Италияндық ғылымда басты акцент криминологияның биологиялық қырына аударылса, француздарда адамдағы психологиялық және психиатриялық аномалияларға байланысты клиникалық қырына аударылады. Германияда екі бағыт қабаттаса жүрген – биологиялық және әлеуметтанымдық, дегенмен соңғысының үстемдігі айқын көрінеді.

Отандық криминологияның кеңестік кезеңінде криминологияның жаңа ғана аяқ басып келе жатқан 1963-жылы кеңестік криминологияның негізін қалаушылардың бірі профессор А.А.Герцензон криминология қылмыстық құқықтың құрамдас бөлігі деген болатын. Әйтсе де, криминология қазіргі кезде басым көпшілігінде заңгерлер тарапынан игеріліп отыр, әрі ол тек заңгерлік білім жүйесінде ғана оқытылып келеді. Формальды түрде ол қылмыстық құқық пен қылмыстық атқару құқығымен рәсімделген. Дегенмен, оған қарамастан криминологияның өзіндік дербес зерттеу заты, әдістері мен категориялары тиянақталған. Криминология қылмыстылықты әлеуметтік аспектіде түсінуге бел байлаған; ол

қылмыстылықты адамзат тарихымен ұштаса жүретін әлдебір қоғамдық үрдіс ретінде қарастырады.

Әдебиеттерде криминологияның зерттеу заты әралуан анықталады. Атап айтсақ, А.А.Герцензон «Введение в советскую криминологию» атты еңбегінде оған «қылмыстылықты, оның себептерін зерттеу мен қылмыстылықтың алдын алу шараларын әзірлеуді» жатқызады. 1966-жылы криминология бойынша жарияланған алғашқы оқулықта ол қылмыстылық көрсеткіштерімен, оның көрініс беру формаларымен, жай-күйімен және динамикасымен толықтырылған. Арада он жыл өткен соң криминология затына қылмыскер тұлғасы қосылды. Бірқатар ғалымдар криминология затына қылмыстылықты зерттеу әдістерін дайындауды да жатқызады – криминологиялық әдістемені, қылмыстылықты болжауды, оған қарсы күресті жоспарлауды, ауытқушы мінездің қылмыстық емес формаларын, әрі оларға байланысты «фондық» құбылыстарды.

Криминология затын дұрыс түсініп, оны мазмұны мен шектерін дұрыс анықтау үшін, сол сияқты криминологияның басқа ғылымдармен арақатынасын дұрыс анықтап алу үшін криминология затын оның объектісімен салыстырып, аражігін айқындап алған жөн.

Социологияда объект деп танылып жатқан және әлі де болса танылып бітпеген нәрсені айтады. Зат деп әлдеқашан айқындалған, белгілі бір қырынан бекітілген, алайда әрі қарай зерттеуге жататын нәрселерді, құбылыстарды, үрдістерді айтады.

Осы айтылған тұрғыдан келер болсақ, криминология объектісін қылмыстылық және оны туғызатын себептерді бейтараптандырып, олардың шарттарын реттеуге бағытталған әлеуметтік шараларды қолдануға байланысты адамзат қызметі құрайды. Криминология заты болса аталған объекттердің нақты қырлары мен көріністері болады. Қазіргі кезде криминология затына қылмыстылықты, оның себептері мен шарттарын, сонымен қатар нақты қылмыстың себептері мен шарттарын, қылмыскер тұлғасын зерттеу, қылмыстылықтың және нақты қылмыстардың алдын алу шараларын әзірлеу жатады. Олар криминология затының негізгі элементтері. Дегенмен олар ғылым затын біржолата айқындай алмайды. Сонымен бірге, олар қылмыстылықты талдау әдістемесі, қылмыстық емес, қоғамға жат мінез, криминологияның даму тарихы, жеке криминологиялық теориялар сияқты институттарды қамтиды.

Жеке криминологиялық теориялар деп қылмыстылықтың жеке түрлерінің заңдылықтары мен оларға қарсы күресті баяндайтын қылмыстылықтың айтарлықтай дербес проблемаларын айтады. Осындай жеке криминологиялық теориялар қатарына қылмыстардың жеке түрлері мен қылмыстық мүнез үлгілерінің (күш қолданумен жасалатын қылмыстылық, пайдакүнемдік қылмыстылық, абайсыздағы қылмыстылық және т.с.с.) криминологиясынан басқа мыналар жатады: кәмелетке толмағандар мен жастардың, әйелдер мен рецидивтік қылмыстылықтың криминологиялық аспектері; қала және ауыл, тұрмыстағы және бос уақыттағы қылмыстылық. Криминологиялық проблемалар қылмыстан жәбір шеккен адамдардың

мінездерін, отбасындағы қатынастарды зерттегенде де пайда болады (виктимология).

**Семинар – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Криминология түсінігі мен зерттеу заты. Криминологияның басқа пәндермен арақатынасы. Криминологиядағы жаңа бағыттар.
2. Криминология жүйесі.
3. Криминологияның дамуының негізгі сатылары.
4. Криминологиялық зерттеу әдістемесінің жалпы сипаттамасы.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Игерілген материалдар негізінде отандық криминология ғылымына сипаттама беру керек, криминологияның тәжірибелік маңыздылығын айқындау.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында криминология туралы түсінік, осы ғылымдағы пәннің негізгі элементтері, оның міндеттері, криминология жүйесінің пәнге тәуелділігі, криминология пәні мен қылмыстық құқық пәнін шегі, криминологияның басқа заң ғылымдарымен және қолданбалы социологиямен, экономика ғылымымен, статистикамен, психологиямен, педагогикамен, демографиямен және математикамен байланысын көрсету.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Кескінді-талдау әдісін пайдалана отырып, криминологияның сызбалық пәнін бейнелеңдер. Оның басты мақсатты элементін айқындандар және өз таңдауында негізде. Заң және қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі криминологияның орнын кескін арқылы бейнелеңдер. Криминологияның міндеттерін атап көрсетіндер. Криминология курсының мазмұны мен жүйесін сызба түрінде (схема) бейнелеңдер. Криминологияның оқу курсы қанша бөлімге бөлінеді?

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Курсанттар криминологияның міндеттерін атап көрсету, криминология курсының мазмұны бойынша жауап беру барысында аудиторияға түсінікті болатындай етіп жеткізу керек. Бұл жағдайда курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну пайымы қалыптасады.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Криминологияның негізгі функцияларын атап өтіңдер және сипаттама беріндер. Келешектегі қылмыстың өзгеру үрдістері мен заңдылықтарын зерттеп-үйрену кезінде оның жетекші рөлі қандай функция атқарады? Криминология ғылымының әдістемелік негізі болып не саналады?

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстылықты зерттеуде криминологиялық тұрғыдан келудің ерекшелігі неден тұрады?

2. Криминологияның әдістемелік негізі не болып табылады?
3. Криминология үшін философиялық заңдылықтар мен өлшемдер мәні қалай негізделеді?
4. Криминологияның жедел іздестіру қызметінің теориясы мен тәжірибесінің байланысы қалай танылады?

### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 12,13,14,15,16,17,18 әдебиеттерді қараңыз.

## **2-тақырып**

### **Қылмыстылық және оның негізгі сипаттамасы**

**Дәріс – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылық түсінігі және оның негізгі белгілері.
2. Қылмыстылықтың санды және сапалы сипаттамасы.
3. Латентті қылмыстылық.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Таптық қоғамда пайда болған қылмыстылық тиісті бір қоғамдық қауымдастықта өзіне тән нысандарға ие болды. Қылмыстылық қоғам үшін объективті түрде ғана қауіпті емес, гуманистік қағидаларға кереғар әлеуметтік үрдіс болып табылады.

Таяудағы уақытқа дейін арнаулы әдебиеттерде қылмыстылық тиісті бір мемлекетте белгілі бір кезеңде жасалған қылмыстардың жиынтығынан қалыптасатын жаппай бұқаралық, тарихи, өзгермелі, әлеуметтік қылмыстық-құқықтық сипатқа ие таптық қоғамдағы құбылыс деп түсіндіріліп келді.

Тіпті, «қылмыстылық» өзінің құрамына әралуан күтпеген, кездейсоқ, төтенше құбылыстар жиынтығын топтастыратын болғандықтан, оның жалпы ұғымына күдіктер білдірілгені де ақиқат.

Қылмыстылық жекелеген қылмыстардың жиынтығын құрамайды дейтін болсақ, оның «дербестігі» өзіне тән белгілі бір жағдай мен мән-жайларға байланысты болар еді.

Бәрінен бұрын айтқанда, қылмыстылық – жалпы әлеуметтік жағдайлардың ерекшеліктеріне бағынышты заңды құбылыс, сонымен қатар жекелеген қылмыстар белгілі бір жағдайға байланысты туындап және кездейсоқтық сипатқа ие болады.

Қылмыстылықтың дербестігі оны құрайтын жекелеген қылмыстарға байланыстылығы оның мазмұнынан, сондай-ақ оның қоғамға қауіптілігінен байқалады. Н. Ф. Кузнецованың «қоғамға қауіптілік» белгісінің «қылмыстылық» ұғымының анықтамасына енгізілмеген дегеніне келісуге болмайды. Қоғамға қауіптілік – осы құбылыстың әлеуметтік мәнін көрсететін

қылмыстылықтың ең негізгі белгілерінің бірі. Мұнымен бірге, ол жекелеген қылмыстың қоғамдық қауіптілік «қосындысына» қосылмайды, дербес мазмұн мен мағынаға ие болады. Айта кету керек; әлеуметтік жағдай ғана қылмыстылыққа әсер етпейді, сол сияқты қылмыстылық та әлеуметтік жағдайға кері әсерін тигізеді.

Сонымен қатар, қылмыстылықтың қоғамдық қауіптілігі мынада, бұл құбылыс (жекелеген қылмыс емес) қоғамның әлеуметтік дамуын тежейді және оның алдында тұрған міндеттерін шешуге қиындық тудырады.

Кейбір ғалымдар қылмыс пен қылмыстылыққа сапасы жағынан әрқилы құбылыс деп қарау жөнінде пікір айтады. Мұндай тұжырыммен келісуге болмайды, өйткені мұндай ойлар қылмыс пен қылмыстылықтың арасындағы байланыстарды үзіп оны жоққа шығарады және осы ұғымдарды абстрактілі теорияға айналдыруға итермелейді.

Қылмыстылықтың мәнін жекелеген қылмыстардың жиынтығы арқылы ғана танып-білуге де болмайды. экономика, идеология, мәдениет, әлеуметтік психология және сол сияқты салалардың қайшылықтарынан туындайтын әлеуметтік шындықтың басқа да құбылыстарын ескеру қажет. Тоқ етерін айтқанда, қылмыссыз қылмыстылық болады деп ой тұжырымдауға мүлдем болмайды (А. Б. Сахаров, Д. Блувштейн, А. М. Яковлев).

Қылмыстылық – бұл өзінің бойына белгілі бір қоғамда белгілі бір кезеңде жасалған, белгілі бір сандық және сапалық көрсеткіштермен (жай-күйі, деңгейі; қозғалысы, құрылымы, сипаты және басқалары) сипатталатын барлық қылмыстардың жиынтығын шоғырландырған әлеуметтік-құқықтық құбылыс.

Қылмыстылықтың келесідей тектік белгілерін бөліп көрсетуге болады: тарихи өтпелі және құбылмалы сипаты, антогонистік таптардың болуы, әлеуметтік-құқықтық табиғаты.

Қылмыстылық тек қана қоғамда орын алады және ол тек қана әлеуметтік себептерден туындайды. Қылықтарды рұқсат етілген және тыйым салынған деп бөлудің, белгіленген тыйым салуды бұзғаны үшін жазалаудың өзі тіптен әлеуметтік феномен. Осыған байланысты осындай бөлушілік пен оны бұзушыға деген жауаптылық шарасын белгілейтін қылмыстық заңда осы әлеуметтік себептерге орай пайда болды. Қылмыстық-құқық саласында қалайда қателіксіз төрелік етудің, соның ішінде қандай қоғамның (билік етуші таптың ба) мүддесін қорғау жөнінде белгіленген шек пен өлшем жоқ. Осыған орай, қылмыстық заң қоғамдық-саяси жүйеге зиян келтіретін кез келген іс-әрекетті қылмыстық (және жазаланатын) деп санайды.

Қылмыстылық — нақты-тарихи құбылыс. Ол адамзат қоғамы дамуының белгілі бір кезеңінде пайда болған, оның тууы жеке меншіктің, қоғамды тапқа бөлудің тууымен және мемлекеттік биліктің пайда болуымен және қоғамдық қатынастардың жетілдірілуімен байланысты.

Қылмыстылық анықтамасында көрсетілген жалғыз-ақ тектік белгі — ол мемлекетте (аймақта) жасалған барлық қылмыстардың жиынтығы. Қылмыстылықтың мәнді белгісі — оның қылмыстық-құқықтық сипаты. Осы

белгі ғана қылмыстылықты құқық бұзушылықтар мен келеңсіз құбылыстардың жиынтығы екендігін көрсете алады.

Криминология ғылымы кейбір ғалымдардың құқықтық және моралдық нормаларға қайшы келетін қылмыстылық ұғымына көрінген қылық-әрекеттерді тықпалайтын тұжырымдарын жоққа шығарады.

Көрініп тұрғанындай, «қылмыстылық» ұғымы мұқият зерттеу мен зерделі көзқарасты талап етеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы құқықтық реформасының Мемлекеттік бағдарламасында осы құбылыстың анықтамасын қазіргі жағдайға лайықтап белгілеу қажеттігі де айтылған.

Қылмыстылықтың сандық және сапалық қасиеттермен сипатталады. Қылмыстылықтың сандық көрсеткіштері деңгейі мен қозғалысы (динамикасы) болып табылса, сапалығы – оның құрылымы болып табылады. Бұл көрсеткіштер бір-біріне байланысты әрі бір біріне бағынышты. Осылардың біреуі өзгерсе жалпы қылмыстылықты тұтастай өзгеріске ұшыратады.

Қылмыстылықтың бәріне бірдей сипаттама – олардың жай-күйі.

Қылмыстылықтың жай-күйі – бұл белгілі бір аумақта, белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың және оларды жасаған адамдардың сандық көрсеткіші.

Коэффициенттер әкімшілік-аумақтық бірлігі мен халқының саны әртүрлі жерлердегі, сондай-ақ әртүрлі кезеңдегі қылмыстылық көрінісін және ондағы өзгерістерді салыстыруға жағдай туғызады.

Сонымен бірге, қылмыстылықтың деңгейін нақтырақ анықтау үшін барлық халықты санамай-ақ, қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жасаған қылмыстары үшін жауапқа тартылады ау деген белгілі бір жастағы адамдар тобын ғана алуға болады.

Қылмыстылықтың құрылымы оның ішкі мазмұнын ашады, қылмыстық-құқықтық, криминологиялық, әлеуметтік-демографиялық және басқа түрлі топтық белгілермен көрінетін белгілі бір аумақта белгілі бір кезең ішінде жасалған қылмыстар мен жекелеген қылмыс түрлерінің арасындағы арақатынасты бейнелейді.

Қылмыстылықтың құрылымын анықтаудың негізгі бірнеше жолдары бар.

Біріншіден, қылмыстылыққа кеңістік-уақыттық құрылым тән. Қылмыстылықты құрайтын іс-әрекеттер қалай дегенмен белгілі бір кеңістікте және белгілі бір уақытта (мысалы, тәуліктің мезгілі, аптаның күні және басқа) жасалады.

Екіншіден, қылмыстылықтың құрылымын іс-әрекеттердің қауіптілігінің әрқилы дәрежесін негізге ала отырып ашуға болады. Осыған байланысты қылмыстылықтың – аса ауыр қылмыс, ауыр қылмыс, орташа ауырлықтағы қылмыс, онша ауыр емес қылмыс сияқты элементтерін айырып көрсету негізге алынады.

Үшіншіден, қылмыстылық құрылымында қылмыстық қол сұғу объектісі мен кінәлінің жасалған әрекетке психикалық қатысы сияқты маңызды қылмыстық-құқықтық белгілерін қарастыруға болады.

Қылмыстылық құрылымы өзінің көлемі жағынан конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы бағытталған қылмыс, меншікке қарсы, адамға қарсы қылмыс түрлері жиынтығымен көрінеді.

Психикалық қатыстылығы жағынан қылмыстылықтың қасақаналықпен және абайсыздықпен жасалған қылмыс деген екі құрылымдық элементі (түрі) орын алады.

Төртіншіден, қылмыстылық элементтерін кінәлі адамның белгілері бойынша айыруға болады. Мұндай белгілердің қатарына қылмыскердің жынысы, жасы, бұрын сотталғандығы, қылмысты бірінші рет және бірнеше қайталап жасауы, әлеуметтік жағдайы және басқалар жатады.

Ішкі істер органдарының алдын алу жұмыстары тұрғысынан алғанда қылмыстылықтың құрылымдық элементтерін әлеуметтік өмірде, тұрмыста, демалыс кезінде, өндірістік қызметте жасалған қылмыстар бойынша айыру ерекше орын алады.

Қылмыстылықтың сипаты аса қауіпті деген қылмыстардың санымен және қылмысты жасаған адамның мінез-құлық сипатымен анықталады. Осы көрсеткіштер тұрғысынан алғанда криминалдық кәсіби шеберлік, ұйымдастырушылық, жағдаймен санасушылық және басқа да сапалық қасиеттер анықталады.

Қылмыстылықтың жай-күйі, деңгейі, құрылымы қозғалыспен талдануға тиіс.

Қылмыстылықтың қозғалысы – бұл белгілі бір уақыт ішіндегі өзгеріс барысы, оның айырылмас қасиеті.

Қылмыстылық қозғалысы белгілі бір уақыт ішіндегі қылмыстылықтың өзгеруімен өлшенеді. Ол төмендегідей үш факторға байланысты:

Бірінші фактор – қылмыстылыққа себеп болатын белгілі бір әлеуметтік үрдістердің қозғалысы.

Екінші фактор – қылмыстық заңнамалар өзгерістерінің көлемі мен сипаты (егер жаңа іс-әрекеттер қылмыс деп танылатын болса, қылмыстылық өседі, ал егер қылмыстық қасиеті кемісе – төмендейді).

Үшінші фактор – қылмысты әшкерелеудегі құқық қорғау органдарының белсенді құлшынысының артуы.

Статистика нақты қылмыстылық туралы толық мәліметтер келтіреді, өйткені оның көлеңкесінде осы әлеуметтік құбылыстың жасырын жағына қатысы бар кейбір қылмыстар тіркелуге ілікпей қалып, жасырын қылмыстарды құрайды.

Жасырын қылмыстылық – бұл нақты бір жерде және уақытта әшкереленбей немесе қылмыстық статистикаға тіркелмей қалған қылмыстар мен оларды жасаушы адамдардың жиынтығы.

Жасырын қылмыстылық деңгейін төмендетудің жолдары:

халық арасында құқықтық насихат жүргізу;

қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында анықтау жүргізетін адамның, тергеушінің, прокурордың және соттың жәбірленушіден табыс көздерінің қандай жолмен келгендігін түсіндіруін талап етуге тыйым салатындай норма енгізу;



қылмыс туралы мәлімдемегені үшін қылмыстық-құқықтық санкция қолданудан бас тарту;

қылмыстық кодекске жасалған қылмыс жайында өз еркімен мәлімдегені және өзі жасаған іс-әрекетінің зиянды зардаптарын орынына келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатуға кепілдік беретіндей арнайы норма енгізу.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылық ұғымы.
2. Қылмыстылықтың сандық және сапалық көрсеткіштері.
3. Қылмыстылық себебі теориясы.
4. Латентті қылмыстылық.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қылмыстылық түсінігіне криминология әдебиеттерінде берілген анықтамаларға талдау жасап, оларды салыстырыңыз.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында қылмыстылықтың ұғымын, оның тарихи шартталған және өзгертіндігін, әлеуметтік және қылмыстық-құқықтық сипатын, қылмыстылықтың қылмыспен қарым қатынасын қарастыру керек.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Қылмыстылық түсінігі. Оның негізгі белгілері, сипаты, тарихи байланысы мен өзгерушілігі. Қылмыстылық - әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Оның қоғамдық қауіптілігі және салыстырмалы түрде бұқаралығы, жаппайлығы, көп болуы. Қылмыстылық – статистикалық жиынтық ретінде. Қылмыс және қылмыстылық, олардың арақатынасы.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырмаларды орындап, нақты ахуалдарды бағалап, кескіндеме мен сызбаларды құрастыра отырып қылмыс және қылмыстылық, олардың арақатынасын анықтау. Жауап беру барысында аудиторияға түсінікті болатындай етіп жеткізу керек.

**КӨЖ – 3 сағат**

#### **Тапсырма:** Төменде келтірілген қылмыстардың қайсысы:

- 1) төмен латенттілік;
- 2) баяу;
- 3) орта;
- 4) жоғарыға жататынын атап көрсетіндер. Неге екенін түсіндіріңдер.

Қылмыс түрлері: кісі өлтіру, ұрлық, тонау, зорлау, су жануарларын және өсімдіктерді заңсыз алу, өндіру, заңсыз аңшылық, кәметке толмағандарды қылмыстық әрекетке тарту, алаяқтық, қоғамдық міндеттерді

орындаудан жалтарушылық, баланы ауыстырып алу, балаларды және еңбекке қабілетсіз ата-аналарды ұстауға арналған қаражаттарды төлеуден қасақана жалтару, қылмыстық жолмен өндірілген мүлікті алу немесе өткізу.

Латенттік қылмыстылықтың ашылу әдістерін атап көрсетіңдер.

Белгілі бір тұлға оған белгілі қылмыс туралы хабарламайтын жағдаяттың криминогендік сипатын ашыңдар.

#### **Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Латентті қылмыстылық дегеніміз не, оның түрлері және теріс зардаптары?

2. «Қылмыстылықтың құны» дегеніміз не?

3. Сотталғандардың қай жасынан бастап қылмыстылықтың коэффициенті анықталады? Қылмыстық жауаптылық жасын қарамай қылмыстылық коэффициентін шығаруға бола ма?

4. 450 мың тұрғыны бар аймақта 14 жастан асқандары 85% құрайды, егер 2014 жылы сол аймақта 1800 қылмыс тіркелсе қылмыстылықтың коэффициенті қанша болатынын анықтаңыздар.

#### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

### **3-тақырып**

#### **Қылмыстылықтың себептері**

**Дәріс – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылық себептерінің ұғымы.
2. Қылмыстылық себептерін саралау.
3. Себептіліктің негізгі теориясы.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Себептілік – бұл себеп пен салдар сияқты екі құбылыстың арасындағы объективті, жалпыға бірдей генетикалық байланыс. Себептілік үрдісі жүйелі түрде уақытқа байланысты дамиды, ал себеп қашанда салдардың алдында болады. Мінез-құлық нормалары мен құндылықтар туралы мағлұматтар адамдар мен жеке тұлғаларда дүние таным мен психологияны қалыптастырып, ақпараттың әрқилы көздері мен жолдары арқылы игеріледі.

Себеп-салдар байланыстарын зерттеуде шексіз «себеп-салдар» буындарын айырып алу жүзеге асырылады. Мұндай айырып алу белгілі бір әрекеттестікті тура анықтаудың ең жақын деген себептерін жүйесін түсініп-білуге мүмкіндік туғызады.

«Себеп-салдар» әрекеттестігі жағдайға, яғни оның «ортасын» құрайтын, оларға қосылып және олардың белгілі бір дамуын қамтамасыз ететін құбылыстардың, мән-жайлардың жағдайына байланысты. «Себеп-салдар» әрекеттестігі қажетті жағдайлардың жетілікті жиынтығымен жүзеге асырады. Қылмыстылықтың себептілік механизмінде себеп салдарды

туғызады, ал жағдай оған ықпал етеді. Бұл жерде әңгіме олардың қандайда болмасын әрекеттері міндетті байланыста болуы жөнінде болып отыр. Қылмыстылық тудыратын себептер мен жағдайлар кешенінің біріккен әрекеттері криминогендік детерминант деп аталады.

Әлеуметтік құбылыстардың себептілігі түсініктемесі себептіліктің негізгі әдістемелік ұғымынан туындап, оның қоғамдағы әсіресе төмендегідей ерекшеліктерін ескереді:

а) себеп-салдарлық заңдылықтардың екі типін: динамикалық және статистикалық;

б) әлеуметтік детерминацияны зерттеу кезінде жүйелі әдіс міндетті;

в) әлеуметтік детерминанттың мазмұны әсіресе қоғамдағы қарама-қайшылықтармен және оны тиімді шешумен анықталады.

г) әлеуметтік құбылыстар қоғамдастық, қауымдастық (топ) және тұлғалар деңгейіндегі әртүрлі қызмет жүйесін көрсететін болғандықтан соңғы нәтижесінде қызмет немесе әрекет сипатын таңдау адамдардың сұранысымен, қызығушылығымен және себептерімен анықталады.

д) әлеуметтік детерминацияны талдау тарихи әдістерді қолдануды қажет етеді, яғни өткендегіден қазіргіге дейінгі және қазіргідегіден келешектегі даму барысындағы құбылыстарды танып-білу қажет, мұның өзі детерминация жөнінде мағлұматтар беріп қана қоймайды, сонымен бірге оның алдағы дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Детерминация процесін детерминанттардың өздері – қылмыстылықтың себептерімен, жағдайларымен, коррелянтарымен шатастырып, араластыруға болмайды. Детерминация – диалектикалық заңдылық, сондықтанда ол әлеуметтік бейтарап. Детерминациямен күрес мүмкін емес. Мәселен, орта мен тұлғалардың әрекеттестігіне қарсылықты күшейтуге бағдарланған алдын алу бағдарламасын ойластыру мүмкін емес шығар.

Қылмыстылықтың себептері мен шарттары – қоғамдық экономикалық қауымдастыққа және сол мемлекеттің өзіне тән салдары ретінде сәйкес келетін қылмыстылықты анықтайтын теріс жүйе.

Қылмыстылықтың себептері мен шарттары өзінің пайда болу тегі мен мәні бойынша әлеуметті. Олар қашанда қоғамдағы әлеуметтік қайшылықтар арасынан орын алады. Мазмұны жағынан бұлар теріс бағытты, адамдардың, қоғамның, мемлекеттің мүдделерімен санаспайды. Позитивті, яғни оң пиғылды әлеуметтік құбылыстары алдын алу шаралары жүйесі қатарынан орын алады.

Криминогенді детерминанттар біршама тұтастай жалпыны (жүйені) құрайды. Бұған қылмыс топтарының (түрлерінің) себептері мен шарттарының жүйелік бөліктері енеді, мысалы күш көрсету; пайдакүнемдік, қайталанған қылмыстар және басқалары. Нақты қылмыстардың себептері мен шарттары криминогенді жүйенің бастапқы элементтері болады. Мұндай - элементтердің арасында күрделі көп деңгейлі өзара әрекеттестіктер болады: Осыған байланысты криминогенді жүйе нақты қылмыстың себептері мен шарттарының арифметикалық сомасы бойынша есептеліне алмайды. Ол әлеуметтік құбылыстың сапалы жаңадай қасиетіне ие болады.

Әрекет ету механизмі бойынша детерминанттар қылмыстылықты тудырушы (себепкер) және себепші, көмектесуші, мүмкіндік туғызушы болып бөлінеді. Олар қылмыстық деңгейінен және жекелеген қылмыстардың қылмыстық жүйесінен көрініп те тұрады және пайда да болады. Оған детерминацияның барлық деңгейіндегі изоморфизм (құрылымдардың біртектестілігі) деген ұғым айғақ.

Қылмыстылық себептері мен шарттары мағлұматтарын жүйелілік көзқарасымен бағалау көп факторлы (кондиционалистік) теория ретінде ешбір негізсіз болып табылады.

Факторлар теориясы әлеуметтену мен криминологияда криминогенді детерминантты теңестіріп талдағаны үшін (олардың айырмашылықтарын ескермей) сынға алынып келеді. Осы орайда белгілі американдық криминолог –Э. Сатерленд факторлар теориясын «салыстырусыз құндылықтар каталогы» деп атаған болатын. Дәл сол өзінен өзі дұрыс сипат алатын қылмыстылық факторына жүйелілік көзқарастарды пайдалана қоймау факторлардың басты әдістемелік кемшілігін құрайды.

Қылмыстылықты детерминант жүйесінде негіздеудің ғылыми ғана емес, тәжірибелік маңызы да бар. Қоғамдық психологияның өзгеріске ұшырауының орны толмас сипатқа ие болуы мүмкін және оны қалпына келтіру үшін көп уақыт кетеді. Қылмыстылықтың шартына байланысты мәселе жеңілдірек. Жеке адамға байланысты алдын алу шаралары, сондай-ақ сотталғандарды түзеу – тиісті криминогенді психологияны криминогенсізге алмастыру.

Криминогенді детерминанттар жиынтығын жүйе ретінде қарастыру қылмыстылыққа әсер етудің мазмұны мен механизмінің айырмашылықтарын мүлдем жоққа шығармайды. Жүйелік әдіс қылмыстылықтың себептері мен шарттары жүйешенің жүйе ішіндегі көпқырлы байланыстырды орнатуға жағдай туғызады, криминогенді жүйелердің бөлінбейтін элементтерін ашады, оның метажүйелермен (қоғаммен, мемлекетпен, әлемдік қауымдастықпен) өзара әрекеттестігін анықтайды.

Себептер –қылмыстылық пен қылмысты тікелей туғызатын, жаңадан өндіретін заңды салдары ретіндегі әлеуметтік-психологиялық детерминанттар. Қоғам мен заңнан алшақтаған қауымдастық пен тұлғаның әлеуметтік және құқықтық психологиясы қылмыстылықтың себептер жүйесін құрайды. Қылмыстылықтың себептері арасынан дәлелсіз агрессивтілікті, ұлтшылдықты, қоғамды елемей жек көруді, құқықтық нигилизмді ерекше атап көрсетуге болады. Қылмыстылық себептерінің жүйесі әлеуметтік-психологиялық құбылыс болып табылады. Дегенмен, осындай жүйелілік нақты қылмыс дәлелін қылмыстылықтың әлеуметтік криминогенді дәлелімен қарама-қарсы қо. мүмкін емес, өйткені жүйенің барлық элементтері өзара әрекеттес.

Шарт – бұл өзі қылмыстылық пен қылмыс тудырмайтын, бірақ себептің әрекетіне жағдай туғызатын, жеңілдететін өршітетін кері әлеуметтік құбылыс. Мысалы, бақылау-ревизиялық қызметтің жеткіліксіздігі материалдық құндылықтарды сақтау, есеп жүргізу және пайдалануда

бақылаусыздық туғызып, меншікке қол сұғушылыққа жағдай жасайтын шарт болып саналады.

Себептер мен шарттардың арасында «криминогенді детерминанттар» талданған ұғымын пайдалануға және басқаларды қамтитын өзара тығыз әрекеттестік болады. Мазмұны жағынан себеп әлеуметтік-психологиялық сипатта. Шарт та сол сияқты экономикалық, саяси, құқықтық, ұйымдық және басқа да мазмұндарға ие. Себеп қылмыстылықты тудырады, шарт себептердің қылмыстық әрекетке айналуына жағдай жасайды. Олар кейде рөлдерімен алмасуы да мүмкін.

Қылмыстылықты оқып-зерттеуде ең бірінші кезекте өзара байланыстылықтар аңғарылады, мысалы, халықтың әлеуметтік-демографиялық құрылымы мен қылмыстылықпен, оның деңгейі мен құрылымы арасындағы байланыстар. Дегенмен, белгілі бір және басқа да әлеуметтік құбылыстар мен қылмыстылық арасындағы байланыстарды анықтау себепті танудың бірінші кезеңінде және шартта соңғы кезеңде белгілі болады. Байланыстарды анықтап белгілегеннен кейін сапалық-сандық талдау арқылы себепті жағдай туғызатын байланыстар ашылады.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылықтың себептері мен шарттарының түсінігі.
2. Қылмыстылықтың себептері мен шарттарының жіктелуі.
3. Себептіліктің негізгі теориясы.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Криминологиялық әдебиеттердегі қылмыстылықтың себептері мен шарттарына байланысты дискуссиялық мәселелерге талдау беріңіз.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында қылмыстылық себебінің түсінігі, олардың әлеуметтік ортадағы ерекшелігі, құбылмалылығын, қылмыстылықтың ерекшеліктері мен басқа да әлеуметтік дерттің себептерін зерттеп, әдістемелік сілтеме жасау, қылмыстылық себептерін анықтау қажет.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Қылмыстылықтың себептерінің түсінігі. Қылмыстылықтың себептерін түсіндірудегі қолданылатын себептілік теориясы. Қылмыстылықтың себептерінің таптық шарттары, өзгеруі және тарихи ауыспалы сипаты. Криминологиялық детерминанттардың ұғымы. Қылмыстылықтың басқа да детерминанттары және себептері.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабаққа дайындалу барысында КОӨЖ тақырыбы бойынша оқулықтар және оқу құралдарын отырып қылмыстылықтың себептеріне криминологиялық талдау жүргізуге болады.

**Тапсырма:** Келесідей теориялар:

- а) «классикалық мектеп» (Ч.Беккариа, И.Бектам);
- б) биологиялық, социобиологиялық және психологиялық бағыттар (Ч.Ломброзо, Э.Ферри және басқалар), қазіргі биокриминология (Рей Джефри);
- в) социология теориялары бойынша қылмыс себептері мен жағдайларын түсіндірудің артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстырыңдар.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстылықтың «себебі» мен «шарты» ұғымының ара-жігі қандай? Олардың әрекеттестіктері қалай туындайды?
2. Қылмыстылықтың себебі мен шартын анықтауда ғылыми және тәжірибелік мәні неден тұрады?
3. Қылмыстылықтың себебі мен шартын анықтауда деңгейлік тұрғыдан келуге сипаттама беріңіз.
4. Қылмыстылықтың себебі мен шартын мазмұны бойынша жіктеңіз және мысалдар келтіріңіз.
5. Қазіргі таңда қылмыстылықтың туындауына және жағдай жасаушы әлеуметтік қарым-қатынас аясында қандай қайшылықтар мен кемшіліктер бар?

#### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 12,13,17,18,21,22,23,24,25,30,32 әдебиеттерді қараңыз.

#### **4-тақырып**

#### **Қылмыскердің жеке тұлғасы**

**Дәріс – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыскердің жеке тұлғасы түсінігі.
2. Қылмыскер жеке тұлғасының құрылымы. Қылмыскердің криминологиялық сипаттамасын құраушы оның жеке тұлғасының негізгі қасиеттері.
3. Қылмыскердің жеке тұлғасында әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің арақатынасы.

#### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қылмыстылық – адамның мінез-құлқы нысандарының бірі, ал қылмыс – адамның саналы түрде жасаған әрекеті, нақты қылығы. Адамның тұлғасын сипаттайтын қасиеттердің бәрін біліп алмай жеке адам қылмысының себебін немесе жалпы қылмыс себебін біліп-түсіну мүмкін емес.

Криминологиялық ғылым адам қылмыскер болып тумайды, қылмыскерлік тұлғаның қалыптасу кезеңіндегі жайсыз жағдайлардың салдарынан пайда болады деп пайымдайды. Алайда, жайсыз жағдайдың бәрі бірдей және әр уақытта қылмыстық мінез-құлық тудырады деп ойлауға болмайды. Адам іс жүзінде өзінің психологиялық табиғатына сай келетін шарттар мен факторларды тандап алып және оны белгілі бір дәрежеде игереді.

Қылмыскер тұлғасы қылмыстылыққа итермелеуші әлеуметтік өмір жағдайы мен осы жағдайдың салдарынан болған қылмысты арасын жалғастырушы буын болып саналады.

Криминология қылмыскер тұлғасы деп қылмыстық заңды басқа жағдайлармен және мән-жайлармен қоса адамды кінәлі ететін, осылайша оның қоғамға жат қылықтарына әсер ететін әлеуметтік мәні қасиеттердің, белгілердің, қатынастырдың жиынтығы деп таниды.

Қылмыскердің тұлғасы өзінің бағыттылығы арқылы көзқарас пен бағдар мазмұнынан, қажеттік деңгейі мен шеңберінен ерекшеленеді. Алайда, мұндай жағдайға қарап қылмыс жасаған адамдардың барлығында бірдей қоғамға жат көзқарас пен бағыт-бағдар бар деп ойлауға болмайды. Мұндайлар болмағанның өзінде де қылмыскердің тұлғасы мен оның қылмыстық мінез-құлық себептерін зерттеудің қажеттігі күн тәртібінде. Дегенмен, қылмыскерлердің негізгі көпшілігі осындай ерекшеліктермен көзге түседі.

Қылмыскердің тұлғасы криминология нәрсесі ретінде мұндай тұлға әлеуметтік мәні бар жеке - нақты объекті ретінде немесе жалпы әлеуметтік тип ретінде қарастырылуы тиіс пе деген пікірталас тудырды.

қылмыскердің тұлғасын зерттеу диалектикалық категорияларға сәйкес негізгі үш деңгейде жүзеге асырылады: 1) жалпы; 2) ерекше; 3) жеке.

1-деңгейде «қылмыскер тұлғасының» жалпы ұғымы мен оның негізгі белгілері мен қасиеттері қарастырылады.

2-деңгейде бірқатар жағдайда қылмыстылықтың жекелеген түрлеріне, яғни халық шаруашылығының жекелеген салаларында, жекелеген аймақтарда және басқалардағы қылмыстылыққа сай келетін қылмыскерлердің жекелеген категориялары мен типтері қарастырылады.

3-деңгейде нақты қылмыскер (нақты қылмыс) қарастырылады.

Қылмыскер тұлғасы кез келген адам тұлғасы сияқты белгілі бір құрылымға – өзара байланысқан және өзара әрекеттес элементтер тобына ие болатын тұтастай құрылым болып көрінеді. Қылмыскер тұлғасының құрылымын зерттеу – элементтер мен құрылымдар арасындағы байланыстардың өзгерістері тұлғаның түбірімен қайта жаңғырумен барабар болатындықтан оның мінез-құлқындағы қозғалмалы күштеріне жақындасып, танып-білу.

Қылмыскер тұлғасының құрылымын анықтау барысында оны басқа адамдармен араласу нәтижесінде және өз кезегінде белгілі бір істің; танымның, қарым-қатынастың субъектісі ететін әлеуметтік мәні бар қасиеттер жиынтығын иеленуші деп қарау керек.

Қылмыскер тұлғасын танып-білу тұлғаның құрылымы мен оның жүзеге асырылатын элементтері арасындағы қалыптасатын қоғамдық қатынастарды талдау арқылы ғана мүмкін.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының өзі бірқатар құрылымдық бөліктерге бөлінеді, яғни қылмыскер тұлғасын төмендегі блоктардан (жүйелік бөліктерден) құралатын жүйе ретінде қарастыруға болады:

- 1) қылмыскер тұлғасының демографиялық блогы;
- 2) қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-мәдени блогы;
- 3) қылмыскер тұлғасының экономикалық блогы (қоғамдық өндіріс жүйесіндегі жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуінің деңгейі);

- 4) тұлғаның әлеуметтік институттарға қатысы блогы (серіктестік қатысы, әлеуметтік институттарға арқа сүйеушілік, дұшпандық қатынастары, олардың қызметінің шырқын бұзуға ұмтылысы);

- 5) тұлғаның әлеуметтік қауымдастықтарға қатысы блогы (жағымды әлеуметтік міндеттер атқаруға бағытталған, бірақ шырқы бұзылып, соның салдарының өзінің мүшелеріне жағымсыз әсер ете бастаған, сондай-ақ мүшелерінің жағымсыз пиғылдары негізінде құрылған қауымдастықтар);

- б) тұлғаның әлеуметтік нормаларға қатысы блогы. Адамның мінез-құлықтары белгілі бір әлеуметтік нормалар жүйесімен реттелетіні белгілі. Бұл нормалардың бәрі мынадай екі топқа бөлінуі мүмкін: а) бүкіл қоғам мойындаған (жалпы әлеуметтік); б) жекелеген қауымдастықтар мойындаған және қорғаған. Мұның өзін: жалпы әлеуметтікке сай келетін; оларға бейтарап; оларға қарама-қарсы деп бөліп қарауға болады.

Сөйтіп, тұлға мен әлеуметтік институттардың арасындағы қатынастарды тек тұлға ғана сипаттап қоймайды, оның қалыптасуына кері әсер еткен факторлар да сипаттайды.

Құрылымдық бөліктерден бір нәрсені алып тастау, бөліктер өздігінен өзі дербес жалғасын таба алмайтындықтан бүкіл құрылымның тұтастығын бұзады. Демек, олардың бәрі де бір-бірімен өзара тығыз байланыста және біріне-бірі тәуелді.

Қылмыскер тұлғасы құрылымының басқа да амалдары анықталуы мүмкін. Әсіресе, мынадай жолдары белгілі:

- әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық белгілері;
- қоғамдық өмірдің әр саласындағы әлеуметтік көрінісі;
- адамгершілік қасиеттері;
- психологиялық ерекшеліктері.

Профессор А. Б. Сахаров бастапқыда категориялардың мынадай белгілерін ұсынды: әлеуметтік-демографиялық; әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-биологиялық. Алайда, ол кейіннен өзінің көзқарасты пікірін өзгертіп, тұлғаның биологиялық белгісін алып тастады.

Қылмыскердің тұлғасы жалпы тұлғадан өзінің құрылымында белгілі-бір компоненттердің бар-жоғымен емес, ең алдымен осы құрылымдағы белгілі бір компоненттердің мазмұнымен және бағыттылығымен ерекшеленеді. Криминология үшін аса қажеттісі – нақты қылмыс жасаудың себептері болып саналатын адамгершілік қасиет, мәнді бағдар, көзқарастардың; мүдделердің,



кажеттіктің, бейімділіктің, әдеттің қоғамға жат бағыттылығы, дегенмен мұның бәрі құрылымдық бөліктердің басқаларын жоққа шығару болмаса керек. Тұлғаның бағыттылығы адамның өзіне тән сипатталатын және оның қызметіне әрекет ететін ақиқатқа таңдамалы қатыстылығын көрсетеді. Бағыттылық – тұлғаның психологиялық құрылымындағы элемент. Ол басқа да элементтерге – білім деңгейіне, биологиялық қасиеттерге (жігерлілік, талабы) негізделген сипаттардың көрінуіне басты әсер етеді және адамның тиісті қылмыстық мінез-құлықты таңдауын анықтайды.

Еңбектен қол үзу немесе өзінің қызметтік міндеттеріне немқұрайлылықпен қарау, қоғамдық өмірге араласпау, тұрмысқа икемсіздігі, үнемі алкогольдік ішімдіктен, кейде нашақорлықтан арылмауы сияқты фактілер адамды физикалық, ой-өрістік және әлеуметтік кері кетушілікке мәжбүр етеді. Осыған байланысты қылмыскер тұлғасына тән қасиеттерді былайша бөлуге болады: а) бірінші – адамның қылмыс жасағанына дейін пайда болған қасиет; б) екінші – қылмыстық өмір салты салдарынан болған, өз кезегінде осы салтан бас тартуды күрделендіре түсетін қасиет. Осыдан келіп қылмыскер тұлғасы айырықша көрінген түрінде қылмыстық мінез-құлық себептерінің бірі ғана емес, белгілі бір дәрежеде осындай мінез-құлықтың өнімі.

Тұлғаның криминологиялық ерекшеліктерін зерттеу мен есебін жүргізу қылмыскерлердің ерекшеліктерін анықтауға, қылмыс жасауға итермелейтін факторларды ашуға мүмкіндік береді. Мұндай талдауды аймақ бойынша, жедел қызмет көрсетілетін жекелеген учаскелерде, жекелеген істер бойынша жүзеге асыру қажет. Оның нәтижелері ескерту жұмыстарының аса маңызды деген бағыттарын анықтауға көмектеседі, мысалы, өкілдері жиі құқық бұзатын тұрған халық ортасындағы топтарды. Сұрыптық криминологиялық зерттеулерде, мәліметтік деректерде, әсіресе сотталғандардың арнайы жүргізілген санақтарында қылмыскерлер арасында әйелдерден гөрі еркектердің көп екендігі (90 %) байқалады. Алайда, кейбір қылмыстар бойынша әйелдердің үлесі жоғары. Мысалы, сауда мен қоғамдық тамақтандыру жүйесінде, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде ұры-әйелдердің саны 25-30 % құрайды.

Криминология, әсіресе жастардың мейілінше агрессивті, албырттық сипаттағы қылмыс жасайтындығын баяғыда анықтаған болатын. Қылмысты 18-40 жас аралығындағы жастар жиі жасайды екен (70-75 %). Қылмысқа тым бейімділік көрсететіндер 29 жасқа дейінгілер, одан кейін 30-39 жас аралығындағылар, содан кейін қылмыстық белсенділіктің кемитіндігі байқалады. Зерттеу, мысалы қылмыс жасайтын қылмыскерлердің 50 пайызы үйленбегендер екендігін анықтады. Сонымен бірге, үйленбегендер арасындағы қылмыстылық коэффициенті үйленгендерге қарағанда екі есеге жуық жоғары екендігі анықталды. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан кезінде ерлерге қарағанда әйелдердің жанұялары көбірек ыдырайтыны байқалады. Қылмыс жасағандардың көбінен артығы қоғамға пайдалы еңбекпен айналысуға қатысады, алайда бұрынғы бұзақылар, ұрылар, қарақшылар мен тонаушылар жұмыс орындарын жиі ауыстыратындықтары, кейде еңбекпен ұзақ мерзім айналыспай үзіліс

жасайтындары да болады. Жұмыс істейтіндер арасындағы да қылмысты қайталап жасаушылар үлесі жоғары (25 %).

Абсолюттік көрсеткіш бойынша қылмыс жасаушылар арасынан жұмысшылар саны тым көп көрінеді, ал ауылдықтар, қызметкерлер, оқушы жастар аз. Сұрыптап зерттеу қылмыскерлердің көпшілігі еңбекке жарамды, тек оныншы адамның біреуі ғана еңбекке шектеулі түрде жарамды екенін көрсетті.

Қылмыс жасаушы адамдардың білімі басқа адамдарға қарағанда тым төмен екендігі байқалып отырады, әсіресе жоғары және орта арнаулы білімі барлар аз кездеседі. Қорлау, пайдақорлық, бұзақылық қылмыстар адамдардың білімі деңгейі тым төмен екендігі, ал мемлекет мүлкін иеленіп қалу арқылы ұрлау, шығынға батыру немесе сенімді бас пайдасына пайдалану сияқты лауазымдық қылмыстар жасайтындардың білімдері жоғарырақ келетіні байқалады.

Қылмыс жасағандардың басым көпшілігі адамгершілік қасиеттерінің негізгі ерекшеліктері болып саналатын құқық танымдарының төмендігімен сипатталады. Дегенмен, қылмыс жасайтындар заңды нашар біледі деп айтуға болмайды. Керісінше, олардың көпшілігі, әсіресе қылмысты қайталап жасаушылар (рецидивистер) өздеріне қажетті құқықтық біліммен тиісті дәрежеде қаруланған, бірақ олардың санасында заңға оң көзбен қарау деген жоқ, заңның нұсқауларын орындау қалыптаспаған.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыскер тұлғасының түсінігі.
2. Қылмыскер тұлғасындағы әлеуметтік және биологиялық бастамалар.
3. Қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы.
4. Қылмыскер тұлғасының жіктелуі.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қылмыскер тұлғасының қылмысқа баруының биологиялық себептіліктеріне баяндама жасаңыз.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында қылмыскердің жеке тұлғасын оқып білу үшін курсанттардың назарын әдістемелік негізге аудару, оның түсінігіне, қылмыскердің тұлғасы және қылмыс субъектісі ұғымдарының айырмашылығы, тұлғаның криминогендік ерекшеліктері, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері, оны оқу деңгейлері зерделеу керек.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Қылмыскердің жеке тұлғасында әлеуметтік және биологиялық қасиеттердің арақатынасы. Қылмыскердің жеке тұлғасы мен әлеуметтік орта. Жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызы мен рөлі. Қоғамға қарсы көзқарас және түсініктерді жеке тұлғаның меңгеру механизмі. Қылмыскердің жеке тұлғасы сипаттамасының негізгі белгілері. Әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-

құқықтық белгілер, әлеуметтік мәртебе және рухани-психологиялық қасиеттер. Қылмыскердің жеке тұлғасын құрайтын белгілер жиынтығы.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Курсанттарға қажетті білім, еп-дағдыларды қалыптастыра отырып, қылмыскерлердің жеке тұлғасына криминологиялық талдау жүргізудің әртүрлі әдістерін пайдалануды үйренуге болады.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Жалпы жеке адам және жекелей алғанда қылмыскердің жеке басы түсінігін анықтаңдар. Осы түсініктер арасындағы өзгешелікті қандай өлшемдер (белгілер) бойынша жүргізген дұрыс? Қылмыскердің жеке басы құрылымы дегенді түсіндіріңдер. Оның элементтерін құрайтын сипаттамаларды атап өтіңдер. Қоғамға қауіптілігі, оның көрініс берушілігі мен белсенділік дәрежесі бойынша қылмыскердің жеке басының жіктеуін беріңіз.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыскердің жеке тұлғалық ерекшелігі қандай, оның негізгі белгілері?

2. Қылмыстық мінез-құлықтағы детерминациясында жеке бастың қандай ерекшелігі бастапқы рөл атқаратынын анықтаңыз.

3. Қылмыскердің жеке тұлғасындағы әлеуметтік және биологиялық қатынасты ара-жігі, қылмыс жасауда осы факторлардың қайсысы көбірек әсер етеді?

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығын зерделеп, криминология ғылымының одан әрі дамуының негізгі бағыттарын анықтаңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 12,13,15,16,17,18,26,27,28,29,31 әдебиеттерді қараңыз.

**5-тақырып**

**Жәбірленушінің жеке тұлғасы.**

**Виктимологияның криминологиялық аспектілері**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Виктимология түсінігі
2. Жәбірленушінің криминогендік жағдайдың пайда болуындағы рөлі.

### 3. Жәбірленушілерді саралау.

#### ДӘРИС ТЕЗИСІ

«Виктимология» сөзі – құрбан туралы ілім деген мағынаны білдіреді (*victima* – латынша *құрбан*; логос – грекше, *білім, ілім*). Виктимология туралы сөз қозғағанда біз жалпы құрбанды (мысалы, бақытсыз оқиғадан) және кез келген құқық бұзушылықтан (әкімшілік, азаматтық, еңбек) зәбір көрген адамды емес, Қазақстан Республикасының КІЖК 75-бабына сәйкес қылмыстан моральдық, дене және мүліктік зиян келтірілген жәбірленуші жөнінде айтып отырмыз. Қылмыспен жәбірленген адамның құзыры Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының «Қылмыспен жәбірленген адамның құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңнамаларды практикада қолдану туралы» 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 қаулысында толық айтылған. «Виктимология» терминін пайдалана отырып, біз оның криминологиялық аспектілерін ғана қарастырамыз.

Криминологияның жеке бір бағыты ретіндегі виктимология біршама таяуда ғана, миллиондаған өмірді құрбан еткен соғыстан кейін туындады. Қылмыс жасау механизміндегі құрбандық рөлі туралы идеяның өзі онша жаңа емес, ол өзінің бастауын сонау көне заманнан-ақ алып, көптеген заң және әдеби естеліктерден, халықтың ауыз әдебиеттерінен орын алған.

Мамандар Еуропада бұл сөз алғаш рет француз тілінде дүниеге келіп, ол бастапқыда діни сипат алды деген болжамдар айтады. Келе-келе «құрбан» деген сөздің маңызы кеңейе түсті. Оның тереңдігін бойлай бермей, жалпы мағынада қалыпты күйі мен қызметіне белгілі бір дәрежеде зиян келтірілген кез-келген материя нысаны құрбан болып саналады деген қорытынды жасауға болады. Құрбан туралы ілімнің теориясы мен практикасында ең басты да айырықша объекті адам болып табылады. Сөйтіп, мына төмендегі нәтижелер бойынша адам «құрбан» болып саналады:

- а) басқа адамның заңсыз әрекеті;
- б) жеке мінез-құлқы;
- в) жағымсыз өмір жағдайлары;
- г) бақытсыз оқиға.

криминалдық виктимология нәрсесі болып мыналар саналады:

виктимдік – соған тән биологиялық, психологиялық, әлеуметтік құбылыстар;

қылмыспен дене, моральдық және материалдық зиян келтірілген адамның сандық және сапалық қасиеттері;

виктимогендік жағдай, яғни мүмкін деген құрбанына зиян келтіру себептерінің мән-жайлары мен шарттары;

қылмыстық жағдайға дейінгі, құқыққа қайшы әрекет кезіндегі және одан кейінгі құрбан мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынастар табиғаты мен заңдылықтары;

қылмыстық қол сұғушылықтың мүмкін деген құрбанын қорғаудың нысандары мен жолдары;

жеке, түрлік, топтық және жаппай виктимділікті төмендеуге арналған алдын алу шаралары;

қылмыс нәтижесінде құрбанға келтірілген шығынның орнын толтыру тәртібі.

Сот тәжірибесі көптеген қылмыстардың құрбан мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынастың нәтижесі екендігін айғақтап көрсетеді. Күнделікті өмірде адамдар бір-бірімен қоғамдық, тұрмыстық, жеке байланыстар мен қарым-қатынаста болады. Болашақ құрбан мен қылмыскерге тән қарым-қатынас кезкелген мүмкін болатын байланыстар мен қатынас негізінде басталып, артынан шиеленісті оқиғаға айналып кетеді. Кез келген шиеленісті жағдайға тән ерекшелік, ол адамнан белгілі бір шешім қабылдауды; өзінің қылығын таңдай білу еркін талап етеді. Соған орай, Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабына сәйкес, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру біреудің құқығын шектеу, конституциялық құрылыс пен қоғамдық адамгершілік арқылы орындалмауы тиіс. Бір адам ұстамдылық жасап, жағдайды орынды бағдарлап және мораль мен құқық талаптарын орындай біледі. Ал енді бір адамдар болғалы тұрған құрбанның жат қылығына моральға жат қылығымен жауап беріп, артынан қылмыскер атанады. Қылмыстық істерді талдау барысында қылмыскер мен оның құрбанының арасындағы қарым-қатынастарды үш түрге бөлуге болатыны анықталды: екі ұшты, белгілі және кездейсоқ.

Жоғарыда қарастырылған қылмыс құрбанының сапалық және сандық сипаттары ең болмағанда жәбірленушілерді жүйелендіру, жіктеу жүргізуге мүмкіндік туғызады. Виктимологиямен айналысатын бірқатар ғалымдар қылмыс құрбанын жіктеудің жолдарын көрсеткен болатын. Қылмыстан жәбірленгендерді жүйеге бөлу туралы қызықтырушылық тудыратын ұсыныстар Л. В. Франктің, Д. В. Ривманның, шетелдік мамандар Г. Хентиг, Г. Элленбергер, Б. Мендельсон, Г. Бауэр еңбектерінен орын алған.

Жәбірленушілерді жіктеуге құрбанның әлеуметтік, психологиялық және биофизикалық сипаттары, сондай-ақ оның зиян келтірушімен өзара қарым-қатынасы жалпы негіз болады. Жалпы алғанда, қылмыс құрбандарын төмендегідей жіктеу жолдарын ұсынуға болады.

1. Қылмыстың субъективтік жағының мазмұны бойынша:
  - а) қасақана қылмыс құрбаны;
  - б) абайсыздық қылмыс құрбаны.
2. Қылмыстық қол сұғушылықтың бағыттылығы бойынша:
  - а) бірнеше объектілердің қылмыс құрбаны (халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы, меншікке қарсы, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар);
  - б) қылмыстың белгілі бір түрінің құрбаны (кісі өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, ұрлық, шабуыл жасау, алаяқтық және басқалар).
3. Жәбірленушіге келтірілген шығынның сипаты бойынша:
  - а) денесіне зиян келген құрбан;
  - б) материалдық шығын құрбаны;
  - в) қылмыстан моральдық шығын келтірілген құрбан.
4. Жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы қарым-қатынас бойынша:
  - а) күні бұрын белгіленбеген құрбан;

б) күні бұрын белгілі болған құрбан;

в) арандатушы құрбан.

5. Жәбірленушінің қылмыс түріндегі рөлі бойынша:

а) бейтарап құрбан;

б) қатысушы құрбан;

в) арандатушы құрбан.

6. Өзге де әлеуметтік сипаттары бойынша:

а) қоғамдық қатынас жүйесіндегі құрбанның алатын орны (кәсібі, мамандығы, қоғамдық құзыры);

б) қылмыскермен әлеуметтік байланысы (туысы, әріптесі және басқа)

в) шығын келтірушімен әлеуметтік қарым-қатынасы (іскерлік, жолдастық, жаулық және басқа да).

7. Психологиялық критерийлері бойынша:

а) адамгершілік-психологиялық ерекшеліктерімен көрінетін құрбан (қызба, ашуланшақ, әсіре қызыл және басқа);

б) психикасы бұзылған құрбан (есі ауысқан тұлға, маскүнем, нашақор, жыныстық сезімі бұзылған адам және басқалар).

8. Жәбірленушінің биофизикалық қасиеттерінен мыналар ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады:

а) құрбанның жынысы;

б) оның жас шамасы;

в) ұлты;

г) құрбанның қылмыстың алдындағы және қылмыс сәтіндегі денесінің жай-күйі (өмірге қауіпті, ауру, дәрменсіз және басқа).

9. Құрбанның қылмысқа дейінгі және қылмыс жасау кезіндегі мінез-құлқы бойынша:

а) өзіне қарсы қылмас жасалуына жағдай туғызушы адам;

б) селқос жәбірленуші.

Әлеуметтік-психологиялық баға беруді ескере отырып, белсенді жәбірленушілерді төмендегідей топтарға бөлуге болады:

а) мінез құлқында қылмыстық жазалауға жататын әрекеті бар құрбандар (бұзақылық, сабау, қорлау, жала жабу, денсаулыққа зиян келтіру және басқа);

б) мінез-құлқы моральдық, этикалық және адамгершілік нормаларының бұзылуымен сипатталатын құрбан (жалақор, ұрысқақ, маскүнем, моральдық тұрақсыз адамдар);

в) белгілі бір себептермен өзіне зиян келтіру үшін арандатушы құрбан;

г) өзіне өзі зиян келтіретін құрбан.

Осындай жәбірленушінің бәрінің мінез-құлқы саналы түрде зиян келтіреді-ау деген адамды арандатуы мүмкін немесе абайсыз қылық сипатына ие болады. Белсенді құрбандар тобына мінез-құлқы психикалық кінәратымен немесе жүйкесінің тозуымен сипатталатын жәбірленушілерді де жатқызуға болады.

Селқос жәбірленушілерді былайша бөлуге болады:

а) өзінің қызмет, кәсіби немесе қоғамдық міндеттерін орындау кезінде зиян келтірілген құрбан (күзетші, инкассатор, жасақшы, полиция қызметкері және басқалар);

б) азаматтық борышын орындау кезінде зиян келтірілген құрбан (жәбір көріп жатқан адамға арашашы болу, қоғамға жат әрекетке тосқауыл қою);

в) мінез-құлқы бола қалған өмір жағдайына қарсы тұра алмайтын құрбан;

г) қылмыстық басқыншылықты басуға қабілеті келмейтін, белгілі бір себептермен оны басуға құлқы жоқ құрбан;

д) алданғыш; байбаламшыл құрбандар.

Әрине, жоғарыда келтірілген қылмыс құрбандарын виктимдік мәні бар мінез-құлықтары бойынша жіктеу шартты түрде ғана және жіктеудің өзге де негіздері мен жолдары жоқ деп айтуға болмайды.

Қылмыскер өзінің болашақ құрбанымен кездесіп қалған қылмыс алдындағы жағдайды «қылмыскер – жағдай» деген үлкен жүйенің бір бөлігі болып саналатын «қылмыскер – жәбірленуші» деген өз алдына бір жүйе пайда болады.

Құрбан көп жағдайда өзінің мінез-құлқымен өзіне залал келтіретін жағдайдың мүмкіндігін қалыптастырады: Мұндай виктимогенді деп аталатын және криминогенді ахуалдың құрамдас бөлігі болып саналатын жағдайлар мыналардың нәтижесінде пайда болуы мүмкін:

құрбанның құқыққа қайшы, этикаға жатпайтын, арандатушы сипаттағы әрекеті;

айналадағы жағдайға сын көзбен қарауын төмендететін әрекеттер (алкогольге, есірткіге тартушылық);

шығын келтірушіге қолайлы жағдай туғызатын болғалы тұрған құрбанның абайсыздық мінез-құлқы;

жәбірленушінің арандатушы әрекеті;

болғалы тұрған құқық бұзушының қылмысқа деген көзқарасын өзгертетін болғалы тұрған жәбірленушінің әрекеті.

**Семинар – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Виктимология ұғымы. Криминология жүйесіндегі виктимологияның орны.

2. Нақты криминалдық жағдайдағы жәбірленушінің рөлі.

3. Жәбірленушілерді топтастыру деңгейі мен жағдайы. Жәбірленушілерді топтастыруды криминология ғылымында пайдалану.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Пәтер және қалта ұрыларынан сақтануға қандай виктимологиялық ұсыныстар бере аласыз?

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында пәтер және қалта ұрыларының себептері мен шарттарына тоқталыңыз. Пәтер және қалта ұрыларынан сақтанудағы жәбірленушілердің ерекшеліктерін сипаттаңыз. Тәжірибелік

қызметте виктимологиялық зерттеулер қорытындыларын қолдану нәтижелерін сараптаңыз.

### **КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Виктимологиялық зерттеулердің басты бағыттары және оның криминологияда ғылыми бағыт ретінде қалыптасу жолдары. «Қылмыскер - жапа шегуші» байланысы. Жәбірленушінің жеке тұлғасы мен мінез-құлқын зерттеу, виктимдік пен виктимизациялау - виктимологияның негізгі функциясы. Жәбірленушінің криминогендік жағдайдың пайда болуындағы рөлі. Жәбірленушілерді саралау.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Сабаққа дайындалу барысында қолда бар нормативтік құқықтық актілерді қолдану арқылы, тәжірибелік қызметтегі виктимологиялық зерттеулер қорытындыларымен танысуға болады.

### **КӨЖ – 3 сағат**

#### **Тапсырма:**

1)Ресми мәліметтер бойынша тапсырыспен адам өлтірудің құрбандары: кәсіпкерлер болды - 32%, билік органдарының басшылары болды - 4%, қызметтік міндеті қаржыны бөлумен, оның айналымына бақылау жасаумен байланысты болды - 9%, қылмыстық топтардың ұйымдастырушылары немесе оның мүшелері болды - 37%, мемлекеттік билік органдарының әр түрлі деңгейдегі саясаткерлері, журналистері, қоғамдық немесе діни ұйымдар мен бірлестіктердің жетекшілері болды – 4%. Виктимділіктің жоғарыдай әркелкі бөлінуі қандай жағдаймен түсіндіріледі.

2)Адамдардың қауіпсіздігіне байланысты виктимология келесідей факторларға бөлінеді: ақпараттық; ұйымдастырушылық; психологиялық; психофизиологиялық; адамгершілік; идеологиялық; мәртебелілік; материалдық. Әрбір фактордың мәнін ашыңыз.

#### **Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы қатынастың жалпы сипаттамасы, олардың өзара байланысы.
2. Виктимділікті жіктеңіз.
3. Криминологиядағы виктимділікті ескертудің міндеттері.
4. Виктимділікті қалай азайту жөнінде ұсыныстар дайындаңыз.

#### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 2,4,6,12,14,15,16,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 7,12,13,15,16,17,18,33 әдебиеттерді қараңыз.

#### **6-тақырып**



## **Қылмыстылықты ескерту бойынша криминологиялық теорияның жалпы сипаттамасы**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылықты ескерту және аралас ұғымдар.
2. Қылмыстылықтың алдын алу, оның түрлері және әлеуметтік-құқықтық шарттары.
3. Қылмыстылықтың алдын алу жүйесі мен оның тәжірибелік бағыттары.

### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Адамзаттың сонау қалыптасу кезеңінен бастап-ақ қылмыстылықты тек қана жазаның көмегімен тоқтатудың мүмкін еместігі белгілі болған. Бас-көз жоқ жазалай беруден гөрі қылмысты ескерту ұтымды деген ұғым пайда болды. Қылмысты ескерту туралы идея көптеген ғасырлар бұрын ұсынылған. Мәселен, Платон заң шығарушыны қылмыскер болуға бет түзеген адамды қылмыстан жерітіндей жағдайға жеткізетін Заң шығаруға шақырды. Аристотель қылмысты ескерту – бұл бұзылған ойға қашты келетін әдеттер мен талғамға қарсы күрес деп жорыды.

Қылмыстылықты ескерту теориясы жалпы және ерекше деп аталатын екі бөлімге бөлінеді. Жалпы бөлімге қылмыстылықты ескерту нәрсесі мен ұғымы, оның субъектісі, жүйесі, міндеттерді шешуге байланысты шаралардың ерекшеліктері, осы қызметті ұйымдастыру мен басқару, жүйенің даму болжамы, қылмыстың алдын алуды жоспарлау мен үйлестіру және басқалары кіреді.

Ерекше бөлімге қылмыстың жекелеген түрлері мен нысандарын ескерту ерекшеліктерінің криминологиялық сипаттамасы жатады. Ескерту қызмет мен оны бақылаудың нәтижелілік деңгейі – өткендегі барлық жүргізілген криминологиялық зерттеулердің тиімділігіне берілетін баға. Криминология теориясында зерттеудің үш аспектісін ерекше көрсетуге болады. Біріншісі – зерттеудің үйлестірушісі немесе тапсырыс берушісі рөлін атқаратын криминологиядағы қылмыстылық мәселелері мен қоғамға жат мінез-құлықтардың өзге де нысандарын пәнаралық зерттеу. Екіншісі – әсіресе, алдын алу шараларын, мәліметтер мен сараптық бағаларды басқа ғылымдардан алып пайдалану. Үшіншісі – өзінің криминологиялық зерттеуі мен қылмыстылықты ескертуі.

Қылмыстылықты ескерту бір-бірімен иерархиялық байланыстағы міндеттерден тұрады. Оның біріншісі – тұтастай алғанда қылмыстылық динамикасына, құрылымына, себептеріне алдын алушылық әсер ету (әлеуметтік алдын алу). Екіншісі – қылмыстық мінез-құлық түрлері мен нысандарын ескерту, қоғамдық өмірдің белгілі бір саласындағы қылмыстарды ескерту, жекелеген әлеуметтік топтар мен басқалардың қылмыстарын ескерту (криминологиялық алдын алу). Үшінші міндет жеке адамдардың қылмыс жасауын ескертуден тұрады (жеке криминологиялық алдын алу).

Қылмыстылық ескертумен байланысты қолданылатын терминдер:

1. «Алдын алу» терминін адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, немесе мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу мен оларды жетілдіру жөніндегі жалпы мемлекеттік шараларға, яғни қылмыстылыққа әсер ететін және онымен күреске жұмылдыратын шараларға үйлестіре пайдаланған дұрыс;

2. «Ескерту» терминін қылмыстылықпен күреске бағытталған бағдармаларда, тұжырымдамаларда, жұмыс жоспарларында қарастырылған қызметтерге үйлестіре пайдаланған дұрыс;

3. «Болдырмау» термині ойластырылып жатқан, дайындалып жатқан қылмысқа алаңдаушылықты немесе қылмыстың дайындық сатысында бөгет жасауды білдіреді, мысалы есірткі шикізаты болып саналатын өсімдіктердің тұқымын себу;

4. «Жолын кесу» термині істі насырға шаптырмас мақсатында қылмыс жасауға бетбұрыс сатысына араласуды білдіреді;

5. «Сақтандыру» термині қылмысты ескертудің виктимологиялық шараларына қолданылады.

Алдын алу адам мен қоғамның өзара қарым-қатынас арнайы түрде жөнге сала отырып адамның тікелей өзіне, сондай-ақ қоғамға да елеулі түрде игі әсерін тигізері сөзсіз. Қорытындысында алдын алумен ғана құқық бұзушылардың бойында қоғамға жағымды мінез-құлық пайда болады. Міне, жоғары да айтылған осындай қызметтердің нәтижесінде алдын алу сақтандыру мен қорғаушылық қасиеттеріне ие болады. Осы орайдан келіп алдын алудың ерекше әлеуметтік құндылығын баса айтуымыз керек. Өйткені ол ең бастысы жеке және қоғамдық мүдделерді қорғау үшін қажет. Құқық бұзушылықты алдын алудың реттеушілік және қорғаушылық ролін айта отырып, оның маңызы, қызметі мен алуан түрлілігін айтпай кетуге болмайды. Олар – бір-бірімен тығыз байланыстағы идеологиялық, тәрбиелік, қорғаушылық, реттеушілік, болжамдық қызметтері.

Реттеуші қызмет – құқықтық нормалармен немесе басқа да жүйелермен бекітілген әлеуметтік талаптарға сай келетін адамдардың мінез-құлқын қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу.

Қорғау қызметі – оның негізгі мағынасы қоғамдық мүдделер мен әлеуметтік құндылықтарды қылмыстық және өзге де қол сұғушылықтардан қорғау.

Тәрбиелік қызмет – құқық бұзушылықтың содан алу негізінен оның жүзеге асырылуына саяды, өйткені ол адамды мәжбүрлемейді, керісінше көндіруге, сендіруге ұмтылады. Яғни қылмыс жасамас үшін әуелі жазаламайды, дұрыс жолға түсіретіндей тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

Идеологиялық қызмет – оның мағынасы алдын алу шараларының жалпы идеялық бағыттылығын, олардың мазмұнының идеологиялық негізділігін, жолдарды дұрыс көрсетуін, ескерту жұмыстарының құралдары мен әдістерін қамтамасыз ете білуінде.

Болжамдық қызметті жүзеге асыру құқық бұзушылықтың алдын алу теориясы мен практикасын болжамдық ақпараттармен толықтырып байыта түседі, тиісті, әсіресе ұзақ мерзімді жоспарларды жасай отырып, алдын алу қызметінің перспективалық жоспарды анықтауға жағдай туғызады. Бұл

қызмет алдын алудың ағымды және алдағы міндеттерін біріктіріп, олардың ғылыми болжам негізінде нәтижелі орындалуына мүмкіндік жасайды.

Алдын алудың басқа да қызметтері турасында айтуға болады. Олардың әрқайсы тиісті қызметті жүзеге асыруға жағдай жасайтыны сөзсіз. Алдын алудың негізгі қызметі оның әлеуметтік міндеті мен іс жүзіндегі құндылығы арқылы сипатталады. Алдын алудың өзі де әлеуметтік қызмет енетін естен шығармауымыз керек.

Алдын алудың тиімді жүргізілуі қоғамда адамдардың өмір деңгейінің бірден-бір көрсеткішін құрайды. Әлеуметтік қызметтің өсе түрі неғұрлым нәтижелі болса, соғұрлым адамдар адамзаттың ең байлығына қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалған болады. Сөйтіп, қылмыстың алдын алу – кез келген нағыз гуманистік және құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі. Осыдан келіп туындайтыны, қылмыстың алдын алу жүйесі тек қана қызмет етуі тиіс емес, ол тұрақты түрде жетілдіріле түсуі тиіс. Мұндай жетілдіру демократиялық құқықтық мемлекет құру жалпы үрдісінің негізгі құрамы болуы тиіс.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылықтың алдын алу теориясы: қалыптасуы, заты және құрылымы.
2. Қылмыстылықтың алдын алу жүйесі.
3. Қылмыстылықтың алдын алу субъекттерін жіктеу.
4. Қылмыстылықтың алдын алудың құқықтық негіздері.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қылмыстылықтың алдын алудың міндеті мен қызметін атаңыз және Қазақстан Республикасының 2010 жылы 29 сәуірде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Заңын зерделеп, оның құқық қорғау тәжірибесіндегі мәнін анықтаңыздар.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында қылмыстылықты ескертудің ұғымын беру, ескертудің жүйесін айқындау; ескерту, жолын кесу, болдырмау, сақтандыру, профилактика терминдерінің ара жігін ашу керек.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Құқық бұзушылық пен қылмыстылықты ескерту - әлеуметтік процестерді реттеу саласына тән нысан. Қылмыстылықты ескерту деңгейлері. Қылмыстылықтың алдын алудың арнайы криминологиялық деңгейінде оның себептері мен жасалу жағдайларын анықтау.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Кәсіби маңызды, іскери сапасын дамыту мақсатында қылмыстылықты жеке дара ескерту, қоғамға қарсы мінез-құлық танытушылықтың түрлі кезеңдеріндегі алдын алу қызметінің ерекшеліктерін анықтау керек.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстылықты ескертудің түсінігі мен жүйесін айқындаңдар. Қылмыстылықты ескертудің негізгі принциптерін атаңдар және олардың әрбірінің мазмұнын ашыңдар.

«Алдын алу», «ескерту», «болдырмау», «жолын кесу», «сақтандыру» терминдерінің ара жігін ашыңдар.

Қылмыстық құқық бұзушылықтан сақтандыру түрлерін атаңдар және олардың мазмұнын ашыңдар.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстылықты ескертудің жеке субъектілері, мақсаты мен мазмұны қандай?

2. Ішкі істер органдарымен жүзеге асырылған қылмыстылықты ескертудің және алдын алудың ерекшелігі неден тұрады?

3. Қазақстан Республикасының 2010 жылы 29 сәуірде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» №271-IV Заңын зерделеп, оның құқық қорғау тәжірибесіндегі мәнін анықтаңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,6,12,14,15,16,17,18,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 3,5,9,12,13,15,16,17,18,38-40,44 әдебиеттерді қараңыз.

**7-тақырып**

**Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістері**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстылықты зерттеудің міндеттері мен теориялық негізі.
2. Криминологиялық зерттеудің әдістері.
3. Криминологиялық зерттеуді ұйымдастыру.

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қылмыстылықты зерттеудің қажеттілігі қылмысты ескерту мен алдын алу ісі жүзіндегі сұранысынан туындап отыр. Құқықтық тәртіптің жай-күйін талдауға байыпты әрі ғылыми көзқараспен қарау және оны нығайту жөнінде шаралар қолдану, қоғамға жат құбылыстарды игере білудегі объективті заңдылықтар мен субъективті факторлардың ролін түсіне білу нәтижелі істі қамтамасыз етеді. Ғылыми талдауларға немқұрайлы қарау, кез келген ерікті шешім іс жүзінде көбінесе пайдасыз болып, күш пен құралдарды тиімсіздікке ұшыратады.

Қылмыстылықты оқып-зерттеу құқық қорғау органдарының нәтижелі қызметінің аса қажетті шарты болып саналады. Ол нақты бір қылмыс жасауға жағдай туғызатын себептер мен шарттарды зерттеуден бастап қылмыстың барлық статистикалық талдауына дейін әркілі дәрежедегі практикалық қызметкерлермен жүзеге асырылады. Қылмыстылықты нақтырақ зерттеумен арнаулы ғылыми мекемелер айналысады.

Қылмыстылықты зерттеу қала, аудан немесе жекелеген объекті көлемінде тіркелген қылмыстардың және оны жасаған адамдардың есебі бойынша мәліметтерді қорыту және талдау жолымен басталады. Зерттеушінің кездейсоқ жағдайдан нақты бір қылмыстың дерегін алып қорытынды жасауы осы аймақтағы немесе осы объектідегі қылмыстылықтың сипатын ашуға, осы құбылыстың мән-жайына тереңінен қанығуға, оның себептері мен шарттары туралы толық түсінік алуға мүмкіндік туғызады. Жекелеген мөлтек аудандар мен объектілер бойынша салыстырма жасау қылмыстылықтың алдын алу шараларын жүргізудің нақты орнын белгілейді. Мұндай деңгейде, әдетте, қылмыстың шектелген саны тіркеліп, ғылыми статистикалық өңдеу мен алынған ақпараттарды талдауға, сонымен бірге қылмыстылықтың құрылым заңдылықтары мен динамикасы үшін онша табыс әкелмейді. Сондықтан қылмыстылықтың төмендеуі мен өсуі жөніндегі қорытындыға сақтықпен қарап, қала, аудан, объекті деңгейіндегі қылмыстылық сипатында салыстырмалы бірлікті (пайыз, үлес салмағы және басқа) пайдаланған жөн.

Қылмыстылықтың жай-күйі мен динамикасы заңдылықтарын ашу, қылмыс жасауға итермелейтін себептер мен шарттар туралы білімді тереңдете түсу мүмкіндігі республикалық деңгейдегі немесе ірі аймақ деңгейіндегі жекелеген қылмыстардың, қылмыстылықтың жекелеген құрылымдарын зерттегенде ғана пайда болады. Зерттеуге бәрі келмесе де қылмыстың тіркелген түрлерінің қайсыбірі сөз жоқ келеді. Ол қайтседе қылмыстылықтың белгілі бір құрылымдық элементтері бойынша (қылмыстың қайталануы, кәмелетке толмағандар қылмыстылығы, бұзақылық, пәтер тонау және басқалар), қылмысқа сәйкес жасалу себептері мен шарттары туралы түсінік береді. Тиісті ақпараттарды статистикалық өңдеу қылмыстылықтың белгілі бір түрінің жай-күйі мен динамикасының заңдылықтарын ашуға септігін тигізеді. Осының бәрі қылмыстылықтың нақты түрлерімен күрес шараларын ғылыми негізде жандандыруға және осы шаралар кешенін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қылмыстылық – әлеуметтік-құқықтық құбылыс. Бұл – қылмыстылықты зерттегенде осы құбылыстың әлеуметтік және заңдық жақтарын да талдау қажеттігін білдіреді. Әлеуметтік құбылыс ретінде қылмыстылық көптеген әлеуметтік факторлармен, өз кезегінде бірлескен күрделі динамикалық өзара әрекеттестіктермен байланысты. Сондықтан әлеуметтік құбылыстың, яғни әсіресе қылмыстылықтың басты ерекшеліктерін назарға алған дұрыс.

Ғылыми криминологиялық зерттеудің нақты міндеттерін орындау үшін құқық қорғау органдарының есеп жүргізуіндегі мәліметтік ақпараттармен бірге ақпарат жинаудың арнайы әдісі қолданылады. Бұл ақпараттар соңғы қорытындысында міндетті статистикалық өңдеуге жататын болғандықтан артықшылық ақпараттарды бағдарламалы әдістерге (қадағалауға, құжаттарды зерттеуге, тиісті адамдарға сауал салуға) беріледі.

Қадағалау – бұл зерттелетін объектіге қатысты және зерттеудің мақсаты үшін мәнді фактілерді зерттеушінің өзінің тікелей қабыл алуы мен оларды тура тіркеуі.

Зерттеудің бірінші кезеңінде зерттеуші өзіне қажетті фактілерді, олардың белгілері мен сипаттарын қадағалау бағдарламасын (белгілеу тізімі мен әдісі) күні бұрын анықтап алуы тиіс. Алайда, тура қабылдау қадағалау кезінде бұл бағдарлама бойынша күтпеген, бірақ зерттеу мақсаты үшін маңызы күшті, түрі мен мазмұны соншама бай ақпарат беруі мүмкін. Қадағаланушы объектінің байлығы бейнесі мен күтпеген фактілердің мүмкіндігінде криминологиялық зерттеу ретіндегі қадағалаудың негізгі құндылығы жатыр.

Құжаттарды зерттеу – криминологиялық зерттеудің кең тараған және айтарлықтай сенімді әдісі. Құжаттарда тәртіп бойынша тексерілген және зерттеушінің сеніміне ие болатын фактілер тіркеледі. криминологиялық зерттеу үшін маңызы бар құжаттар тергеу мен жасалған қылмыстар туралы сот карауының материалдарында, еңбекпен түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың жеке басы іс қағаздарында болады. Осы мақсат үшін құқық қорғау органдарының қылмыспен күрес жүргізу қызметі туралы өзге де құжаттарын пайдалануға болады.

Құжаттарға мақсатты зерттеу жүргізу үшін алынған ақпараттарды статистикалық өңдеуден өткізу мүмкіндігін ойластыру қажет, бұл жұмыс күні бұрын бағдарланады. Зерттеушіге қажетті құжаттардан алынатын фактілер жөнінде сауалнама жасалады. Алайда, жоғарыда айтылған құжаттарды криминологтардың алдағы мүдделері үшін пайдалану мүмкін емес. өйткені, әдетте мұндай құжаттарда зерттеушіге ғана қажетті мәселелер болады. Мұндай жағдайда құжаттарды зерттеудің шектелуі байқалады.

Криминологиялық зерттеудің әдісі ретіндегі сауалнама жүргізудің екі түрі болады: көзбе-көз сауалнама – сұхбат (интерв,) және сырттай сауалнама – сұрақ-жауап (анкета) жүргізу. Осы екі жағдайда да зерттеудің нақты мақсатына байланысты істі қолға алу күні бұрын жоспарланады. Толтырылғаннан кейін статистикалық өңдеуден өтетін сауалнама, сұрақ-жауап, карточка қағаздары жасалады.

Сұхбат (интервью) барысында зерттеушіні қызықтыратын құжаттағы белгілі болған және тіркелген фактілер мен сипаттамалар жөнінде сұралу мен әңгіме-дүкен жүргізіледі. Сұхбаттың нәтижелілігі көбінесе соның барысында зерттеушінің байыпты ақпарат ала білу шеберлігіне байланысты.

Осыған байланысты сұхбат жүргізудің келесідей әдістемелік негізгі талаптарын орындау ұсынылады. Ең әуелі сұрақ қойылатын адаммен тіл табыса білу қажет. Тартқыншақтықтан арылып, бейтаныс адаммен еркін сөйлесіп, оның қойған әрбір сұрағына да жауап беруге даяр болу керек. Бой үйрету мақсатында бастапқы сауалдарды жауап беретін адам жауап бере алатындай оңай сұрақтардан бастаған жөн. Содан кейін біртіндеп басты мәселеге көшу керек. Осы жерде жауаптың дұрыстығына көз жеткізу үшін сөздің тонын айналдырып қайталап отыру да тиісті нәтиже береді. Сұхбат соңында тағы да жеңілдік туғызып, әңгімесін жалғастыра түсетіндей еркіндік

берілу керек. Осы жерде сұхбат бағдарламасында ескерілмеген, бірақ зерттеу мақсаты үшін маңызды мәні бар жаңа фактілер, зерттеліп отырған құбылыстың жаңа қасиеттері пайда болып қалуы мүмкін.

Криминологиялық зерттеудің тиісті нәтижеге ие болуы үшін оны ең әуелі әдістемелік дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Негізгі қамтамасыз етуші құжат зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, оны жүргізу көлемі мен әдістемесі, ақпараттарды өңдеу тәртібі, зерттеу қорытындыларын жүзеге асыру жолдары белгіленген жоспар немесе жұмыс бағдарламасы болып саналады. Жоспар нақты мерзімі мен орындаушысы көрсетілген тиісті жұмыстарды жоспарлау үшін ғана қажет емес. Ол сонымен бірге зерттеуді мақсатты, үнемді және әдістемелік дұрыс жүргізуге бағытталған шығармашылық құжат болып табылады.

Жоспар құрғанда криминологиялық зерттеу тәртіп бойынша бірінен соң бірі келетін дайындық; пилотаждық зерттеу; ғылыми (эмпирикалық) материал жинау және оны өңдеу; нәтижелерді талдау және мәліметтік құжаттар даярлау сияқты төрт кезеңнен тұратыны есте болу керек.

1. Криминологиялық зерттеудің дайындық кезеңі. Оның мазмұнына ең әуелі зерттеудің мақсаты мен міндеті кіреді. Ол үшін бір жағынан зерттеушінің алдына қанадай мәселе қойылады; ал екінші жағынан осы мәселе бұрын қандай жағдайда зерттелді және онда қандай ақпарат алынды соларды біліп алу керек. Зерттеудің бастапқы мақсаты әдетте молырақ немесе азырақ жалпы нысанда құрылады. Содан кейін осы мәселе бойынша бұрын жүргізілген зерттеулердің әдебиеттері мен материалдарын оқып-зерттеу жолымен туындаған сұраққа дайын жауаптардың бар-жоқтығы немесе жетімді-жетімсіздігі тексеріледі. Мұндай алдын ала жүргізілетін жұмыстар жаңадан алынған білімдерді нығайта түсу үшін ғана емес, ол жоспарланған зерттеудің мақсатын нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің келесі элементі оның міндеттерін нақтылай түсу болып табылады. Бұған жоспар, жұмыс гипотезасы деп аталатын тұжырым, яғни осы зерттелетін құбылыстың статистикалық заңдылықтарының негізіндегі бұрыннан белгілі сипаттары мен байланыстары (қылмыстар, оларды жасаған адамдар, құқық қорғау қызметінің нәтижелері және сол сияқтылар) туралы ұйғарымдар жатады.

**Семинар – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстылықты зерттеу мақсаты, міндеттері мен әдістемелік негіздері.
2. Криминологиялық болжам жасау жүйесі, оның мақсаттары мен міндеттері.
3. Криминологиялық болжам жасауды ұйымдастырудың негізгі әдістері.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Криминологиялық зерттеудің негізгі сатыларының мазмұнын ашыңыздар.

### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: қылмыстылықты зерттеудің міндеттері, теориялық негіздері, криминологиялық ақпаратқа қойылатын негізгі талаптарын анықтау, криминологиялық зерттеуде қолданылатын сырттан бақылау жүргізу әдісінің мазмұнын ашу, криминологиялық зерттеу жүргізудегі сұхбат және сауалнама жүргізу реті, олардың айырмашылығы.

### **КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Криминологиялық зерттеудің міндеттері мен объектісі. Қылмыстылықты зерттеу – оны алдын алудың тиімді және ғылыми негізделген қажетті шарты. Қылмыстылықты зерттеудің теориялық негіздері және оның себептері мен қылмыскердің жеке тұлғасы.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Іскери сапасын дамыту мақсатында түрлі деңгейде құқық қорғау органдарының құқық бұзушылықтар және қылмыстылықты зерттеу бойынша нәтижелерін зерделеу керек.

### **КӨЖ – 3 сағат**

#### **Тапсырма:**

1)Криминологиялық зерттеу кезеңдерін логикалық жалғастықпен баяндаулар және оның мазмұнын ашыңдар. Криминологиялық ақпарат қандай негізгі талаптарға жауап беруі тиіс?

2)Желтірілген белгілердің қайсысы сауалнама жүргізуге тән, ал қайсысы сұхбат жүргізуге тән:

- а) авторсыз (қол қойылмаушылық);
- б) сырттан айтудың мүмкіндігі;
- г) уақыт пен құралдарды аз жұмсау;
- д) жауаптан бас арту ықтималдығы

#### **Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Қылмыстылықты зерттеудің міндеттері мен теориялық негіздері қандай?

2. Криминологиялық зерттеуде қолданылатын сырттан бақылау жүргізу әдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері неден тұрады?

3. Криминологиялық зерттеу әдісінің бірі ретіндегі құжаттарды зерттеу қандай талаптарға жауап беруі керек?

4. Криминологиялық зерттеудің негізгі сатыларының мазмұнын ашыңыздар.

### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,6,12,14,15,16,17,18,19,20,21,22,23 әдебиеттерді қараңыз.



**Қосымша әдебиеттер:** 12,13,15,16,18,19,20,25,34,35 әдебиеттерді қараңыз.

## **8-тақырып** **Кәсіби қылмыстылық және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Кәсіби қылмыстылық түсінігі мен сипаттамасы.
2. Кәсіби қылмыстылық себептері мен алғы шарттары.
3. Кәсіби қылмыстылықты ескерту.

### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Криминологиядағы шиеленіскен мәселелердің бірі неліктен белгісіз – ғасырдан астам тәжірибешілер мен ғалымдардың көз қарастарының көп түрлілігіне қарамай негізгі зерттеулердің жеке құралы болмаған кәсіби қылмыскер ұғымдары осы және басқа жағдайлары мен көрсеткіштерге қатысты аз айтылған жоқ. У. Ломбродан бастап ғалымдар кәсіби қылмыскердің мінез-құлқындағы тұрақты арам тамақтықпен кейбір интелектерімен татуировка, жаргон, өзара көмектесуге ынталандыруды атап өтті.

Жалпы кәсіби қылмыстық мәселелерді аз зерттелген мәселелердің құрамына қосуға болады. Бұрынғы КСРО-мен қазіргі егеменді мемлекеттерде кәсіби мемлекеттің басталуына көп уақыт өткен жоқ. 30-80 жылдарда кәсіби қылмыс КСРО патшалықтың қалдығы ретінде толық жойылуы деп есептелді. Шынында да КСРО-да сейф бұзушылар сияқты (медвежатник), жалған қымбат бұйымдарды пайдаланатын ұрылар сияқты қылмыстық “кәсіпкер” жоғалғанымен, үй тонаушылар, тағы сол сияқтылар қалды және “гүлденді”. Кейінірек 70 жылдары қылмыстық және тиым салынған халықтық тұтынушы тауарларды (попольный) тығып өндіру сияқты қызметтің жаңа түрі кең тарады, бірақ бұл құбылыс ресми түрде болған жоқ, сондықтан кәсіби қылмыстың себептері мен шарттары және бұл құбылыс бойынша ешқандай санақ пенесеп жүргізілген жоқ.

Кәсіби қылмыскерлерге байланысты терминологиялар тұрақты болған жоқ, оларды әр түрлі: “әдетті”, “табанды”(упорный), “созылмалы”, “түзелмейтін” деп атады. Басқаша айтқанда сол кездегі ғалымдардың ішінен мақсатқа сәйкес ғылымда “кәсіби қылмыскер” терминін қолдану бірлігі болған жоқ. Бұл терминге С.Познышев пен И. Фюйницкий қарсы болды. Бірақ криминалистердің көбі қылмыскерлердің осындай типін мойындай отырып “кәсіби” терминін қолданды. Кәсіби қылмыскерлер туралы айта отырып, олар қылмысты кездейсоқ ойдың немесе ойының әсерінен жасамайды, еңбекті өздерінің қасиетінен төмен санап отырып туелсіздікті серік ете отырып қылмыстық жолға түседі деп П.И. Люблинский жай жазған жоқ. Осы мәселе бойынша тағы да бір пікір туындағанын айта кеткен жөн. Кейбір авторлар қандай да бір өндірістік шеңберінде ұрлау немесе алдау жасаған адамды кәсіби қылмыскер деп есептеді. Осы концепцияға сәйкес өзінің орындайтын жұмысына, мамандығына байланысты қылмыс жасайтын

саудагер, кәсіп немесе басқа адам кәсіби қылмыскер болып табылады. Осы мәселемен айналысатындардың көбінің бөлек келіспеушіліктеріне қарамай, кімнің қызметі тұрақты және пайда күнемдікке бағытталған, яғни материалдық табыс әкелетін тұлғаларды анықтауға “кәсіби” терминін қолдану табысты деп есептеді.

Ал кәсіби қылмыскер мен және “кәсіби” термині қылмысқа қарсы күрес практикасында ерте пайда болды. XVIII ғасырдың аяғында Париждік құпия полицияның бастығы Ф.Э. Вецок жүйелі түрде ұрлықпен, алаяқтықпен және қылмыстық мақсатқа жетуде әккілікпен ептілік сипатталатын басқа да қылмыспен жүйелі айналысатындар да кәсіби қылмыскерлер деп атады. Айта кеткен жөн қылмыскерлердің бөлек категорияларының қылмыстық мінезіндегі бұндай стереотипті антропологиялы бағытты жақтаушылар да белгіленген. Ч. Ломборзонның айтуы бойынша қалта ұрыларында ақша сол уақытта оларға керек емес болса да оны көрген уақытта ұрлап алу қажеттілігі өте күшті пайда болады. Ч. Ломборза және оның ізбасарлары жүріс тұрысқа апарып соғатын бұл сияқты қажеттілікті “қылмыстық импульс” деп атады. Зерттеушілер кәсіби қылмыскерлердің жеке басының психологиялық қасиеттерін талдай отырып құқыққа қарсы тұрақты іс-әрекетінен дамуының тағы да бір маңызды белгісі – “еңбекті” болу немесе мамандандыруды анықтады. Ағылшын ғалымы Э. Гавелюк криминалистер қатарының теориялық концепцияларын талдай отырып мынандай қорытынды шығарды: кәсіби қылмыскер өзінің кәсіби тәуекелшілдікпен байланысты және епкілікті талап ететіндіктен өмір сүруіне қаражат табудың өзіне белгілі әдістерін әбден ойланып таңдап алады. Кәсіби ұры мамандануға ұмтылады, - деді басқа ғалым – неміс криминалисті А. Веьнгарт, - ол өзі іс-әрекеттерін ұқсас заттар түріне бағыттайды және ұрлау үстінде ұсақ-түйекке дейін бірдей істейді, себебі бір жағынан бұл оның қабілеттеріне сәйкес келді, екінші жағынан бірдей әрекеттегі мұндай тұрақтылық ептіліктің көбейюі мен жетілдіруіне әкеп соғады. Бұл белгілер антиқоғамдық дәстүрмен қылмыстық ортаның салттарын зерттеген С.Я. Лебезевтің пікірінше қылмысты ашуда қылмысты ашу кезінде есепке алудың маңызы зор.

Кәсіби қылмыстың дәстүрлі бағыттары қалтадан ұрлау, автокөлік ұрлау, электро жүйелі күзеті бар сейфтер мен бөлмелерден ұрлау, алаяқтық, антиквариат тонау, жалдамалы кісі өлтіру және басқа да қылмыстық әрекеттері болып табылады. Өз кезегінде кәсіби ұрылар, алаяқтар және де басқада кәсіби қылмыскерлер категориясы қысқа мамандандыру негізінде бөлінеді. Мамандандыру бір мамандық сияқты анықталады. Криминалды мамандандыру – бұл пайда күнемдік бағыттағы бір ыңғай немесе бірдей қылмыстарға дайындық оларды жасауға және жасыруға бағытталған қысқа мамандандырылған дағдылар мен әрекеттер.

Кәсіби қылмыскерлер 2 түрге бөлінеді: құқық бұзушылар мен қарапайым көлеңкеде Қалған қылмыскерлер, олар қылмыс жасағандарға өздерінің қолдан келген көмегін береді. Бұндай кәсіп иелерінің қазіргі таңда ондаған түрлері бар: ұрланған тауарларды сатушылар, сутенерлар, көлік жүргізушілері, суық қару сақтаушылар, тағы басқалар. Пайда күнемділік

қылмыскерлер өсе түсуде, олардың ашылуының азаюы, олардың қылмыстық кәсіппен байланысы жасырын түрде қалуды: олар оның айғағы болып табылады. Жыл сайын орташа көрсеткіш 79-90%-ті бандалық топтардың қылмыс жасауы мен криминалдық қылмыстар болып қалуы. Осының арқасында қылмыскерлер қылмыс жасауда шеберленуі мен жаттығулары білінуде, заңдағы қылмыскерлерлердің алаяқтардың, ұрлықшылардың бірігуі қылмыстық топтардың кәсіби деңгейінің көп болуын көрсетеді.

Криминалдық кәсіп және кәсіби қылмыс әлеуметтік құбылыс сияқты себептерден тұрады. Бірақ онымен бірге оларда арнайы детерминант – қылмыстық қарақшылық салттар мен дәстүрлер әсері бар бұл кәсіби қылмысты қайта өндіретін катализатор болып табылады. Бұлар криминогендік ортада қатынастар етпейтін субмәдениетті әлемдік көз қарас бекітетін және әлеуметтік бақылау жағдайларындағы кәсіби қылмыстық өмір сүруін қамтамасыз ететін антиәлеуметтік заң болып табылады. Криминологиялық салттардың кәсіби қылмыскерлердің тууына әсерін экономиканың, қоғамның, әлеуметтік және адамгершілік институттарының әлсіреуі кезінде болуы мүмкін. Құқық қорғау органдарының әрекеттеріндегі ұйымдастыру басқару жетіспеушіліктері қылмыстық заңның қоғамдық қатынастан кейін қалуы қылмыстық қауіпті пайда болу нейтрализацияларына бөгет болады.

Криминалдық мамандармен және оның ұйымдасқан формаларымен күресу әлеуметтік аспектіде экономикалық, идеологиялық, құқықтық шаралармен ұштасады. Бірақта оларды күшейтуге қоғамдық мекемелермен бірігіп әрекет жасайтын құқық қорғау органдары криминалдық кәсіптесактандыруға бағытталған профилактиканың арнайы шаралары тартылған.

Күрестің тиімділігі мамандандырылған кәсіптің жеке түрі емес, кәсіби қылмыстан сақтандыруға кешенді жақындаудан басталады.

Қылмыстың бұл түрінен сақтандыруға арнайы дайындалған адамдар айналысу керек. Мамандармен одан да жақсы мамандар күресу керек. Егерде сңғылары құқық қорғау қызметкерлері болса сонда ғана жақсы нәтижелер көруге болады. Бұл жерде басты ньюанс заңшығарушыларға , ішкі істер министрлерге әсіресе сотталғандар мен жұмыс істейтін бөлімдерінде жатыр.

**Семинар – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

- 1.Кәсіби қылмыстылық түсінігі және ерекшеліктері.
- 2.Кәсіби қылмыскердің тұлғасы.
- 3.Кәсіби қылмыстылықтың алдын алудың негізгі бағыттары.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Кәсіпқой қылмыстылықтың рецидивтік қылмыстылықпен байланысын айқындаңыз.

### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: Рецидивтік қылмыстылықтың себептері мен шарттарына,

соңғы 3 жылдағы статистикалық мәліметтерге тоқталыңыз. Қазіргі уақыттағы қылмыстылықтың криминалды кәсібилігін, кәсіби қылмыскерлердің жеке ерекшеліктерін қарастыру.

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Кәсіби қылмыстылықтың негізгі көрсеткіштері. Қазіргі таңдағы қылмыстылықтағы криминалды кәсіпқойлық. Кәсіби қылмыскерлердің сипаттамасы. Әлеуметтік-демографиялық белгілер және адамгершілік-психологиялық қасиеттер. Кәсіби қылмыскерлер жеке тұлғасының ерекшеліктері.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Сабаққа дайындалу барысында қолда бар нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ семинар тақырыбы бойынша оқулықтар, монографиялар және оқу құралдарын қолдану қажет.

**КОЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Кәсіптік қылмысқа әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан баға беру түсінігін (ұғымын) беріңіз.

Кәсіптік-қылмыстық әрекет белгілері мен олардың ерекшеліктерін анықтаңдар.

Қазіргі уақыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтың криминалды кәсіби шеберлігін сипаттаңдар.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Кәсіптік қылмыстық құқық бұзушылыққа тән негізгі қылмыстық біліктілікті атаңдар.

2. Криминалдық кәсіби шеберліктің өміршеңдігіне ықпал ететін негізгі әлеуметтік жағдайды атаңдар.

3. Кәсіби қылмыстылықты ескертуде ПО рөлі қандай.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 12,13,16,18,23,40,41,42,43,44 әдебиеттерді қараңыз.

## **9-тақырып**

**Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының криминологиялық сипаттамасы.

2. Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстардың себептері мен шарттары.

3. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығын алдын алудың

ерекшеліктері.

## ДӘРІС ТЕЗИСІ

Бізге белгілі болғандай бір аумақта және белгілі бір уақытта жасалған барлық қылмыстардың жиынтығы, қылмыстылық белгісінің бірі болып саналады. Ал кәмелетке толмағандар мен жастардың қылмыстылығы осы жиынтыққа кіретін қылмыстылық түрінің бірі болып табылады. Қылмыстылықтың бұл түрі басқа да қылмыстылық түрлері сияқты сандық-сапалық көрсеткішімен, ресми статистикалық тіркелуімен мінезделіп, өз теориясында қылмыс жасаған адамдар туралы және қылмысты жасаудың себептері туралы мәселелерді қамтиды.

Кәмелетке толмағандар мен жастардың қылмыстылығымен күресу – бұл қылмыстылықтың ағымдағы себептері мен факторларымен және басқа да құбылыстарымен бірге болатын әлеуметтік саяси мәселе. Көптеген жылдар бойы бұл мәселеге тәжірибелі заңгерлер мен ғалымдар және осы тақырып бойынша әртүрлі сұрақтарын қарымқатынасы бар басқа да субъектілер. Соңғы жылдарда кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының тенденциясы өсуде. Республикамыздағы экономикалық құлдырау – бұл құқық бұзушылық пен қылмыс жасау әдісінің ең басты және негізгі себебі.

Біздің елімізде кәмелетке толмағандардың қылмысы мен құқық бұзушылығын ескертуде ерекше мән беріліп отыр. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығымен күрес жастарды тәрбиелеу бойынша кешенді жұмыстың белгілі бір құралы ретінде қаралады. Бұл іс бойынша кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алу негізгі міндет болып табылады.

Кәмелетке толмағандар арасында арнайы қылмыс жасауға арналған топтар құрылады. Әсіресе ол тұлғаға қарсы күш көрсету мен зорлау және қасақана қылмыстармен сәйкес келеді. Бұл топтарға жас жеткіншектер әртүрлі себептердің күшімен бірігеді. Олар: қылмысты жалғыз жасау мүмкіндігінің жоқтығынан және табиғи күшпен техникалық және арнайы қабілетінің жетіспеуі. Кәмелетке толмағандардың топтық қылмысының түрі абайсызда құрылған топтың қылмысы сияқты болады. Тәртіп бойынша мұндай топтармен бұзақылық актілері жасалады. Осы жерден мынадай психологиялық белгілер пайда болады, жеткіншектердің қоғамға қарсы бағытталған көзқарасы күшейеді, қатыгездік пайда болады және қылмыс жасағанда жазадан құтылатын деген сенімділік пайда болады.

Топтық қылмыстардың өсуіне бағыттаушы қауіпті тенденцияға байланысты. Топтағы қатысушылардың ұйымдастырушылық элементтерімен бірге абыржу мінезі қылмыстың қасақаналығында. Мұндай топқа қатысушылардың көпшілігі қоғамға қарсы бағытталған мінездерден көрінеді. Мұндай қылмыстарға өте мұқият дайындалады және оларды жүргізу кезінде әртүрлі техникалық құралдар қолданылады және іздерді жоғалту үшін және ұрланған заттарды жасыру үшін әртүрлі шаралар қолданады. Мұндай қылмыстарды ұйымдастырушы адам үлкен тұлға болады. Олар ұзақ уақыт бойы топты басқарады, кейбір жағдайларда оған қатысушылардың

келіспеушілігінен орнынан түсіп қалады. Жасөспірімдер өздерінің қылмыстық топтарын үлкен адамдардың қылмысық топтарына ұқсатқысы келеді және олар сияқты топтың ішіндегі заңмен өмір сүреді. Қазіргі таңда кәмелетке толмағандар мен аралас топтар уақытылы ұсталуда және ұйымдастырылған қылмыстың өсуі қадағалануда. Құқық қорғау органдары өздерінің назарын үлкен адамдарға, яғни кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы қылмыс істеуге тартушыларға қаратуда.

Кәмелетке толмағандардың қылмысын жоғарыда айта кеткендерді қорытындылай келе мынаны белгілесек болады. Бұл қоғамға және қылмыстық құқыққа қарсы қылмыстық құқықпен қорғалған әрекет, 14-18 жасқа толған тұлға өзімен бірге топтық мінездемесі бар.

Кәмелетке толмағандардың қылмысының түсінігін қарастырсақ қылмыскердің криминологиялық мінездемесі мына белгілер арқылыжынысы, жасы, жанұялық жағдайы қылмысының түрлері арқылы сипатталады. Қылмыскердің жеке басының мәселесі оның қылмыс істеу кілті болып табылады. Криминологиялық ғылымда айта кететін болсақ, қылмыскердің жеке басы туралы нақты анықтама жоқ. Қылмыскердің жеке басы туралы анықтаманы И.И. Карпец жоққа шығарады. Оның айтуы бойынша біз бұрынғы кеңестік қоғамда қылмыскердің жеке басы туралы анықтама беруді тәжірибелік негізі деп саналады.

Ю.М. Антонян Карпецпен келісе отырып бұрынғы капиталистік қоғамда адамдардың қылмысы абайсызда немесе байқаусызда жасалуы қарастырылған. Жеке тұлғаның анықтамасын беру өте қажет, себебі криминологиялық ғылымының тануына байланысты ондағы қылмыскерлердің түсінігі және оларды біріктіру үшін әртүрлі қылмыстарды қамтиды.

Бұл жағдайды У.С. Жекебаевта қолдайды. “Әр түрлі қылмыс жасағандардың психологиясы қылмыскерлердің психологиясымен ұқсас келмейді. Сонымен бірге жекелеген адамдардың жеке басы қоғамға қарсы белгілер мен мінездерді және де психикалық тұрғыдағы тұлғаларды жақтамайды. Дәл осындай әрекеттер қылмыс жасағандарға қойылатын сұрақтардың бірі. Автор осымен бірге қылмыскердің жеке басының анықтамасын шығаруға қарсы болады.

Қоғамда кәмелетке толмағандардың қылмысын тоқтату үшін барлық объектілік сілтемелер табылады. Мемлекет өсіп келе жатқан ұрпақтардың келешегіне өте үлкен көңіл бөледі. Кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыспен күресу біздің еліміздегі құрама бөлігі болып себептері мен жағдайларының ортасы болады. Криминологияның бірден бір орталық мәселесі – қылмыстың себебі ол қазіргі таңда өзінің қажеттігін жоғалтты, бірақ басқалармен салыстыра қарағанда бұрынғысы қайда маңыздырақ.

Бұл қоғамның қылмысқа деген үлкен шыдамсыздығынан түсіндіреді, себептері мен жағдайларының орнын толтыру және анықтау керек кезде қылмысқа жол бермеу.

Кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің қылмыс жасаудағы бірден бір кең таралған себептерінің бірі есірткі заттарды қолдану, сонымен

катар есірткі заттар олардың арасында көп қолдану жағдайынан. Зерттеу нәтижелері маңызды себептердің бірін анықтай келе есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттарды қалдану болып табылады. Есірткі заттарды қолданудың бірден бір себебі болып қызығушылық – 52,3% сосын өзінің рахат сезімін сезіну 19,2%, соңғы себебі достарынан қалмау – 10% табылады.

Кәмелетке толмағандардың бос уақытын ұйымдастырмау, олардың арасындағы құқық бұзушылық жасауына әсер етеді. Тәжірибенің көрсетуі бойынша жасөспірімдер кейде қылмысқа іш пысқаннан барады. Кейде олар спирттік ішімдіктер ішеі. Көшедегі адамдарға тиседі, төбелес шығарады, және т.б. мақсатсыз бос уақыт өткізу кәмелетке толмағандардың адамгершілік және физиологиялық дамуына теріс әсер етеді. Жасөспірімдердің спирт ішімдіктерін ішуіне, қоғамға қарсы қылықтардың істеуіне тартуына көмекші рөл “көше факторы” атқарады. Қоғамға қарсы қылықтармен қалыптасуы мен жасаудың арасындағы байланысты жоғарыда айтылып кеткен факторлармен қоса келесі факторлар әсер етеді: үлгермеушілік, сабақтарға қатысуын өз дәрежесінде қадағаламау, жұмыссыздық және т.б.

Сөйтіп, қылмыстылықтың себептерін зерттей отырып біз шындықты білеміз. Кәмелетке толмағанның қылмыс жасауының себептері мен жағдайларын зерттеу бізде оларға нақты ықпал ету, оларды алып тастау, олардың пайда болуына кедергі жасау сияқты жағдайлар береді.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Кәмелеттік жасқа толмағандар қылмыстылығы ұғымы мен оның криминологиялық сипаты.
2. Кәмелеттік жасқа толмағандар қылмыстылығының себептері мен жағдайлары.
3. Кәмелеттік жасқа толмағандар қылмыстылығының алдын алу.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу саясатында қандай факторлар жетекші маңызға ие? Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыздығы мен қаңғыбастығының алдын алу туралы» №591 заңын криминология тұрғысынан талдап, ІІО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: Ақпараттық-талдау жұмысы деңгейін көтеру, криминологиялық алдын алу субъектілерінің функцияларын талдау.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің жынысы, жас мөлшері, тәрбиелену жағдайларының ерекшеліктеріне және мекен-жайы мен айналысатын істері бойынша криминологиялық сипаттамасы. Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің

адамгершілік-психологиялық белгілері. Кәмелетке толмаған қылмыскерлерді жіктеу. Психикалық ауытқулары бар кәмелетке толмағандар қылмыстылығы.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Тапсырмалар орындау барысында кәмелетке толмағандар психикасының жасына қарай ерекшеліктері және олардың криминологиялық мәніне сипаттама беру керек.

**КОЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қылмыстық құқық бұзушылық жиі түрде келесідей себептер (мотивтер) бойынша жасалады: сотқарлық, өзін-өзі көрсету, қатыгездік, менмендік, қасақаналық, бұзықтық ниет, кек алу және ызалану, өзгелермен ынтымақтасу, қызғаныш, күштеу, өзге адамдарға еліктеу, беделді заттарға ие болуға ұмтылу, есірткілік құралдар өндіру, спирт өндіру.

Жоғарыда келтірілген себептердің (мотивтердің) қайсысы 14-15 жастағыларға, 16-17 жастағыларға, 18-24 жастағыларға тән?

Жүргізілген себептерді (мотивтерді) ранжирлеу негізінде 14-15 жастағылардан бастап, 16-17 жастағыларға және 18-24 жастағыларға криминалдық мотивация динамикасына сипаттама беріңдер.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Кәмелетке толмағандардың негізгі қылмыстылық көрсеткіштеріне сипаттама беріңіз (жай-күйі, құрылымы, динамикасы және т.б.).

2. Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің жеке тұлғалық ерекшеліктері қандай?

3. Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің жеке тұлғалық адами қалыптасуына әсер ететін теріс факторлар қандай?

4. Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарын жеке алдын алуда ПО қандай жұмыстар жүргізеді?

5. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және балалардың қараусыздығы мен қаңғыбастығының алдын алу туралы» №591 заңын криминология тұрғысынан талдап, ПО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,12 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 4,9,11,13,18,23,36,37,38,39 әдебиеттерді қараңыз.

**10-тақырып**

**Әйел адамдардың қылмыстылығы және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**



1. Әйел адамдардың қылмыстылығының жай-күйі, дамуы және жүйесі.
2. Әйел адамдардың қылмыстылығының себептері.
3. Әйел адамдардың қылмыстылығын ескерту.

### ДӘРІС ТЕЗИСІ

Әйелдердің қылмыстық мінез-құлқы жеткілікті меңгерілмеген. Сонымен қатар қоғамға қайшы, соның ішінде әйелдердің қылмыстық мінездері қоғамға, отбасына кері әсерін тигізіп жатыр. Әйелдер қылмыстылығы – қоғамның, оның рухының салауатты жүріс –тұрысының көрсеткіші, адамзат құндылығының негізіне деген қатынасы.

Әйелдердің бейәлеуметтік жүріс-тұрысы өсіп келе жатқан ұрпаққа салғырт әсерін тигізеді. Әйелдер мен кәмелетке толмағандар қылмыстылығының арасында тығыз байланыс бар.

Кейінгі жылдары әйелдер қылмыстылығының өсу қарқыны байқалады, сондай-ақ кәмелетке толмаған қылмыскерлер арасындағы қыздардың саны өсуде. Қыздар ішкілікке, маскүнемдікке, нашақорлыққа, жезөкшелікке белсенді түрде салынатын болып кетті, жеке адамға қарсы қылмыстарды да сирек жасайтын болды.

Әйелдердің қылмыстық жүріс-тұрысы еркектердің қылмыстылығынан көлемі және қылмыстың сипатымен, әдісімен және оны жасау құралымен қылмыстық қол сұғудағы құрбанды таңдаумен ерекшеленеді. Әйелдердің қылмысына көбінесе отбасылық-тұрмыстық және соған сәйкес жағдайлар жиі ықпал жасайды. Бұл ерекшеліктер қоғамдық қатынастардың жүйесінде әйелдің тарихи бейімделген орнымен, оның әлеуметтік рөлі және қызметтерімен, оның биологиялық және психологиялық қабілетімен ерекшеленеді. Алайда әйелдердің қылмыстық мінезінің таралымын, сипаты және әдістері, қоғамға қауіптілік дәрежесі өзгеруіне байланысты, әйелдердің әлеуметтік өмір жағдайы мен өмір салты өзгереді.

Өз мүддесі үшін қылмыстарды әйелдер көбінесе жұмыс орындарында жасайды, яғни әртүрлі міндеттерді орындау мұқтажымен және себебімен. Ұрлықтың төрттен үш бөлігі қалалардан орыналады, өйткені, ауылды жерлерде сауда нүктелері, қоғамдық азықтану кәсіпорындары едәуір аз екендігі айтпасақта түсінікті.

Жалпы тұрғыда кірістерді немесе басқа да салық салынатын объектілерді жасырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған әйелдер 60,9% құрады. Әдеттегідей бұлар иеленген лауазмының мамандығы бойынша жоғарғы және орта арнайы білімі бар, есеп тапсыру және сауда-қаржының ісімен 1 жылдан артық шұғылданған жеке фирмалардың жергілікті кәсіпорындардың, серіктестердің, кооперативтердің бухгалтерлері сауда кәсіпорындарының меңгерушілері. Барлық жағдайларды бұл қылмыстың жасалу схемасы бірдей десекте болады: бұл келген не кеткелі тұрған тауардың бір бөлігін жасыру, не салықтан түскен пайданың көлемін түсіріп жіберу мақсатында есеп бойынша ақша құралдарының қозғалысы туралы есептілікті қасақана жымқыру, қызметтік жұмыспен пара алу да

байланысты. Бұрын көбінесе әйелдер пара алушылықта пара берумен және делдал болумен айналысса, қазір пара алушылардың саны көбейіп кетті. Көріп тұрғанымыздай, мұны әйелдердің әлеуметтік белсенділіктерінің өсуімен байланыстыру керек, онымен бірге, құқық қорғау аясымен де, қанша дегенмен пара алушы әйелдердің арасында сотта істейтіндері, прокуратура және ІІО-ры қызметкерлері де аз емес екен.

Кәмелетке толмаған әйелдердің қылмыстылығын зерттеу, бас бостандығынан айыру орындарында жасаған қылмыстары үшін жазасын өтегендердің жартысынан көбі ұрлық үшін отырғандар. Олардың арасында көпшілігі зорлықшыл және қасақана күш қолдану қылмыстар: кісі өлтіру, қарақшылық, ұрлықта кінәлілер. Ересек әйелдердің қылмыстылығымен салыстырғанда жеткіншек қыздардың қылмыстылығының ерекшелігі, кейінгілердің арасында бөтеннің мүлкінұрлаушылар аз екендігінен анықталады, бірақ зорлауда қатысқандары үшін сотталғандары төрт есе және бұзақылық әрекеттер жасағандары екі есе көп. Қазіргі кезде үйінен қашып, қаңғырып, жезөкшелікпен айналысып, маскүнем болып, есірткіге дәйіктеп, жыныстық өмірі өзгерте бастайтын қыздармен келіншектердің көбеюі қоғамға өте қауіпті. Орта есеппен 8-ден 15%-ке дейін қылмыс жасаған әйелдер – кәмелетке толмағандар. Шамамен 70% қылмыстар топтарды жеткіншек қыздармен жасалады.

Әйелдер қылмыстылығының құрылымындағы күшейтілген қарқынның негізі бір себебі экономиканың ауыр келеңсіздіктерінен көрінеді. Өз уақытында халық шарушылығының саласында (білім, денсаулық сақтау, әртүрлі қызмет ететін мекемелер) әйелде әлі күнге дейін қызметтік жалақы жағынан ұтылып келді. Бірінші кезекте осы факторлар отбасы игілігіне кері әсер ететін әйел үшін әлеуметтік нәрсенің қамқорлығы болғандықтан жағдай болып табылды. Ішкі абыржу, әйелдердің қайғыруы оның ішінде өз балалары мен жақындары тағдыры үшін күшейеді. Экономиканың агроөндіріс кешенінде ішкі саясаттың, ауылшаруашылық кәсіпорындарының жекешелендіруін өткізуді жүзеге асыруға байланысты көпшілігі жұмыстан айырылады.

Әйелдердің қылмыстылығын ескерту әлі өз алдына ғылыми және тәжірибелі міндет ретінде бөлінген жоқ. Осымен оның оңтайлы шешімі елде заңдылықты және тәртіпті нығайтады, қоғамда адамгершілікті қалыптастырады, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесін жақсартады. Бірақ бұл құқық бұзушылық түрінің алдыналуы, қылмыстылықпен күресудің жалпы мәселесінің бір бөлігінде сәтті бола алмайды. Ол үшін бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды, елдің езгіге түсіп жатқан, осы мәселесін жеңу керек. Егер әйелдер еңбегінің жағдайы өзгермесе, қоғамда әлеуметтік қысым төмендетілмесе, егер олардың шынайы теңқұқыларымен қорғаулығы қамтамасыз етілмесе болмайды.

Қылмысты жасаған немесе жасауы мүмкіндігіне әйелдермен алдын ала жұмыстың негізгі қағидалары ретінде мыналар танылады:

бұл әйелдерге деген адамгершілік және мейірімділік;

оларды қылмыстық-жазаланушы немес ізгілікке жат қылықтарды жасауға итермелеген себептерді түсіну;

олардың сұм шеңберден шығып, өз өмірінде жолын табуға көмектесу құштарлығы.

### Семинар – 1 сағат

#### Сұрақтары:

1. Әйелдер адамдар қылмыстылығы ұғымы мен оның криминологиялық сипаты.
2. Әйелдер адамдар қылмыстылығының себептері мен жағдайлары.
3. Әйелдер адамдар қылмыстылығының алдын алу.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған әйел адамдардың түзелу жолына түсу проблемаларын шешу жолдарын көрсетіңіз.

#### Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: өзінің көлемімен, қылмысының сипатымен және зардаптарымен, жасалған ортасы немесе саласымен қол сұғатын құрбандарын таңдауымен, отбасы-тұрмыстық құқық бұзушылық өзгешеліктерімен, жасау тәсілдерінің көзге ұрып тұратын көрнекіліктерімен ерлер қылмыстылығынан айырмашылығына салыстырмалы талдау жүргізу.

### КООЖ – 1 сағат

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Әйел адамдар қылмыстылығының себептері мен шарттары. Әйел адамдар қылмыстылығының басқа да себептермен байланысы: қоғамдағы алаңдаушылық, нашақорлықтың, алкоголизмнің зинақорлықтың қаңғыбастық пен қайыршылықтың өсуі. Әйел адамдар қылмыстылығының алдын алудағы құқық қорғау органдары қызметінің мазмұны мен ерекшеліктері.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

#### Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:

Тапсырмаларды орындау барысында, нақты ахуалдарды бағалап, Әйел адамдар қылмыстылығын ескертудің негізгі бағыттарына кескіндеме мен сызбаларды құрастыра отырып криминологиялық талдау жүргізудің әртүрлі әдістерін пайдалануды үйренуге болады.

### КӨЖ – 3 сағат

#### Тапсырма:

1) Әйелдер қылмыстық құқық бұзушылығы мен ерлер қылмыстық құқық бұзушылығы деңгейі мен құрылысындағы айырмашылық себептерін атаңдар. Әйелдер қылмыстық құқық бұзушылығының құрылымы қандай? Әйелдер жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу ерекшеліктерін көрсетіңдер.

2) 2014 жылы Қазақстан Республикасында 93% қылмыскер – ерлер және 7% қылмыскер – әйелдер тіркелген.

Аталмыш жылда Ресейдегі әйелдер қылмысының үлес салмағы – 12%, Украинада – 14%, Азербайжанда – 5%-ға тең болды. Әртүрлі мемлекеттердегі қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы «әйелдердің» үлес салмағының әртүрлі болуын немен түсіндіруге болады?

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Әйелдер қылмыстық құқық бұзушылығының әлеуметтік-демографиялық және психологиялық сипаттамалары.
2. Қазақстан Республикасында Әйелдер қылмыстылығын сипаттаңыз. Бұл құбылысқа қарсы тұрудың өзіндік моделін ұсыныңыз.
3. Әйел қылмыскер тұлғасының басқа қылмыскерлерден ерекшеленетін белгілері.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,12,15,16,17,18 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 8,9,11,13,18,21,22,23,25 әдебиеттерді қараңыз.

**11-тақырып**

**Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылық және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Нашақорлықтың криминологиялық сипаттамасы.
2. Нашақорлықтың жасаудың себептерімен шарттары.
3. Нашақорлықты ескертудің негізгі бағыттары.

**ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Нашақорлық – жастар ортасындағы девианттық мінез-құлықтың ең қауіпті нысандарының бірі. Осыдан он жыл бұрын есірткілер экзотика сияқты естілген, егер баспасөз бетінде ол туралы жазылса, ол буржуазиялық қоғамның «шіруінің» белгісі ретінде қабылданды. Қазір бұл қасірет қазақ жеріне де келіп жетті. Батыс елдерінде есірткімен күрес бағдарламалары үшін мол қаржы бөлінеді де, олардағы жағдай біршама тұрақтанған, кейбір жерлерде нашақорлардың «қартаюы» байқалып та қалады. Ал Қазақстанда, басқа ТМД елдеріндегі сияқты керісінше, нашақорлыққа жастарды тарту, соның ішінде жасөспірімдерді тарту процесі өріс алып келеді.

Нашақорлықпен және наркобизнеспен күресу бойынша республикалық Агенствоның мәліметтеріне қарағанда, 45 мыңнан астам нашақорлар ресми түрде тіркелген екен. Бірақ, статистика мәліметтеріне қарап, шындықты бағалай алмайтынымызды есте сақтаған жөн, өйткені медиктер «өз еріктерімен» емделуге келгендерді ғана тіркесе, полиция керісінше, мәжбүрлеп әкелгендерді ғана тіркейді. Сондықтан денсаулық сақтаудың Дүниежүзілік ұйымы (ДДҰ) ресми сандарды 8-10 ретке көбейтуді ұсынады.

Сонда республикадағы есірткі қабылдайтындар саны шамамен 450 мың, ол халықтың 3,5 пайызын құрайды.

50 пайыздай нашақорлар – 18-ден 35 жас аралығындағы жастар. Есірткі қолданушылардың жас табалдырығы төмендеп барады: егер бірнеше жыл бұрын ол 15-16 жасты құраса, қазір ол – 11-13 жаста.

Қазақстанның социологтары мен политологтарының Ассоциациясы мәліметтері бойынша қазіргі уақытта жасөспірімдердің, бозбалалар мен бойжеткендердің 5-6 % есірткі қабылдаса, 9-10 % оны өмірлерінде бір рет болса да татып көрген. Жастар нашақорлығы республиканың барлық қалаларын қамтып отыр, ол ең алдымен: Алматы, Астана, Атырау, Көкшетау, Қарағанды, Теміртау, Тараз, Өскемен, Орал қалалары. Республиканың Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары осы мәселе бойынша аса алаңдатушылық туғызып отыр (қараңыз: Казахстанская правда. – 2000. 1 қараша).

Болашақты болжасақ оның еш қуанарлығы жоқ. Оның ең қиыны ТМД елдерінің әлемдік наркобизнес жүйесіне тартылуы. Қазақстан есірткіні Ауғаныстан мен Пәкістаннан Ресей мен Батыс Еуропаға тасудың таптырмас көпірі болып отыр. Ауғаныстанда дайындалатын опияның 60 % осы Қазақстан арқылы өткізіледі. ТМД елдері, соның ішінде Ресей әлемдік наркобизнес үшін пайдалы өткізу нарығы: Ресейде кокаинның бір граммы АҚШ-тың «қара нарығымен» салыстырғанда 30 есе қымбатқа сатылады. Қазақстан наркобизнес үшін өзінің табиғи-климаттық жағдайымен қызықтырады: егер Ауғаныстандағы есірткі өсімдіктерін егу 50 мың га қамтыса, бізде бұл көрсеткіш 258 мың га-ны қамтиды. Аграриялардың мәліметтері бойынша республикада 850 мың га жер көкнәр өсіруге өте ыңғайлы болса, 1,2 мың гектар жерде сора «жайқалып тұр».

Қаралып отырған бұл құбылыс әлеуметтік қана емес, жеке тұлғалық аспектіге ие. Сондықтан, осы аспектілерді түсініктерге, терминдерге бөлген дұрыс. Ең алдымен «нашақорландыру» (халықты, әлеуметтік топтарды) түсінігі арқылы, екінші түсінік «нашақорлық» арқылы анықтау.

Нашақорландыру – есірткілерді тарату процесі, жеке адамдарды, адамдар тобын психоактивті (есірткілік, токсикоманикалық) заттарды қолдануға тарту. Нашақорландыру салдары нашақорлыққа әкеп соғады. Дүниежүзілік денсаулықты сақтау ұйымының анықтауынша – бұл организмге есірткіні, яғни өсімдік тектес немесе синтетикалық заттарды бірнеше рет енгізу арқылы ауық-ауық немесе созылмалы түрде уландыру жағдайы, ол организмнің қалыпты қызметін өзгертеді, ал көп қолданған жағдайда оны психикалық немесе физикалық тәуелділікке әкеп соғады. Есірткілікке тәуелділіктің белгілері:

- ерік күшін жеңе алмай, әрі қарайғы қабылдау қажеттілігі (тәуелділіктің дағдыланудан айырмашылығы);
- қабылдау мөлшерін уақыт өткен сайын көбейту;
- жақсы эмоцияларды есірткісіз бастан өткізудің мүмкін еместігі;

- абстиненттік синдром («ломка»), яғни организмнің есірткіге физиологиялық тәуелділігі (барлық есірткі заттарына тән емес).

Шынайы өмірде нашақорландыру мен нашақорлық бір-бірімен өзара байланысты және жинақтала келіп жеке адамға және бүтіндей қоғамға үлкен зиян келтіреді.

Нашақорланудың әлеуметтік салдары өте ауыр. Нашақорлар қоғамдық өмірден – еңбектен, саясаттан, отбасынан және т.б. алшақтайды, ол жеке бастың дене, әлеуметтік деградациясы кесірінен болады. Есірткілерге құлша тәуелді болу оларды аморальдық қылықтарды, қылмыстарды жасауға итермелейді. Есірткілерді шектен тыс қабылдау өлімнің өсуіне, соматикалық және психикалық аурулардың дамуына әкеп соғады. Нашақорлық жас ұрпаққа кері әсер етеді: балалар күрделі дене және психикалық ауытқуларымен туады, ол өз кезегінде отбасының айырылысып, елдің генофондына қауіп төндіреді.

Қоғамның экономикасы мен моральдық-адамгершілік ұстанымдарына зиян тигізеді. Бұған есірткіге деген жоғары сұраныс пен оны пайда табу мақсатында астыртын тәсілдермен оны қанағаттандыру негізінде экономикадағы «көлеңке» секторының пайда болуын, есірткілердің таралуы мен оны заңсыз байытумен байланысты жеке адамды қорлау жолымен жасалатын қылмыстардың көбеюін жатқызуға болады. Нашақорландырудың жалпы қылмыспен өзара байланысы еш күмән келтірмейді: есірткіні табу бірнеше қылмыс түрлерінің – ұрлықтың, тонаудың, қарақшылықтың негізгі себебі болып отыр.

Қазіргі уақыттағы нашақорландыру ұлттық қауіпсіздікке келтірілетін қауіп ретінде қарастырылып отыруы тегін емес, ал есірткіні қабылдау деңгейі, егер оны халықтың 5 % қабылдай бастаса, ол ұлттың генофонына келетін зардап болып есептеледі.

Жастардың девиаттық мінез-құлығының осы түрімен кәсіби түрде айналысатын әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік педагогтар үшін нашақорландыру мен нашақорлық туралы жалпы біліп қана қою жеткіліксіз. Жастарды есірткіге апаратын ерекше себептерді де білу өте маңызды.

Нашақорлықтың таралуының факторларына талдау жасай отырып мыналарды есте сақтау керек:

- осындағы ешбір фактор негізгі, шешуші болмайды;
- факторлардың кейбір жиынтығы ештеңені де анықтамайды, өйткені бұл жағдайларды психотроптық заттардың қолданылуы да, қолданылмауы да мүмкін: күрделі өмірлік жағдайлар, отбасылық теріс тәрбие, қоршаған микросоциумның жалпы білім берудегі және мәдени деңгейінің төмен болуы сөз жоқ көп адамдарға әсер етеді, бірақ оның барлығы нашақор болмайды;

қолайсыз психофизиологиялық алғы шарттар (мінез-құлықтың басымдылығы, жеке бастың психопатологиялық дамуы, тұқым қуалаушылықтық салмақ салу) негізгі болып табылмайды, және өзбеттерімен (яғни, әлеуметтік факторларының үйлесімсіз) есірткіге тәуелділіктің негізгі детерминанты бола алмайды, өйткені фактілер көрсетіп отырғандай,

көптеген жасөспірімдер, бозбалалар көрсетілген алғы шарттарға ие болғанымен кейіннен қалыпты түрде әлеуметтен алады екен.

**Семинар – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Нашақорлық ұғымы және негізгі көрсеткіштері (жай-күйі, деңгейі, жүйесі, дамуы).
2. Нашақорлықпен қылмыс жасаған тұлғалардың криминологиялық ерекшелігі.
3. Нашақорлықтың себептері мен шарттары. Нашақорлық қылмыстарды жасаудағы түрлі факторлардың рөлі.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі «Есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар және оларды заңсыз айналдыруға қарсы шаралар туралы» заңын зерделеу.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: қосымша нашақорлықтың алдын алудағы құқық қорғау органдары қызметінің мазмұны мен ерекшеліктеріне, оларды жүзеге асырудағы құқық қорғау органдары қызметінің рөліне тоқталыңыз.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Нашақорлықтың себептері мен шарттары. Нашақорлық қылмыстарды жасаудағы түрлі факторлардың рөлі. Нашақорлықпен күрестегі құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктер. Нашақорлықты ескертудегі негізгі бағыттар. Нашақорлықтың алдын алудағы құқық қорғау органдары қызметінің мазмұны мен ерекшеліктері. Оларды жүзеге асырудағы құқық қорғау органдары қызметінің рөлі.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Нашақорлықтың алдын алудағы құқық қорғау органдары қызметінің мазмұны мен ерекшеліктері талдау жасау керек.

**КОЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатындағы нашақорлықпен күрес туралы, оны дамытудың қазіргі кезеңдегі мәселелері мен келешегі жөнінде тәжірибелік мәселелерді анықтай отырып теориялық тұрғыдан шешу жолдарын зерделеу. Қылмыстық саясаттағы қылмыстың қайталануының алдын алуда нашақорлыққа қатысты мәселелерді талдай отырып, оның шешу жолдары мен болашағына теориялық тұрғыдан өздерінің көзқарастарын қалыптастыру.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылықтың негізгі көрсеткіштеріне сипаттама беріңіздер.

2. Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылықтың кримогендік рөлі қандай?

3. Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылықтың ерекше криминогендік сипатын ашыңыздар.

4. Нашақорлық және есірткі бизнесі саласындағы қылмыстылықтың алдын алу мен ескертудің ПО рөлі қандай?

### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,5,9,12,15,16,17,18  
нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,8,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 11,13,18,21,22,23,25,26,40-44 әдебиеттерді қараңыз.

### **12-тақырып**

**Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылық, оларды ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылықтың негізгі көрсеткіштері.

2. Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылықтың криминологиялық сипаттамасы.

3. Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылықтың себептері мен негізгі бағыттары.

### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Күш қолданылатын қылмыстар туралы айтқанда, оны жасаған кезде күш жұмсау оның элементі ғана емес, тікелей мақсатқа жету құралы да болып табылады.

Ауыр күштеу қылмыстары адамдардың өміріне, денсаулығына, адамгершілігіне қарсы жасалған қоғамдық қауіпті қылмыстар тобын қамтиды. Оларға ауыр дәрежеде қасақана нұқсан келтіру, бүлдіру, зорлау жатады. Бұл қылмыстар өркениетті қоғамның маңызды құндылықтарына зиян келтіріп қана қоймайды, егер сөз кісі өлтіру мен денсаулыққа зиян келтіру туралы болса, жалпы криминологиялық елеулі сипаттар мен белгілерге де ие болады.

Тұтас алғанда, күш қолданылып жасалатын ауыр қылмыстар барлық қылмыстар құрылымында орташа есеппен 3-6 пайызды ғана құрайды. Бұл қылмыстардың арақатысы да айтарлықтай тұрақты.

Ауыр дәрежедегі күштеу қылмыстарының саны аз болғанымен, оның алдын алу криминология ғылымы мен құқық қорғау органдарының неғұрлым маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ал есептей келгенде бұл қылмыстардың саны ондаған мыңға жетіп, 90-шы жылдардың басында олардың жалпы саны 90 мыңнан асты. Олардың сандық және сапалық сипаттарының өзгеруіне байланысты процестер де аса қолайлы болып тұрған жоқ.



Ауыр дәрежедегі күштеу қылмыстарын талдау орны, уақыты, оны жасау тәсілдері сияқты елеулі криминологиялық белгілерді зерттеуді де қамтиды.

Кісі өлтірудің, денсаулыққа зиян келтірудің, зорлаудың көпшілігі қалалық жерлерде жасалады. Себебі, еліміз тұрғындарының негізгі бөлігі қазірде қалалар мен қала тектес елді мекендерде тұрады.

Қылмыстың өсуі (соның ішіндегі ауыр күштеу қылмыстары) көп ретте ірі қалаларға тән (оған ең бірінші кезекте облыстық орталықтар жатады). Бүгінде бұл жерлерде қалалардағы қылмыстардың әрбір екіншісі жасалады. Қалған бөлігі негізінен орташа және шағын қалалардың, жұмысшы кенттерінің үлесіне тиеді. Зерттеулер жұмысшы кенттерінде күрделі криминологиялық жағдайдың жиі кездесетінін көрсетеді. Атап айтқанда, мұнда қасақана кісі өлтірудің, соның ішінде ауыр жағдайда кісі өлтірудің жоғары деңгейі байқалады. Жұмысшы кенттеріндегі тұрғындардың үлесі мен қылмыстық деңгейі арасында тығыз корелляциялық тәуелділіктің барлығы ақталған. Бұл тәуелділік көрсеткіштері тұтастай алғанда қалалық жерлердегіден асып түседі.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың негізгі көрсеткіштері.
2. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың криминологиялық сипаттамасы.
3. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың себептері мен алдын алудың негізгі бағыттары.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 04 желтоқсандағы «Тұрмыстық күш қолдануды алдын алу туралы» №214- IV заңын зерделеп, ПО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың ерекшеліктерін көрсету, тікелей себептері анықтау, күш қолдану қылмыстары мен бұзақылықты жасауға отбасылық-тұрмыстық саладағы криминогендік фактордың, азаматтардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырудың жеткіліксіздігі қалай әсер ететіндігін түсіндіру, күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылыққа маскүнемдік пен нашақорлықтың әсері қалай екендігін анықтау, күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың алдын алу жұмыстарын ашу керек.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылық жасаған тұлғаларға криминологиялық сипаттама, олардың әлеуметтік-демографиялық белгілері мен адами-психологиялық ерекшеліктері. Аталған қылмыс санаттарын саралау. Осы тұлғалардың арасында қылмыстарды қайталап жасау ерекшеліктері.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылық, оларды ескерту бойынша еп-дағдыларды қалыптастыру, қолда бар нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ семинар тақырыбы бойынша оқулықтар, монографиялар және оқу құралдарын қолдану қажет.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың себептері мен шарттарын сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. Криминология пәні бойынша практикум. Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. Есептерді шешу және талқылау.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың ерекшеліктері қандай?

2. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың тікелей себептері не болып табылады?

3. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықты жасауға отбасылық-тұрмыстық саладағы криминогендік фактордың, азаматтардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырмаудың жеткіліксіздігі қалай әсер етеді?

4. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылыққа маскүнемдік пен нашақорлық қалай әсер етеді?

5. Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың алдын алу мазмұнын ашыңыздар.

6. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 04 желтоқсандағы «Тұрмыстық күш қолдануды профилактикалау туралы» №214- IV заңын зерделеп, ПО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,5,8,12,15,16,17,18 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,8,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 4,6,7,9,11,13,18,21,22,23,25,26,40-44 әдебиеттерді қараңыз.

### **13-тақырып**

**Экономика саласындағы қылмыстылық және оның алдын алу**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Экономика саласындағы қылмыстылық криминологиялық сипаттамасы.

2. Экономика саласындағы қылмыстылық жасаудың себептерімен шарттары.

3. Экономика саласындағы қылмыстылықтың алдын алу.

### **ДӘРІС ТЕЗИСІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабына байланысты, әрбір азаматтың еркін кәсіпкерлік қызмет жасауға құқығы бар екендігі көрсетілген. Атап өткендей, монополиялық қызмет заңмен шектеледі және реттелінеді. Мейірімсіздік бәсекелестікке тыйым салынады. Тізбектелген конституциялық жағдайлар Қазақстан Республикасының экономикасының құқығын реттеудің нормативтік негізі болып табылады. Нарықтың қатынасқа ауысуда экономикада түпкілікті өзгеріс, мемлекеттің экономикалық сақтау бағытталған қылмыстық-құқықтық нормаларды анықтады. Бұрынғы қылмыстық заңдармен салыстарғанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде мындай қылмыстар статистикалық есепте бұзу немесе қосып жазу; ауылшаруашылық машиналарын бөлшектеу; өз еркімен шөп шабу, өз еркімен суды пайдалану; сауда саттық ережесін бұзу; заңсыз бензин немесе басқа да жанармайларды босату; белгілі деңгейден асып түсетін тауарларды сату және бағасыз тариф бойынша қызмет көрсету жатады.

Экономика саласындағы басым бағыт ретінде атайтын нарықтық қатынастардың басты субъектілері тұтынушылар мүдделерін қорғау; кәсіпкерлік және экономикалық қызметтердің бостандығын қамтамасыз ету; нарықтық бәсекелестік жағдайында оған қатысушылардың құқықтық теңдігі, төмен тәртібін және азаматтық айналымының тұтастығын сақтау. Қылмыстық-құқықтық тиымдар экономикалық қатынастарға салынған әр түрлі қол сұғушылықтарға қойылған, мысалы: алдау, озбырлық және тағы басқалар.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар қылмыстық заңдармен ескерілген экономикалық мүдделерге қол сұғушылық болып табылады, лауазымды немесе басқада тұлғалардың экономикалық қызметке заңды қасақана бұзушылық тәртібін енгізу.

Экономика қызметі саласындағы қылмыстардың қоғамға қауіпті болуы, мұндай қол сұғушылықтан кейін мемлекеттің экономикалық мүддесіне және басқа да субъектілерге көптеген нұқсан тигізуі.

Экономика қызметі саласындағы қандай да болсын қылмыстар – заңды кәсіпкерлік қызметке қарсы тұру; жалған жасау және өткізу ақшаны, құнды қағаздарды, контрабанда, салықты төлеуден бас тарту және басқа да субъектілерге қатысты болады.

**Семинар – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Экономика саласындағы қылмыстылық криминологиялық сипаттамасы.

2. Экономика саласындағы қылмыстылық жасаудың себептерімен шарттары.

3. Экономика саласындағы қылмыстылықтың алдын алу.

**КООЖ – 1 сағат**

**Өздік дайындық сұрақтары:**

1. Экономика саласындағы қылмыстылықтың негізгі көрсеткіштеріне сипаттама беріңіздер.
2. Экономикадағы дағдарыстық кұбылыстардағы кримогендіктің рөлі қандай?
3. Экономика саласындағы жасалған жеке қылмыстардың ерекше криминогендік сипатын ашыңыздар.
4. Экономика саласындағы қылмыстылықтың алдын алуда ПО рөлі қандай?

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Экономика саласындағы қылмыстылықтың себептері мен шарттарын сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. Криминология пәні бойынша практикум. Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. Есептерді шешу және талқылау.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Экономика саласындағы қылмыстылықтың ерекшеліктері қандай?
2. Экономика саласындағы қылмыстылықтың тікелей себептері не болып табылады?
3. Экономика саласындағы қылмыстылықты жасауға отбасылық-тұрмыстық саладағы криминогендік фактордың, азаматтардың бос уақытын дұрыс ұйымдастырмаудың жеткіліксіздігі қалай әсер етеді?
4. Экономика саласындағы қылмыстылыққа жұмыссыздық қалай әсер етеді?
5. Экономика саласындағы қылмыстылықтың алдын алу мазмұнын ашыңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,5,6,7,12,15,16,17,18,19,20 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,8,12,14,15,17,18,19,20,21,24-27 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 2,11,13,18,21,22,23,25,26,40-48 әдебиеттерді қараңыз.

**14-тақырып**

**Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылық және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Терроризм мен экстремизм және оның себептері.
2. Қылмыскердің жеке тұлғасының криминологиялық сипаттамасы.
3. Терроризм мен экстремизмді ескертудің негізгі бағыттары.

## ДӘРІС ТЕЗИСІ

Қазақстанда террористік және экстремистік іс-әрекеттерді анықтау және оның жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық негіздерді жасау және жетілдіру жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылды. 1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді.

2006 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының мәлімдемесі бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен келесі халықаралық ұйымдар террористік деп танылып, олардың Қазақстан территориясындағы қызметіне тыйым салынды:

1. «Әл-Каеда»;
2. «Шығыс Түркістан ислам партиясы»;
3. «Күрд халықтық конгресі»;
4. «Өзбекістан ислам қозғалысы»;
5. «Әсбат-әл-Ансар»;
6. «Мұсылман бауырлары»;
7. «Талибан» қозғалысы»;
8. «Боз Күрт»;
9. «Орталық Азия моджахедтер жамағаты»;
10. «Лашқар-и-Тәйба»;
11. «Әлеуметтік реформалар қоғамы».

Кейін Астана қаласы сотының шешімімен сондай-ақ «Хизб-ут-Тахрир-әл-ислами», «Аум Синрике» және Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы ұйымдарының қызметіне тыйым салынды.

Көріп отырғанымыздай, аталмыш «қара тізімге» енгізілген барлық ұйымдар халықаралық террористік құрылымдар болып табылады, олардың қызметі көбінесе Қазақстанның айналасына, көрші елдерге қарсы бағытталған болатын. Бұл жағдай олардың бізден гөрі сыртқы елдерге төніп тұрған қауіп-қатер екенін растағандай болды.

Осы тұрғыда Қазақстан ТМД Терроризмге қарсы күрес орталығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы Терроризмге қарсы аймақтық құрылымы сияқты ұйымдардың мүшесі бола отырып, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес желісінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытты және дамытып келеді.

Еліміздің аумағында террористік іс-әрекетке байланысты қылмыс жасағаны үшін тұтқындалған және сотталған адамдар саны

	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011 I тоқсан
Жауапкершілікке тартылған адамдар саны	116	220	66	333	114	222	224	331	7

Егер бүгінгі террористік белсенділік жоспарлы сипатта болатындығы туралы сарапшылардың тұжырымы дұрыс болса, онда террористік қауіп-қатердің артуына жол бермеу мақсатында арнайы кешенді іс-шаралар қолдану қажет.

- террористік қауіп-қатерлердің алдын алу түрлері мен әдістерін жетілдіру қажет. Бұған дейін терроризм қаупі болуы ықтимал құбылыс ретінде қарастырылып келсе, ал бүгінде арнаулы қызметтерге шынайы жағдайда терроризммен күресте практикалық тәжірибесі мен дағдыларын шыңдау қажет.

- стратегиялық инфрақұрылым объектілерін (мұнай-газ құбырлары, су-жылумен қамту кәсіпорындарын), сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар басқа да объектілерді ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту. Мәселен жер сілкінісі секілді стихиялық апат кезіндегідей, азаматтардың өздері де, тиісті қызметтер де дағдарысты жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуі тиіс.

- уақытылы және білікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйені ретке келтіруге ерекше назар аудару қажет. Себебі объективті, уақытылы және теңгерімді ақпарат беру түрлі деңгейдегі қауесеттердің орын алуына және басқа да арандатушылыққа жол бермеуге мүмкіндік береді.

Бірақ, ең бастысы терроризм қаупі тек мемлекеттің жазалаушы қызметінің күшеюіне, немесе арнаулы қызметтерді нығайтуға ғана негізделмей, ал бірінші кезекте, терроризмнің таралуына ықпал ететін алғышарттар мен себептерді жоюға бағытталуы қажет. Бүгінде сарапшылар арасында терроризмнің пайда болуына қатысты ортақ пікір жоқ. Біреулері әлеуметтік-экономикалық мәселелердің (кедейшілік, жоқшылық, қоғамның маргиналдандуы) ушығуы себепші деп есептейді. Өзгелері - негізін саяси режимнің (қоғамның ашық\жабық дәрежесі, білім деңгейі, құқық және еркіндік деңгейі) ерекшелігінен көреді. Үшіншілері - терроризмнің негізінде әлеуметтік мәдени өзгеріс (белгілі бір құндылықтар мен адамгершілік нормаларының құнсыздандуы) жатыр деп есептейді.

Алайда қандайда бір басқа құбылыс секілді терроризмнің де пайда болуына себептердің кешені мен күрделі шиеленіскен мотивтер әсер ететінін түсіну қажет. Ал Қазақстан жағдайында терроризм қауіп-қатерінің күшеюіне ықпал ететін үш негізгі факторды бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, әлеуметтік депрессия факторы, әлеуметтік мобильділік каналдарының және лифтілерінің жоқ болуы. Қоғамның маргиналдануы, сонымен қатар байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық шарықтау шегіне жеткенде әлеуметтік қарсылықтар туындайды, олардың бір түрі терактілер болуы мүмкін.

Екіншіден, идеологиялық саладағы мемлекеттік саясат тиімділігінің төмендігі, соның ішінде діни және этносаралық салада, тіл және дін саясатын жүргізудегі формализм. Діни істер бойынша арнайы агенттіктің де құрылуы осы салада жүйелі іс-әрекеттердің қажеттілігін биліктің де мойындап отырғанын көрсету керек.

Үшіншіден, терроризм жағдайына шекаралас мемлекеттердегі «шиеленістік ошақтарының» болуы үлкен ықпал етеді. Біздің жағдайда Орталық Азияда тұрақсыздықтың сақталуы аймақтық қауіпсіздіктің негізгі бір факторы. Мысалы, Қырғызстандағы саяси дағдарыстың ушығуы және Тәжікстанда орын алған қарулы қақтығыстар. Осыған байланысты Тәжікстанда, Қырғызстанда және Өзбекстанда түрлі сипаттағы экстремистік және террористік ұйымдардың жандануы орын алды.

**Семинар – 1 сағат**

#### **Сұрақтары:**

1. Терроризм және экстремизмнің ұғымы және криминологиялық сипаттамасы.
2. Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылықтың себептері мен жағдайлары.
3. Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылықты ескерту.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Орта Азия аймағындағы діни экстремизм және терроризм көріністерінде адам құқықтарының бұзылуы мен оларды қорғау мәселелері атаңыз.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: Діни экстремизм және терроризм көріністеріндегі адамдардың әлеуметтік демографиялық және психологиялық сипаттамаларын талдау қажет. Қылмыскердің психологиялық ерекшеліктерін ашатын ғылыми еңбектермен танысу.

**КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен тұтастығына келтірер зардабына қатысты тыйым салынған діндердің жіктелуі. Терроризм мен экстремизмнің алдын алу және ескерту мәселелері. Терроризммен күрестің әлемдік тәжірибесі. Орта Азия аймағындағы экстремизм және терроризм көріністерінде адам құқықтарының бұзылуы мен оларды қорғау мәселелері. Қазақстандағы экстремизмнің криминологиялық аспектілері. Терроризм және оның алдын алу мәселелері.

**КОӨЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

**Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:** Қазақстандағы экстремизмнің криминологиялық аспектілері, терроризм және оның алдын алу мәселелеріне сипаттама беру керек. Курсанттар жауап беру барысында аудиторияға түсінікті болатындай етіп жеткізу керек. Бұл жағдайда курсант өзінің сөйлеу әрекетін сырттай қабылдауға мүмкіндік алады және мән-жайды ұғыну пайымы қалыптасады.

**КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Ұйымдасқан қылмыстылықтың, террористік және экстремистік қызметтердің қоғамдық қауіптілігіне сипаттама беріңіз.

Ішкі істер органдарының ұйымдасқан қылмыстылық, террористік және экстремистік қызметтерге қарсы іс-қимыл бойынша басты міндеттерін тұжырымдаңыз.

Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылықты ескерту моделін әзірлеп, онда ескертудің ұйымдастырушылық, құқықтық-саяси, әлеуметтік және экономикалық шараларын енгізіңіз.

**Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылықты ерекшелейтін белгілерді, оның түрлерін, деңгейі мен құрылымын анықтаңыз.

2. Терроризм және экстремизммен байланысты қылмыстылықтың «жасырын экономика» және сыбайлас жемқорлықпен байланысын мысалдар келтіре отырып көрсетіңіз және мазмұнын ашыңыз.

3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» № 416-І ҚРЗ Заңын зерделеп, ІО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

4. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» № 31 ҚРЗ Заңын зерделеп, ІО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

**ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,5,6,7,12,13,14,15,16,17,18 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 3,4,5,6,8,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 5,11,13,18,21,22,23,25,26-29,40-44 әдебиеттерді қараңыз.

### **15-тақырып**

**Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық және оны ескерту**

**Дәріс – 1 сағат**

**Сұрақтары:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы.



2. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылығының себептері.

3. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың алдын алу.

### ДӘРИС ТЕЗИСИ

Қылмыспен күрестің әрекеттілігін және оның тиімділігін арттырудың жолдарын анықтаудың басты шарттарының бірі, оның ішінде түзеу мекемелерінде де, бұл әлеуметтік көріністі сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді (жағдайы, құрылымы және динамикасы) зерттеп – білу болып табылады. Түзеу мекемелеріндегі қылмыс елдегі жалпы қылмыстың құрамды әлеуметі болып табылады. Ол үшін негізінен, жалпы қылмыстың заңдылықтары мен тенденциялары тән. Дегенмен, статистикалық есеп талдауы дәлелдегендей, жалпы заңдылықтармен, тенденциялармен қатар түзеу мекемелеріндегі қылмыстың өзіндік ерекшеліктері бар және елдегі жалпы қылмыстан ерекше белгілерімен қатар өзгеше көрінеді, кейбір жағынан тым жоғары қоғамдық қауіп болып табылады. Түзеу мекемелеріндегі қылмыстың жалпы ерекше белгілеріне бас бостандығынан айыру орындарынан, абақтыдан немесе тұтқыннан қашу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден қашу, түзеу мекемелеріндегі қалыпты қызметтің шырқын бұзу әрекеттері т.б., қылмыскердің қоғамға қарсы мақсат ұстауда ерекше қасарысуы, қылмыс жасау, еу бастысы, қасақана және сол сияқтылар.

Қазіргі қылмыстық заң мен қылмыстық іс атқару кодексіне сәйкес, жазаны орындау, оның ішінде бас бостандығынан айыру түрінде, сотталғандарды түзеуді, сотталғандардың және басқалардың жаңа қылмысты жасамауын ескертуді мақсат етеді. Бұл ереже ҚР Қылмыстық кодексінің 38-бабынан келіп шығады. Қылмыстық іс атқару жүйесінің бар болуының өзі бас бостандығынан айыру сияқты қылмыстық жазаның түрін жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажеттілігінен туған. Сот мемлекеттің атынан сотталушыға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны белгілей отырып, жазалауды, яғни ол өзінің құқыққа қарсы мінез-құлқы туралы ойлансын және оны қайталамасын деп, сотталушының еркінен тыс оны қоғамда болу мүмкіндігінен, қалыпты еңбек жағдайының барлық игілігін пайдаланудан айыруды ұсынады. Басқаша айтқанда, жаза қылмыскерді бағыттайды және оны қылмыстық іске өз тарапынан оралмауын белгілі мөлшерде ескерте отырып тәрбиелейді.

Бұл міндетпен бірге мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауда түзеу құралдарын пайдалану, күзету, қадағалау жедел іздестіру және алдын алу жұмыстарын жүргізумен сотталғандарды оқшаулау және олардың өмірі мен қызметін қатаң регламентациялауға дейін жететін сотталғандардың жазаны өтеу кезіндегі қылмыс жасауын ескерту де болады.

Осымен қатар мекемелердің барлық қызметі сотталғандарды түзеу, қылмысты жалпы және жекелей ескерту мақсатына қол жеткізуге бағытталғандықтан, жазаны орындау криминологиялық сипаттама факторы да болып табылады. Өкінішке орал, бас бостандығынан айыру түрінде

жазаны орындау криминологиялық проблемаларға және оның ішінде, сотталғандардың арасында қылмыспен күрес проблемасына заң әдебиетінде жеткілікті көңіл бөлінбейді. Криминологиялық ғылымның дамуы негізінен бас бостандығынан айыру орындарынан тыс қылмыспен күреске бағытталған теориялық ережелер мен практикалық ұсыныстарды дайындау жолымен келеді. Осы бағытта құқық туралы ілімсіз, сонымен бірге нақты криминологиялық және басқа арналы зерттеулердің негізінде қоғамдағы қылмыстың әлеуметтік құқықтық сипаттамасы, оның себебі, шарты туралы маңызды теориялық ережелердің бірсыпырасы шығарылды, қылмыстық іс механизмі, қылмыстық мінез-құлықтың жеке құрылымы, қылмыс жасаушы тұлғалардың тұрпатты ерекшеліктері ашылған, әртүрлі әлеуметтік үдерістер мен оқиғалардың қылмыстың өзіне де, оны туғызатын себептер мен жағдайларға әсерінің дәрежесі анықталған. Криминология жалпы теориясының көптеген қорытындылары мен ұсыныстары бас бостандығынан айыру орындарында қылмыспен күресте табысты қолданылуы мүмкін болса да, оның ерекшелігіне қарай онымен күрес мәселесі мақсатты бағытталған теориялық зерттеулерді талап ететін, практикалық жағынан криминологияның барлық бөлімдеріне қатысты дербес криминологиялық проблема болып табылады.

Түзеу мекемелеріндегі қылмыстылықтың жалпы себептерін анықтауда сотталғандардың арасындағы қылмыстылық республикадағы қылмыстылықтың құрамды бөлігі болғандықтан, қоғамдағы қылмыстылықтың себептеріне қатысты жағдайларға сүйену керек. Сондықтан олардың арасында ұқсас белгілер көп. Дегенмен, жалпы бас бостандығының айыру орындарындағы қылмыстылықтың себептелуі туралы дұрыс жағдай сотталғандардың жазасын өтеу кезіндегі тіршілік әрекетінің ерекше жағдайлары, күшті антикриминогендік фактордың болуы, бас бостандығының айыру түріндегі жаза қандай болатындығы, түзеу мекемелеріндегі қылмыстылыққа қоғамдағы қылмыстылықтың жалпы себептерінің өзінше басқаша түсіндірілу әрекетін не анықтайтындығы қозғаған нақтылыққа мұқтаж. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау жағдайлары (сотталғандарды оқшаулау, олардың тәртібін қадағалау, тінту жасау, байланыс жіберілімдерінің цензурасы және басқадай құқықтар шектеулер), түзеу құралдарын қолдану сотталғандардың құқыққа қарсы мінезіне қылмыстылықтың жалпы себептерінің әсерін төмендетуге тартатындығын, өйткені тәжірибе қажеттілігі сотталғандардың арасындағы қылмыстылықтың бас бостандығынан айыруға және оған мүмкіндік туғызатын жағдайлардың ерекше себептерін анықтауды талап ететіндігін атап өткен жөн. Тек осы негізде ғана оларды жою жөніндегі мақсаттылық арнайы-криминологиялық қызметті жүзеге асыруға болады. Біз қылмыстылықтың жалпы себептерінің әрекеті түзеу мекемелеріндегі қылмыстылыққа тікелей емес, жанама байқалады, яғни жазаны орындау кезінде болатын үдерістер мен жағдайлар арқылы жүзеге асырылады деп ойлаймыз. Қоғамда орын алған дағдарыс жағдайлардың қоғамға қарсы көзқарастар мен дағдыларды сотталғандардың санасында сақтауға белгілі

әсерін тигізетіндігі табиғи нәрсе. Қылмыс жасағанға дейін қалыптасқан қоғамға қарсы бар адамгершілік бейне оларда бірден түзеу мекемелерінде жоғалып кетпейді. Бұл үшін уақыт керек. Сондықтан, егер адамның кез келген тәртібі, оның ішінде қоғамға қарсы тәртібі, жеке адамның ортамен өзара әрекетінің нысаны екендігін ескерсек, біздің пікірімізше, қылмыстылықтың жалпы себептерін анықтаудың алғы шарты болып сотталғандардың ортасын талдау, жекелей алғанда, онда өтетін жағдайлар мен үдерістер қызмет ететін болады. Түзеу мекемесіне түсіп, сотталған адам, еркіндіктегі өміріне қарағанда, жағдайлығы мен қауіпсіздігі аз ортада болады. Оған түзеу мекемесінің әкімшілігімен, өмірдің жаңа жағдайына қалыптасуға қажеттілікке себепші болатын өзі сияқты маңайындағылармен істес болуға, басқа сотталғандармен өз бетінше қарым-қатынас құруға тура келеді. Бұл қарым-қатынастар оған, еркіндікте болғандағыдай берілмеген, алдын ала айқындалмаған. Олар сотталғандардың арасында болатын мінез-құлықтың қалыптасатын нормалары мен ережелерінің нәтижесі болып табылады, сотталған басшы, орташа немесе шеттетілген бола ма, көбіне осыған байланысты. Басқа сотталғандармен қарым-қатынас ортада болады, әлеуметтік-психологиялық міндеттерді шешу қажеттілігі пайда болады. Осында шешімнің тиімділігі сотталғанның күнделікті өміріне, оның түзеу мекемесінің әкімшілігімен де, басқа сотталғандармен де қарым-қатынасына тікелей әсерін тигізеді.

Түзеу мекемелеріндегі алдын алу ықпалының объектілеріне, ең алдымен, қылмыс жасауға бейім сотталғандар жатады. Түзеу мекемелеріндегі қылмыскердің жеке басын зерттеп-білу оны тергеу изоляторына кіргізген кезден басталуы керек, оның әкімшілігі сотталғандарды жазасын өтеу орнына топтағанда онда олардың жеке бастарын сипаттайтын материалдарды жіберуге міндетті, осы негізде сотталғанның жеке басын зерттеп-білу жалғастырылуы керек. Сотталғандардың жеке бастарын зерттеп-білуде олардың жаңа қылмысты жасауын болдырмау мақсатында мыналарды анықтау маңызды:

жеке басты осындай етіп бейнелейтін және оның қылықтарына себепші болатын бағыттылығы, мүддесі, қажеттілігі, түсінігі және көзқарасы;

белгілі бір қоздырғыштар мен пайда болған жағдайларға реакциясын жекелендіретін мінез-құлық белгілері;

білімінің мөлшері және кеңдігі, интеллектуалдық дамуының дәрежесі.

Түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың жеке басының ерекшеліктерін оларды мекеменің ішінде бөліп таратқанда және өндіріс учаскесіне жібергенде де, алдын алу ықпалының шараларын қолданғанда да зерттеп-білу қажет.

Сотталғандардың арасында қыспақталған негізгі көпшілікті қорғау жөніндегі шараларды жүргізуде қарама-қарсы мәртебені қылмыстық субъективті мәдениетте нысанды емес топтардың арасындағы әрі оның ішіндегі шиеленістерді қақпайлау үшін ие болған осы топ мүшелерінің көпшілік алдында талқылауы жағдайынан қашқан орынды.

**Семинар – 1 сағат**

### **Сұрақтары:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың криминологиялық сипаттамасы.

2. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылығының себептері мен шарттары.

3. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың алдын алудың ерекшеліктері мен негізгі бағыттары.

Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек.

**Тапсырма:** Бас бостандығынан айыру орындарында жеке профилактиканың рөлі мен мәнін атаңыздар.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырманы орындау барысында келесідей мән-жайларға назар аудару керек: Соңғы жылдардағы бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылыққа қарсы бағытталған іс-шараларды зерделеу.

#### **КООЖ – 1 сағат**

**Тапсырма:** Келесідей сұрақтардың мәнін ашыңыз: Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылыққа әлеуметтік-құқықтық баға. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылығының негізгі көрсеткіштері. Аталған топтағы қылмыстың түрін статистикалық есепке алу ерекшелігі. Қылмыс ретінде тіркелмеген күш қолдану қылмыстары және күш көрсету қылықтары. Түзеу мекемелеріндегі күштеудің ерекшеліктері.

**КООЖ өткізу нысаны (түрі):** аудиториялық сабақ топтық және жеке түрде өткізіледі.

#### **Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным:**

Тапсырмалар курсанттарға қажетті білім, еп-дағдыларды қалыптастыру мақсатында бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылыққа әлеуметтік-құқықтық баға берілу қажет.

#### **КӨЖ – 3 сағат**

**Тапсырма:** Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың себептері мен шарттарын сараптау, оны ескерту шараларын ұйымдастыру қабілеттерін шыңдау, осы тақырып бойынша олардың теориялық білімдерін нықтау және тереңдету, тәжірибелік біліктерін жетілдіру.

Алтайбаев С.Қ., Жанхан Н. Криминология пәні бойынша практикум. Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2015. Есептерді шешу және талқылау.

#### **Өзіндік бақылау материалдары:**

1. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылыққа әлеуметтік-құқықтық баға беріңіздер.

2. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыс жасауға жол беретін криминогендік жағдайлардың ерекшеліктері мен негізгі себептерін атаңыздар.

3. Бас бостандығынан айыру орындарында жеке профилактиканың рөлі мен мәнін атаңыздар.

4. Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңын зерделеп, ПО қызметі үшін мәнін ашыңыздар.

#### **ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

**Нормативтік-құқықтық актілер:** 1,2,3,4,5,10,12,15,16,17,18 нормативтік-құқықтық актілерді қараңыз.

**Негізгі әдебиеттер:** 4,5,6,8,12,14,15,17,18,19,20,21 әдебиеттерді қараңыз.

**Қосымша әдебиеттер:** 1,3,5,11,13,18,21,22,23,24,25,26-29 әдебиеттерді қараңыз.

### **2.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным**

Қазақстан Республикасы азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін мүлтіксіз сақтауын, қоғамның саяси жүйесінің дұрыс қызмет етуін және мемлекеттілік дамуының қажетті шарты ретінде қарастырады. Сондықтан түрлі құқық бұзушылықтармен, әсіресе қылмыстармен күресу қажет. Осы міндеттерді шешуде криминологиялық ғылым зор орын алады. Ол қылмыстылықты әлеуметтік-жаппай құбылыстар ретінде, оның себептерін, қылмыскер тұлғасын зерделейді және соның негізінде қылмыстылықтың алдын алу бойынша түрлі бағыттарды ұсынады.

Криминология өз мазмұны бойынша әлеуметтік-құқықтық ғылым болып, ал заты бойынша заңдық оқу пәні болып табылады. Сондықтан криминологияны оқыту құқық қорғау органдары үшін мамандарды даярлау процесінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында криминологияны оқытудың мақсаты - курсанттарға криминология пәнінен теориялық және тәжірибелік проблемаларды білу, қылмыстылықтың пайда болуы, қызметі және оны тоқтату заңдылығы туралы білім жүйесін қалыптастыру.

Аталған мақсаттан шыға отырып, курстың негізі міндетіне курсанттарға қоғамдағы теріс құбылыстың, яғни басқа әлеуметтік құбылыстармен байланысқан, өзінің пайда болу және дамуының заңдылықтары бар, сондай-ақ онымен күресудің ерекше және көп қырлы түрлерін талап ететін қылмыстың даму проблемалары мен ерекше заңдарын білуді игерту.

Курстың басы бағыттары, біріншіден, курсанттарға қылмыстылықты және реттеуші қоғамдық қатынастарды бұзатын және қоғамның кейбір мүшелерінің заңмен белгіленген нормалардан ауытқитын әлеуметтік құбылыс ретінде түсінуді; қылмыс құрбандарының проблемалары; қылмыстылықтың алдын алудың негізгі бағыттары мен мәні туралы түсіндіру. Екіншіден, білім алушыларды еліміздегі негізгі криминологиялық проблемалары және оны шешу қағидалары, басты криминологиялық ұғымдар мен терминдер; қылмыс жасау себептері мен жағдайларын анықтау әдістері,

сондай-ақ жеке объектілері мен әкімшілік-аймақтық бірліктер көлеміндегі қылмыстар туралы, қылмыс жасайтын адамдардың ерекшеліктері; қылмыстылыққа қарсы тұрудың жазалау және алдын алу құралдарының арақатынасы туралы білім беру. Үшіншіден, белгілі бір аймақта немесе объектіде криминологиялық жағдайды бағалау; қылмыстылықты болжау, сонымен бірге оқытылатын пәннің қылмыстылықпен күресудегі теориялық жетістіктерін тәжірибеде қолдану.

Криминология курсының маңызды аспектісі ретінде пәнаралық байланысты, яғни жалпы теориялық, әсіресе басқа қылмыстық құқықтық циклінің заң және арнайы пәндерімен - қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық-атқару құқығы, криминалистика, жедел іздестіру қызметі пәндерімен байланысын белсенді дамыту. Ол қылмыстылық туралы жалпы теориялық ғылым ретінде ерекше орын ала отырып, ол әлеуметтік мазмұнды терең түсіне білуге жол береді. Криминология курсы зерттеулерді курсанттардың экономика, әлеуметтік психология, статистика, саясаттану, педагогика бойынша белгілі бір білім алуымен, сондай-ақ қылмыстылыққа қарсы әрекет жасауға бағытталған мемлекеттік органдардың арнайы нормативтік актілерді білумен байланысты.

Криминология пәні оқытуда академияның ерекшелігін есепке ала отырып, дәріс курсы егжей-тегжей ойластырып, семинар және практикалық сабақтарды өткізудің тиімді түрлерін қолданады: дөңгелек үстелдер, оқу тренингтерін, топ жаттығулары, іскерлік ойындар.

Курсанттардың өзіндік жұмысы жеке ерекшеліктерін және пайдаланған нысандар мен әдістерді қолдана отырып құрылады: бақылау жұмыстары, құқық қорғау органдарының қызметін қорыту.

Криминология курсының мазмұны осы бағдарламамен белгіленеді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясы ережесінің, қолданыстағы ұлттық заңнама, ҚР халықаралық келісімдер, сондай-ақ елдегі және шет елдеріндегі қазіргі криминогендік жағдайды есепке ала отырып, отандық және шетелдердің ғалым-криминологтарының ғылыми зерттеулер нәтижелері негізінде әзірленді.

## **2.11. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным**

Сабақты (дәріс, семинар немесе КОӨЖ сабақтарын) босатқан және оны белгіленген тәртіпте өтемеген курсанттар тізімде көрсетілген тақырыптардың біреуіне реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теориялық сұрақтар қарастырылып және ашылуы тиіс, көлемі қолжазба мәтіннің 10 беттен аспауы тиіс. Әрбір сұрақтың соңында қорытынды болуы тиіс, тәжірибелік мәні мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі тиіс. Жұмыс өзіндік дайындық уақытында орындалады. Рефератпен шығып сөйлеу семинар және КОӨЖ сабағында бағалау арқылы жүргізіледі.

Реферат жазуға дайындалу барысында қолда бар нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тақырып бойынша ұсынылған оқулықтар, монографиялар және оқу құралдарын қолдану қажет.

**Тәжірибелік сабақтар**, әдетте, үш оқу блогынан тұрады (жағдаяттық тапсырмаларды шешу немесе мұрағаттық сот үкімдерін зерттеу + нақты және негізделген алдын алу шараларын талдау + талқылауға арналған нұсқалар құру). Курсанттарға жағдаяттық тапсырмаларды шешудің мынадай әдістемелері ұсынылады:

1) Ең алдымен, бастапқы мәліметтер мазмұны мұқият зерттеліп, жағдаяттық тапсырмаларда **берілген** сұрақтарға жауап берілуі керек: курсанттардың тәжірибелік оқыту барысында сапалы ретінде қылмыстық-атқару заңнамаларын тиімді қолдана білу және тәжірибесін арттыруға кафедра аралық кешенді жаттығуларды қылмыстық жазаны атқарушы органдар мен мекемелердің қызметкерлерін қатыстыра отырып өткізу ұйымдастырылады.

2) Бастапқы мәліметтерге талдау жасау нәтижесінде курсанттар келесі сұраққа жауап беруі керек – шешіліп жатқан тапсырманың **талабы** қандай (қандай жазаның түрі тағайындалды, қылмыстық-атқару құқығының норманың қандай бөлімін қолдану керек, жаза өтеуде мекемені белгілеу негіздемесі, осы тапсырма мақсатына жетуді жүзеге асыруға қол жеткізетін қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазалаудан босату жағдайы).

3) Тапсырманы шешудің келесі қадамына оны шешу жолдарын **табу** болып табылады. Бұл үшін курсанттарға нормативтік материалдарға жүгіну керек (Қарастырылып отырған сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары, заңдық күші бар нормативтік актілер, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының, Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрінің бұйрығы және т.б.). Алдын алу шараларын қолдану және ұйымдастыру барысында оның тиімділік мәселесіне назар аударудың маңыздылығын атап өткен дұрыс.

4) Белгілі бір **шешімге** келе отырып, курсанттар бұл шешімнің біреуге дұрыс сияқты көрінсе, ол қате шешім екендігін есте сақтауы керек. Сондықтан осы тапсырманы шешудің өзге де жолдарын табу керек.

5) Қабылданған шешімді **негіздеу** керек, жасалған қорытындыны түсіндіру керек, қылмыстық заңның белгілі бір ережелеріне сүйеніп, қажет болған жағдайда – заңдық күші бар актілер немесе өзге де заңдық актілердің нормаларына сүйену керек.

6) Тапсырмада шешім бір жақты шешілмейтін ережелер кездескен жағдайларда, курсанттар жағдаятты тапсырмаларды шешудің барлық мүмкін **нұсқаларын** қарастырып, негіздеу керек.

Жағдаяттық тапсырмаларды шешу курсанттардың өзіндік дайындық сағаттарында жазбаша түрде арнайы дәптерлерде жасалады. Сабақтарда оқытушының көрсетуі бойынша дайын шешімі бар баяндама мынадай кесте бойынша даярланады: тағайындалған жазаның заңды тұрғыдан қысқаша мазмұны, әрекетті негіздеп саралаудың талдауы: шешілуі тиіс сұрақ

(проблеманың мәні), жағдаяттық тапсырма сұрақтарына жан-жақты дәлелді жауап берілуі тиіс.

## 2.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары Жабық үлгідегі (түрдегі) 30 тест тапсырмалары

### 1.Криминология ғылымының міндеті неден құралады?

- қылмыстылық туралы толық білім алу;
- қылмыстылық себептері мен шарттары туралы толық білім алу;
- әскери қылмыскердің жеке басы туралы толық білім алу;
- ескертудің шаралары туралы толық білім алу;
- ғылыми-тәжірибелік ақпараттарды жалпылау.

### 2.Криминология мақсаты не болып табылады:

- қылмыспен күресудегі барлық тәсілдер мен әдістердің әсерлі зерттеуі және қылмысты ескертуге бағытталған әдіс пен шараның талдау жүрісі;
- қылмыстық ескертуге бағытталған қылмыстық-құқықтық әдістер мен шаралар жүйесінің талдануы;
- қылмыстық ескертуге бағытталған әдістер мен шаралар жүйесінің талдануы;
- қылмысқа қарсы күрес құралдары мен әдістерінің зерттелуі.

### 3.Тарихта бірінші «криминология» терминін қолданған:

- Ломброза мен Маркс
- Тард пен Конт;
- Энгельс пен Мангейм;
- Топинард пен Гарофало;
- Кетле мен Декарт.

### 4.Жасырын қылмыстардың жіктелуі:

- жасырындылығының дәрежесі ашық қылмыстар;

- жасырындылығының дәрежесі жоғары қылмыстар;
- жасырындылығының дәрежесі орташа қылмыстар;
- жасырындылығының дәрежесі бірқалыпты қылмыстар;
- жасырындылығының дәрежесі жабық қылмыстар.

### 5.Жасырын қылмыстардың себептері:

- қылмыскердің құрбанмен туысқандық қатынас болуы;
- «қажеті жоқ деп тану, хабарламау» мәселесі;
- құқық қорғау органдарымен істес болғысы келмеуі;
- құқық қорғау органдарына сенімсіздік;
- хабарлауға байланыстың болмауы.

### 6.Қылмыстылықтың шарты дегеніміз не?

- қылмыстылықты туындататын, тікелей себеп болатын жағдайлар;
- өзінің тарапынан қылмыстылыққа әсер етпейтін құбылыстар мен процесстер;
- өзінің белсенді әрекеттерімен қылмыстылықты болдыратын әрекеттер;
- жеке тұлғаның ерекшелігі, нақты өмірлік жағдайлар;
- қылмыстылықты таңдап алу салдары.

### 7.Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымына не кіреді?

- әлеуметтік-демографиялық;
- есі дұрыстық, кінәлілік, жас ерекшелігі;



- қылмыстық-құқықтық белгілері;
- адамгершілік сипаты;
- психологиялық ерекшелігі, әлеуметтік рөлі және мәртебесі.

**8.Кінәліге әсер ету сипаты бойынша криминологиялық жағдайлардың түрлерін атаңыздар:**

- экстремалдық;
- азғырушы немесе арандатушы;
- қолдаушы;
- жеке, аралас;
- виктимологиялық, созылмалы.

**9.Қылмыскердің ниетіне қарай келесі типтерге бөлінеді:**

- беделдік;
- пайдакүнемдік;
- күш қолданушылық;
- қорқытушылық;
- тәртіп қорғаушылық.

**10.Қоғамдық қауіптілік дәрежесімен қылмыскерлердің типін ерекшелеңіздер:**

- кездейсоқ, өзімшілдік, жыныстық, негативтік;
- аса қауіптілер, әлуметке жат, тұрақсыз, жағдайлық;
- жеңіл ойлы, мүлікке құмарлық, менсінбеушілік, мәртебелі;
- әлуметке жат, тұрақсыз, мәртебелі, өзімшілдік;
- пайдақор, мәртебелі, зорлық көрсету, жыныстық.

**11.Қылмыскер мен құрбан арасындағы қарым-қатынастар:**

- екі ұшты;
- белгілі;
- кездейсоқ;
- бауырлас;
- достық.

**12.Қылмыстылықты туындататын, болуын қолдайтын, оның өсуі мен төмендеуіне әсер ететін қоғамдық өмірдегі құбылыс:**

- қылмыстылық себептері;
- қиын өмір жағдайы;
- жан-жал кезеңдері;
- қылмыс жасау шарты;
- қылмыс жасау жағдайы.

**13.Отбасында жеке адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына әсер ететін жағдайлар:**

- субъективтік жағдайлар;
- объективтік жағдайлар;
- білім алудың жағдайы;
- отбасы мүшелерінің көптігі;
- достарының әсер етуі.

**14.Құрбандардың типтері:**

- жалғасқан құрбан;
- бейтарап құрбан;
- бақталас құрбан;
- арандатушы құрбан;
- қатысушы құрбан.

**15.Қылмыстылықты ескертудің объективті сипатына қарай түрлері:**

- ерте алдын алу;
- тікелей алдын алу;
- жалпы алдын алу;
- жеке алдын алу;
- рецедивтің алдын алу.

**16.Құқық бұзушылық профилактикасын үйлестіру қызметінің нысандары танылады:**

- ақпаратпен алмасу;
- мақсаттарды белгілеу;
- бірлескен жедел-профилактикалық іс-шараларды өткізу;
- жиналыстар өткізу;
- ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу.

**17.«Алдын алу» термині келесі шараларда қолданылады:**

- жаппай тәртіпсіздікті тоқтату;
- адамдардың әл-ауқатын жақсарту;
- мәдениеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу, оны жетілдіру;

-қылмыстылыққа әсер ететін, онымен күресуді үйлестіру;  
-саясатты қайта жаңғырту.

### **18.«Болдырмау» термині келесі шараларда қолданылады:**

-ойластырылып жатқан қылмысқа бөгет жасау;  
-болып кеткен қылмысқа бөгет жасау;  
-дайындалып жатқан қылмысқа бөгет жасау;  
-жасырын қылмыстылыққа бөгет жасау;  
-қылмыстың дайындық сатысында бөгет жасау.

### **19.Криминологиялық жоспарлаудың арнайы әдістерін атаңыз:**

-модульдеу;  
-сауалнама жүргізу, индукция, дедукция;  
-салыстырмалы талдау, эксперимент;  
-экстраполяция;  
-анализ.

### **20.Криминологиялық зерттеудің жіктелуі болып саналады:**

-мақсаттық бағытына қарай;  
-танымдық түріне қарай;  
-тарихи дамуына қарай;  
-алынған қорытындының деңгейіне қарай;  
-зерттеу объектісін қамту қағидасына қарай.

### **21.Криминологиялық зерттеу әдістерінің түрлері:**

-алғашқы криминологиялық ақпараттарды жинау;  
-ақпаратты жинау және сараптау;  
-қорытынды талдау;  
-сырт мемлекеттерге сұрау салу;  
-халықтың білім деңгейін тексеру.

### **22.Криминалдық кәсіптілік – бұл қылмыспен шұғылданудың түрі, олар:**

-субъекті үшін өмір сүрудің көзі болып табылады;

-қылмыстық білімнің уақытша түрін анықтайды;

-қылмыстық білімнің тұрақты түрін анықтауда қажетті біліктілік пен тәжірибені талап етеді;

-арнайы жаргондарды білуді талап етеді;

-криминалдық кәсібилікті анықтайды.

### **23.Кәсіби қылмыскерге тән қасиеттер:**

-белгілі бір білім мен дағдылардың болуы;

-негізгі табыс көзі болып табылады;

-қылмыстық топтармен байланысы және қылмыстың бір түрін таңдап алуы;

- қосымша табыс көзі болып табылады;

-қылмысты жария етуі.

### **24.Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептері:**

-отбасындағы тәрбие жұмысының жетіспеуі;

-баланың қалыптасуы кезеңіндегі кемшіліктер;

-отбасындағы қолайсыз ахуал;

-азаматтық қалыптасуының кешігуі,

-мектеп тәрбиесінің кемшілігі.

### **25.Әйелдер қылмыстылығына әсер ететін жағдайлар танылады:**

-уақытында тұрмыс құрмауы;

-сәндік киім үлгілері;

-отбасылық-тұрмыстық жағдай;

-қоғамдағы әйелдердің әлеуметтік рөлі;

-биологиялық және психологиялық ерекшеліктері.

### **26.Күш қолдану және бұзақылық қылмыстылығын жасау кезіндегі жоғары виктимділік сипаты**

**келесі тұрғындардың арасынан көрінеді:**

- кәсіпкерлер;
- жақын туыстары;
- бірге тұратындар;
- саясаткерлер;
- құқық қорғау органдары қызметкерлері.

**27.Күш қолдану қылмыстылығы мен бұзақылықтың жіктелуін анықтаңыз:**

- достық сезімде;
- кездейсоқ;
- пайдакүнемдікпен ұласқан;
- теріс бағыт ұстанған;
- қаскүнемдік.

**28.Діни экстремизмнің негізгі мақсаты:**

- өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату;
- өз дінінің басқа діни конфессияларға басым екенін дүстүрлі түрде халыққа еркін насихаттау;
- халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекет құру;
- діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестік құру;

-діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган құруды насихаттау.

**29.Терроризм актісі орын алған қылмыстылықтың әлеуметтік салдары дегеніміз не?**

- қылмыстылықпен келген нақты шығындар;
- қоғамға қауіпті әрекеттің қылмыстық құқықтық салдары;
- нақты аймақтағы қылмыстылықтың сандық көрсеткіші;
- +қоғамдық шығындар;
- аймақтық-әкімшіліктік бөліну бойынша қылмыстылықтың географиясы.

**30.Бас бостандығынан айыру органдарында қылмыстылықты туындататын себептер:**

- абыройын ұстау және сотталғандардың арасындағы беделдікке ие болу;
- қылмыстық субмәдениеттің қабылдануы және қадағалануы;
- тәрбиелік жұмыстарды жүргізе алмауы және формальдығы;
- түзеу мекемелерінің материалдық-техникалық базаларының әлсіздігі;
- топтар арасындағы жоғары шиеленістер.

### **Курсанттардың білімдерін бағалау өлшемдері**

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан курсант ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған курсанттарға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе КОӨЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып

бойынша жазбаша түрде (реферат, баяндама, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

КӨЖ, офистік сағаттар мен КООЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған курсанттар емтиханға жіберілмейді.

**Дәріс сабақтары бойынша:**

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

**Семинар, КООЖ бойынша:**

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

**КӨЖ орындауы:** 1 тапсырма – 0,5 ұпай

**Межелік бақылау** (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Курсант егер межелік бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Межелік бақылаудан аттестацияланбаған курсанттар қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

**Емтиханға жіберілу** (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, курсант пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

**МҰ** – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

**Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.**

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

Пән бойынша ұпайлар	Әріптік жүйе бойынша қойылатын бағалар	Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар
95-100	A	Өте жақсы
90-94	A-	
85-89	B+	
80-84	B	Жақсы
75-79	B-	
70-74	C+	
65-69	C	Қанағаттанарлық
60-64	C-	
55-59	D+	

50-54	D	
0-49	F	Қанағаттанарлықсыз

«А», «А-» («үздік»)- егер курсант барлық бағдарлама материал терең және нақты игерсе, оны толық, жүйелі, сауатты және ой тізбегін бұзбай баяндаса, тапсырмалардың түрін өзгерткенде жауап беруге қиналмаса, қойылған міндеттерді еркін орындаса, монографиялық материалдың білімін көрсетсе, қабылданатын шешімдерді дұрыс негіздесе, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың түрлі тәсілдері мен дағдыларын білсе, материалды өз бетімен қатесіз жалпылау мен баяндай алуды байқатса;

«В», «В», «В-» («жақсы»)- егер білім алушы бағдарлама материалын анық білсе, оны сауатты да негізден баяндаса, сұраққа жауап беруде елеулі қателіктер жібермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана алса, сонымен қатар тәжірибелік міндеттерді орындауға қажетті дағдылары болса;

«С+», «С», «С-» («қанағаттанарлық»)- деген баға егер білім алушы негізгі материалды ғана игеріп, бірақ жекелеген тұстарын білмей қателіктер жіберсе;

«D+», «D» («қанағаттанарлықсыз»)- деген баға егер білім алушы бағдарлама материалын көп бөлігін 0-30%-ын білсе.

Егер білім алушы 30-40% елеулі қателіктер жіберсе.

Егер білім алушы бағдарлама материалының едәуір бөлігін білмесе, тәжірибелік 40-49%-ын қатты қиналып орындаса, қойылады.

А-дан А-ға, В-дан В+ -ке дейінгі, D-дан С+ -ке дейінгі бағалар аралығын таңдау білім алушылардың сәйкес келу дәрежелері жоғарыдағы критерийлермен анықталады.

#### Баға қою саясаты

Бірінші рейтингтік бақылау (I РБ), 1-7 аптаның қорытындысына сәйкес, 7 аптада өткізіледі. I МБ үлгерімінің көрсеткіші (%-да) КӨЖ орындауының ағымдық көрсеткішін, аудиториялық жұмысының үлгерімінің көрсеткіші және тест түріндегі бақылауын өзіне қосады. Екінші межелік бақылау (II МБ), 8-15 аптаның қорытындысына сәйкес, 15 аптада өткізіледі. II МБ үлгерімінің қорытынды көрсеткіші I МБ үйлесімділігіне қарай анықталады. Әрбір рейтингтік бақылаудағы үлгерімнің максималды көрсеткіші 30% тең.

Рейтингтік бақылау		
КӨЖ	а) Жеке тақырыптарды өз бетінше зерделеу	
	б) Есепті өз бетінше шығару	
<b>КӨЖ бойынша қорытынды</b>		10%
Курсанттың аудиториялық жұмысы	а) Теориялық материалдарды зерделеу	
	б) Есептер шығару	
	в) КӨЖ орындауы	
<b>КӨЖ бойынша қорытынды</b>		10%

Рейтингтік бақылау	а) Коллоквиум	5 %
	б) Тесттік жауап алу	5 %
<b>ҚР бойынша қорытынды</b>		10 %
<b>ҚР бойынша барлығы</b>		30 %

### 2.13. Криминология пәні бойынша емтихан сұрақтары

1. Криминологияның пәніне не кіреді?
2. Қылмыстылықтың элементтерін атаңдар
3. Қылмыстылықтың құрылымы нені білдіреді?
4. Қылмыстылықтың динамикасы нені көрсетеді?
5. Жасырын қылмыстылықтың түсінігі қандай?
6. Сыбайлас жемқорлықты пайдалана отырып, әлеуметтік бақылаудан қорғану жүйесін құратын, тұрақты және басқарылатын қылмыскерлер қауымдастығының жиынтығы аталады:
7. Қылмыстылық дегеніміз не?
8. Қылмыстылықтың әлеуметтік салдары дегеніміз не?
9. Қылмыстылықтың жай-күйіне түсінік беріңіз.
10. Қылмыстылықтың шарты дегеніміз не?
11. Қылмыстылықтың себептері дегеніміз не?
12. Қылмыстылықты болжау ұғымына не кіреді?
13. Криминологиялық жоспарлаудың арнайы әдістерін атаңыз
14. Қылмыскердің жеке тұлғасына криминологиялық түсінік беріңіз
15. Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымына не кіреді?
16. Қылмыскердің жеке тұлғасының қалыптасуына қандай факторлар басым болады?
17. Криминологиядағы қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеуде ерекшелігі қандай?
18. Әлеуметке қарсы бағыттылығының тұрақтылығына қарай қылмыскерлердің типтерін атаңыздар
19. Виктимология дегеніміз не?
20. Криминология ғылымының міндеті неден құралады?
21. Криминологияның қызметі қандай?
22. Қылмыстылықтың әдістемесін зерттеудің ұғымына не жатады?
23. Нақты бір қылмыстың жасаудағы психологиялық механизмінің негізгі элементтерін (тізбегін) көрсетіңіз
24. Қылмыс жасаудағы жағдай деп нені атаймыз?
25. Кінәліге әсер ету сипаты бойынша криминологиялық жағдайлардың түрлерін атаңыздар
26. Криминологиядағы қылмыстылықты зерттеудің міндеттері қандай?
27. Криминологиялық ақпараттар қандай негізгі талаптарға сай болуы тиіс?
28. Қылмыстылықтың қоғамға қауіптілігінің көрсеткіші болып табылады:
29. Қылмыс жасаудың механизмінің және құқық бұзушылықтың психологиясын зерттеудегі заңдық психология саласы қандай?

30. Қылмыстар туралы істерді тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктерді анықтауға қатысты шаралары берілген лауазымды тұлғаға жіберілген құжаттың түрі
31. Қылмыскер-мерзімдік әскери қызметкер жеке тұлғасы үшін тиісті белгілер
32. Қылмыс жасағаны үшін қандайда бір шараға сотпен жазалау дерегімен байланысты құқықтық жағдайы аталады
33. Криминологиядағы статистикалық байқау дегеніміз не?
34. Адамның конституциялық жағдайына қарай жеке қылмыстылық мінез-құлқына тәуелділігін дәлелдейтін қылмыстылықтың себептерінің тұжырымы
35. Адамның конституциялық жағдайына қарай кей адамдардың психологиялық ерекшелігіне қарай дәлелдейтін қылмыстылықтың себептерінің тұжырымы
36. Қылмысқа біріге әрекет етуге сендіру және дайындық сатысы қоғамға жат көзқарастың кешені
37. Қылмыстардың қайталануы деп не танылады?
38. Қайталап қылмыс жасау криминология ұғымында қалай аталады?
39. Пенитенциарлық қылмыстың қайталануы дегеніміз не?
40. Қылмыстылықтың қайталануы дегеніміз не?
41. Кәсіби қылмыстылық дегеніміз не?
42. Криминалдық кәсіптілік – бұл қылмыспен шұғылданудың бір түрі
43. Қылмыскерлердің көпшілігі татуировканың негізін қалай атайды?
44. Кәсіби қылмыстылықтағы себептіліктің ерекшелігі болып не табылады?
45. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы
46. Кәмелетке толмаған қылмыскерге тән психологиялық белгілер
47. Кәмелетке толмаған қылмыскердің ересек қылмыскерден ерекше белгілері
48. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының себептері
49. Ер адам қылмыстылығынан әйел адам қылмыстылығының ерекшелігі
50. Қазіргі кездегі әйелдер қылмыстылығының себептері мыналармен байланысты
51. Әйел адамдар қылмыстылығының алдын алуға қандай органдар мен ұйымдар қатысуы қажет?
52. Әйел адамдар қылмыстылығының мәселесі
53. Экономикалық қауіпсіздікті атаңыз
54. Экономикалық қылмыстылықтың түрлері
55. Экономикалық қылмыстылықтың негізгі себептері болып не табылады?
56. Экономикалық қылмыстылықты ескерту шараларының қатарына не жатады?
57. Күш қолдану қылмыстарын атаңыз
58. Күш қолдану қылмыстары мен бұзақылықтың туындау шарттары болып не табылады?
59. Күш қолдану және бұзақылық қылмыстарын жасау кезіндегі жоғары виктимділік сипаты келесі тұрғындардың арасынан не көрінеді?

60. Күш қолдану және бұзақылық қылмыстарын арнайы ескертуде келесілерді қарастыратын кең шаралар кешенін кім қарастырады?
61. Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз не?
62. Экологиялық қылмыстар қандай жасырындылық деңгеймен сипатталады?
63. Экологиялық қылмыстылықтың өсуі неден туындайды?
64. Экологиялық қылмыстармен күрестің тиімділігін арттырудың ерекше шараларының бірі болып не табылады?
65. Абайсыздағы қылмыстылық
66. Абайсызда жасалған қылмыстардың салдары болуы қандай?
67. Жол-көлік қылмыстары мен оқиғаларының негізгі себебі болып не табылады?
68. Қылмыстылықтың абайсыздығын қауіпсіздіктің қай түріне жатқызуға болады?
69. Бас бостандығынан айыру органдарында жасалған қылмыстарға не жатады?
70. Қылмыстардың қайсысы көбінесе бас бостандығынан айыру орындарында жасалады?
71. Бас бостандығынан айыру органдарында қылмыстылықты туындататын себептер
72. Сотталғандардың психикалық жағдайының ерекшеліктері
73. Қылмыстылықтың ішімдікпен байланысы
74. Маскүнемдіктің адамға тигізер зардаптары
75. Есірткімен күрес өзекті мәселелердің бірі ретінде
76. Есірткі кримогендігінің салдары
77. Криминологияда қылмыс детерминантының зерттелуі
78. Криминологияның Жалпы бөлімін оқыту негізі
79. Криминологиялық танудың ерекшеліктері
80. Криминология дегеніміз - анықтамасы
81. Криминология мақсаты не болып табылады?
82. Қылмыстылықтың түрлік белгілерін атаңыз
83. Криминология жүйесі қандай бөлімдерден тұрады?
84. Криминологияның міндеті неден тұрады?
85. Қылмыстылықтың сапалы көрсеткішін көрсетіңіз
86. Криминологияны зерттеудегі әдістемесінің негізін атаңыз
87. Қылмыстылықтың тектік белгілерін атаңыз
88. Қоғамға қауіптілік дәрежесін ескере отырып, қылмыстың құрылымын ашыңыз
89. Қылмыстылықтың коэффициенті болып түсіндіріледі
90. Қылмыстың құрылымы нені анықтайды?
91. Қылмыстылықтың сандық көрсеткішін атаңыз
92. Кінәлінің өкінуіне байланысты психикалық қатынасының құрылымдық элементін көрсетіңіз
93. Қылмыстың сипатының анықтамасы
94. Қандай факторлар қылмыстың динамикасына себеп не болады?



95. Латенттік қылмыстылық
96. Латенттік қылмыстар қандай топтарға бөлінеді?
97. Латенттік қылмыстардың төмендеу дәрежесін көрсетіңіз
98. Қылмыскердің жеке тұлғасы
99. Қылмыскердің жеке тұлғасының құрылымдық белгілерін атаңыз
100. Себеп өлшемдері бойынша қылмыскердің жеке тұлғасының типтері

#### **2.14.Құрастырған:**

**К.Е.Дюсенов** - қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, полиция майоры